

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ**

**ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ
ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДЕГІ
ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ РӨЛІ**

**АЛМАТЫ
2011**

ӘОЖ 29
ББК 86.3
Ә 41

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Философия және саясаттану институтының,
Қазақстан әлеуметтанушылар ассоциациясының
Ғылыми Кеңестері баспаға ұсынған

Редакциялық алқа:

З.К. Шаукенова (жауапты редактор),

А.Г. Косиченко, С.Е. Нұрмұратов,

Ғ.К. Құрманғалиева, Е.Ұ. Байдаров,

Н.В. Хамитов (жауапты шығарушы)

Ә 41 Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі: Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 151 б.

ISBN – 978-601-7082-54-3

Әдістемелік материалдар жинағына «Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі» тақырыбы бойынша таңдап алынған ғылыми-практикалық конференция баяндамалары, интервьюлер және жаңалық блоктары, фотуалар және дінбасыларымен кездесулердің қорытынды құжаттары енгізілген. Қосымшада Қазақстанда шектеу жасалынған ұйымдар мен әдебиеттердің тізімі келтірілген. Сонымен қатар, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңның мәтіні берілген (2011 ж.).

Бұл жинақ мемлекет қызметкерлеріне, ғылыми және сараптау қауымдастығына, студент жастарға және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен жалпы діни ахуалдың жағдайына қызығатындардың барлығына арналған.

ӘОЖ 29

ББК 86.3

ISBN – 978-601-7082-54-3

© Алматы қаласы, ішкі саясат басқармасы,
2011

© Қазақстан әлеуметтанушылар
ассоциациясы, 2011

© ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану
институты, 2011

КІРІСПЕ

«Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің ролі» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция. 2011 жылдың 21-желтоқсанында Алматы қаласында өтті.

Конференция Алматы қаласы ішкі саясат Басқармасының қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс ауқымында «Конфессияаралық келісім мен төзімділік сананы қалыптастыруды насихаттау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» жобасын орындауда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілді. Конференцияны ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз етуімен Қазақстан әлеуметтанушылар Ассоциациясы ұйымдастырды.

Конференцияда талқылауға ұсынылынған тақырып оның қазіргі кезеңдегі дамуында қазақстандық қоғам үшін барынша өзекті. Діни мағынадағы экстремизм мен терроризм (қазақ тіліндегі мағыналық баламасы – лаңкестік пен содырлық) ұлттық қауіпсіздікке қауіпті құбылыстар тізбесіндегі негізгі қатарларға шығады – осының өзі сарапшылар қауымдастығын аталған мәселеге ерекше назар аударуға мәжбүрлеп отыр. Конференция жұмысына жетекші дінтанушылар, саясаттанушылар, философтар, дәстүрлі конфессиялар көшбасшылары, ҰЕҰ (НПО) өкілдері қатысты. Конференция барысын қазақстандық БАҚ баяндап отырды.

Конференцияда ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының Е.Ұ. Байдаров, Е.Е. Бурова, В.Ю. Дунаев, А.Г. Косиченко, М.М. Нұрғалиева, Н.Л. Сейтахметова, М.З. Изотов сияқты қызметкерлері баяндамалар жасады, сонымен қатар ҚМДБ өкілдері мен Қазақстандағы РПЦ Митрополиялық аймағының өкілдері тартымды хабарламалар жасады. Одан кейінгі пікірсайысқа Институт ғалымдарымен қатар Алматы, Шымкент, Түркістан қалалары жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты. Пікірсайыс жалған діни риторикаға жүгінетін экстремизм мен терроризм сияқты құбылыстарды зерттеудің ең шиеленіскен аспектілерін анықтап және экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету үрдісіне тереңдетілген ғылыми-сараптамалық түсініктемелер берудің бірнеше бағыттарын көрсетті.

Конференцияда ғылыми-практикалық кепілдеме ретінде төмендегі ұсыныстар келтірілді:

1. Дәстүрлі конфессиялар көшбасшылары діни пиғылдағы терроризм идеологиясын әшкерелеп, беделін жоюға бар күшін салуы керек. ҚМДБ қабылдаған «Хизб-ут-Тахрирге» және салафиттерге қарсы бағытталған фәтуалар өзіндік болымды рөл атқарады, бірақ оның қасаң қағидалы деңгейдегі экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етуі күшейе түсуі қажет. Қоғамдық пікірде терроризмнің антиисламдық мәнін бекіте түсу керек, ал ол болса күнделікті тынымсыз еңбекті, соның ішінде БАҚ тарапынан белсенділікті қажет етеді.

2. Наразылық әлеуетінің интегративті сипаты оның құқыққа қарсы нысан көріністерін дінді жалған қабылдаулармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Исламистік идеология исламның (бейбітшіл және ізгілік дін ретінде) елімізде исламизмге қарсы қойылмай келгендігі салдарынан қазіргі кезеңде Қазақстанның саяси-әлеуметтік кеңістігінде орын алып отыр. Ислам бүгінгі таңда төмендегідей кесте түрінде бейнеленген үрдістерге тартылған: өзінің шынайы мәні бар ислам – исламның саясаттануы – исламизм – экстремизм – терроризм. Әрине, бұл кестені бұзу керек, экстремистер мен террористерді исламдық риторикаға жүгіну мүмкіндігінен айыру керек.

3. Дінтану саласындағы зерттеу әдіснамасын кеңейте түсу керек, оны саясаттану әдістерімен, терең философиямен, мәдениеттанумен, құдайылық іліммен, аксиологиямен байыта түсу керек. ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының дінтану бөлімінің одан арғы болашақ қызметтері Қазақстан Республикасының діни саласында жүріп жатқан күрделі үрдістерді жан-жақты талдаудың қажеттілігінен туындалуы тиісті екендігі ұсынылды.

4. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етуге тек дәстүрлі діндер ғана емес, сонымен қатар бірқатар жаңа діни қозғалыстар мен конфессиялардан тыс дүниетанымдық идеологиялар қабілетті. Осы әлеуетті де толық пайдалану керек.

5. Терроризмге қарсы кешенді әрекет етуде исламистік уағыздаушылардың ықпалының орталығында әлеуметтік қабат ретіндегі жастарға отансүйгіштік және адамгершілік тәрбие беруге ерекше назар аудару қажет. Осы ықпалдардан жастарды жетектеп «шығарудың» айрықша нысандарын табу керек.

6. 2011 жылының қазан айында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы азаматтардың діни сенімдер бойынша еркіндігін бекітеді және нақтылай түседі және ол мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы келеңсіз құбылыстармен тиімді күресуге мемлекетке мүмкіндік беретіндігі жайлы атап көрсетілді.

7. Дін қазіргі әлемде геосаясаттың әрекетті тетігіне айналып отыр. Қазіргі таңда көптеген күштер дінді өздерінің прагматистік мақсаттарын жүзеге асыруға пайдаланады. Наразылық қозғалыстарда дінге тарту әдістері қалыптасқан. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі бағдарламаларды жүзеге асыра отырып осының бәрін ескеру керек.

8. Исламистер өздерінің уағыздарында саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени, этносаралық салалардағы болатын қайшылықтарды пайдаланатын болғандықтан қоғамдық дамудың осы салаларындағы нақты мәселелерді шешу қажет. Олардың шешімін таппауы діни радикалдарға дәйектемелер жасауға негіз болады. Аймақтар үшін өзекті мәселелер шеңбері бұрыннан белгілі: жемқорлық, әлеуметтік әділеттіліктің жоқтығы, жастар арасындағы жұмыссыздық, «әдеуметтік сатылардың» жоқтығы, демократиялық институттардың әлсіз дамуы және т.б. Аталған мәселелердің шешімі діни мағынадағы экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің ең тиімді нысаны болып табылады.

Философия және саясаттану институтының директоры
З.К. Шаукенованың
ЛИТЕР-Неделя газетіне берген

ИНТЕРВЬЮ

ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ТОЙТАРЫС БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕУДЕ

ЛИТЕР-Неделя: Осыдан бірнеше жыл бұрын бізге ешқандай қауіп төндірмейді деп түсінілетін дін мәселесі соңғы уақытта неге ушығып кетті?

З.Ш.: Егер осыдан бес жыл бұрынғы біздің институтта жүргізілген зерттеулерге жүгінетін болсақ, онда оларда діни экстремизмнің жасырын қауіпі бар екені көрсетілген болатын. Оған себеп болатын нәрселер көп, олардың ішіндегі бастысы – Қазақстанның геосаяси жағдайы болып табылады. Біз Орталық Азияда болғандықтан осы аймақта болып жатқан үрдістерден тыс бола алмаймыз. Алдымен, ол исламның пәрменденуі және исламның басты дін ретінде танылған мемлекеттердің пайда болуы. Ал, енді зайырлы мемлекет ретіндегі Қазақстанда қайшылықтар болмауы мүмкін емес еді.

ЛИТЕР-Неделя: Бізге белгілі болғандай, күрделі мәселелерді зерделеу үшін енді арнайы дінтану институты ашылатын секілді.

З.Ш.: Әзірге дербес институт құрылмайды. Ондай институтты қалыптастыру үшін бұл мамандық бойынша нақты дайындығы бар ғалымдардан тұратын жақсы база керек. Өкінішке орай, Қазақстанда бұндай мамандық жақында ғана пайда болды. Жақында ғана дінтанушыларды даярлай бастадық. Бес жыл бұрын ғана бұл мамандық бойынша алғашқы мамандар шыға бастады. Әзірге арнайы институт ұйымдастыру себептері бойынша қалыптаса қоймады. Бірақ Философия және саясаттану институты (дегенмен дінтану осы ғылымдарға жақын) Философия, саясаттану және дінтану институты деп қайта құрылуы мүмкін. Мұнда мықты дінтану бөлімін қалыптастыру жоспарланып отыр.

ЛИТЕР-Неделя: Конференцияда ислам радикализмі қазақтың ішкі бірлігіне теріс әсер етеді деп айтылды, өйткені көбінесе радикалдар уағыздаған құндылықтар қазақ халқына жат. Осы қауіптенулер қандай шамада әділетті?

З.Ш.: Дегенмен, біздің мемлекетіміз бұл сын-қатерлерге уақытылы және тиісті жауап бере білді. Діни бірлестіктер жөніндегі жаңа заңның қажеттілігі туралы пікірсайыстар толғағы жеткен дүниелер болатын. Біз БАҚ-тағы, халық ішіндегі, конфессиялардағы талқылаулардан, мәжілістің, сенаттың қабылдануынан, президенттің қол қойылуынан кейін заңның жылдам қабылданғанына куә болдық. Бұл оның өте қажет және уақытылы екендігін білдіреді. Жобаның ең басты мәні – Қазақстан исламы – ханафиттік сипаттағы ислам. Осы ұстанымды заңды түрде тұғырландыру Қазақстанның исламдық жамағатын бекіте түседі, сонымен қатар дін істері бойынша агенттіктің осы бағытта белсенді жұмыс істеуіне, дұрыс насихат жүргізуіне және қазақтар үшін дәстүрлі емес құбылыстарды електен өткізуге мүмкіндіктер береді.

ЛИТЕР-Неделя: Конференцияда Қазақстан мұсылмандарының рухани діни басқармасының атына радикалдар тарапынан болатын сын-қатерлерге өте әлсіз жауап береді деген негізде көптеген сындар айтылды. Осы тұжырымдармен Сіз келісесіз бе?

З.Ш.: Менің пайымдауымша, ҚМДБ өте күрделі жағдайда қалды, өйткені тұрғындармен жұмыс істеу өте күрделі іс. ҚМДБ-да конфессияларға тән көптеген дәстүрлі қызметтер болды. Адам кашан имамға жүгінеді? Жақынын жерлеу кезінде, жаңа туған нәрестеге және жаңа үйленгендерге ақ бата аларда қажетсінеді. Бұл кәдуілгі сәттер. Ал, енді шынайы сенім – бұл жай ғана дәстүрлерден біршама кеңірек. Қазіргі кезеңде имамдарды даярлау үрдісі өте маңызды. ҚМДБ осыменен қазіргі таңда белсенді түрде айналысып жатқанын білемін. Бұл санадағы өте жақсы бетбұрыс. Мұсылман дінбасылары арасында Құранның сүрелерін жай ғана жаттап алып, арнайы діни білім алмағандардың қатары көп екендігін айтып кеткен жөн. Олар сыртқы қызметтермен айналысуы мүмкін. Ал бүгінгі таңда олардың алатын білімдеріне ерекше назар аударылууда.

Бір жағынан, сын әділетті түрде айтылды. Екінші жағынан, біз көптеген пайдалы жаңалықтарды көріп отырмыз, белсенділік арта түсуде. Жоғарғы мүфти ол туралы көп айтады, әсіресе, киім туралы, салттарды атқару жайлы.

ЛИТЕР-Неделя: Мұсылмандардың радикалдануын қалай тоқтатуға болады?

З.Ш.: Қазіргі уақытта дәстүрлі емес және радикалды діндер бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді қолданады: ғаламтор,

әлеуметтік байланыстар, блогтар – жалпы жастар негізінен белсенді келетін салаларды таңдайды. Әрине, бүгінде діни каналдарды, мұсылмандық сайттарды және т.б. қалыптастырудың көптеген нұсқалары келтірілді. Жастар бүгінгі таңда аға ұрпақпен салыстырғанда басқаша құралдарды пайдаланады. Атап айтқанда жастар «жана діндер» деп аталатындар мен секталардың ықпалдарына көбірек түседі.

ЛИТЕР-Неделя: Дәстүрлі емес діндермен күресу барысында ұждан бостандығына деген адам құқығын қалай бұзбауға болады?

3.Ш.: Бірінші ұстанымды конференцияда «әр нәрсені өз атымен атау керек» деп профессор Косиченко өте нақты білдірді. Терроризмді ауыр қылмысты істер қатарына жатқызу керек. Міндетті түрде. Адам басқаны өлтіретін болса, өртейтін болса, ұлтаралық және конфессияаралық араздыққа шақыратын болса, онда заңды бұзады. Ол өзін қандай түске бояса да және қандай діни немесе саяси киім киіп алса да білініп қалады. Ол заңды аттап кетті және ол қылмыскер болып саналады. Жаңа заң осы жайларды жіктемеуге мүмкіндіктер береді. Кез келген сенімді ұстануға көп мүмкіндіктер бар, тек ол физикалық, психикалық, әлеуметтік тұрғыда адамдардың денсаулығына зиянын тигізбесе болды. Отбасының ыдырауы туралы көп айтылды. Бүгінгі таңда деструктивті діни ағымдардың өкілдері отбасыларға жиі ішкі ойын білдірді. Қарттар мен кедей адамдардың ең соңғы құрбандықтарының есебінен ұйымдастырылған қайырымдылық түріндегі түскі асты арқылы, жағымды және қолайлы имидж жасау әрекеттері мысал ретінде келтірілді. Осындай секталардың іс-әрекеттерінен зардап шеккендер жоғарыдай жағдайларды айтады.

Шын мәнінде бұл жерде мемлекет тарапынан да дінтанушылар тарапынан үлкен ағартушылық жұмыстар жүргізілуі керек. Қазіргі таңда Қазақстанда дінтану пәні бойынша бірнеше оқулықтар шығарылғаны белгілі, дегенмен олар да сынға ұшырауда. Оларда келтірілген тұжырымдармен кейбір ұйымдар келіспей отыр. Осы жағдайларға қарамастан осы немесе басқа ұйымдардың немен айналысатыны, олардың негізін қалаушылар кімдер, кім оларды насихаттайды және т.б. осындай қарапайым нәрселерді халықтың білуіне көмектесетін жөнсілтердің қалыптасу талабының өзі маңызды. Адамдар тиісті таңдау жасау үшін көбірек ақпарат алуы керек: сонда «сайентолог болу керек пе, «Иегова куәгері» болуы керек пе, Мунның сектасына бару керек пе?» деген сауалдарға

ұтымды жауап табады. Қиын жағдайларға түспеуі үшін барлық ұйымдар жөнінде көбірек ақпарат алу керек.

ЛИТЕР-Неделя: Көп адамдарда дәстүрлі емес діндермен күрестің астарында дәстүрлі діндерге сенушілердің қатарын көбейту үшін күрес жатыр ма деген шүбәлану бар.

З.Ш.: Иә. Белгілі протестанттық уағыздаушы Максим Максимов туралы кейбіреулер «оның орны түрмеде» десе, басқалар оны экстремизмге қарсы күреске тартуға болады дейді. Әрине, адамдарға дәстүрлі ортада өмір сүрген үйреншікті болып келеді. Бұл жерде өзінің дінге сенушілері дәстүрлі ауқымда қалуына байланысты конфессиялардың жетекшілері үлкен жауапкершілікті көтеруі керек екенін атап өтуге болады. Басқа жағынан алғанда, қазіргі кезеңде өзгеше уақытта өмір сүріп жатқанымызды түсінуіміз керек. «Бір халық – бір сенім» деген тұжырымдама, яғни егер сен қазақ болып туылсаң, онда мұсылмансың, немесе орыс болып туылсаң, онда христиансың деген түсінік қатаң түрде жұмыс істемейді. Қазіргі таңда әлем көптүрлілігіне байланысты адамда таңдау мүмкіндігі бар. Бұл жерде, менің пайымдауымша, өзара қарама-қарсы қоюшылық болмауы тиіс. Әлем әралуан және діндер өмір сүруге құқылы. Дегенмен, дәстүрлі діндердің пайдасы неде – олардың көп ғасырлық даму тарихы бар. Сонымен қатар дәстүрлі діндер бүгін икемдірек жұмыс істеуі керек. Профессор Косиченко айтқандай, бүгінгі таңда мемлекеттің, биліктің және жан дүниенің тілегін дұғамен тілеу керек.

Діндермен күресу – тығырыққа тірейтін жол. Біз «күрес» деген сөзді қолдамаймыз. Тіптен, бүгінгі конференцияның атауының өзінде – «қарсы әрекет ету» деген ұғым қолданылады. Маған «сақтандыру» деген ұғым жақынырақ. Артынан қымбат дәрілермен емдегеннен гөрі, ауруды асқындырып алмаған жөн. Кейде ауру асқынып кетуі де мүмкін, одан кейін оны емдеу де қиынға соғады. Бірақ, дегенмен біздің дәстүрлер, біздің тамырларымыз дәстүрлі емес діндердің гүлденіп кетуіне жол бермейді деген ойдамын.

Әңгімелескен Константин Козлов

www.liter.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=8355&Itemid=2

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Мухаммад-Хусайн қажы Алсабеков

Жоғарғы мүфтидің орынбасары, Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасы төрағасы, Шейх-уль-Ислам Наиб-Мүфтиі, ф.ғ.д

ӨЗІҢ ӨЗГЕРМЕЙТІН БОЛСАҢ ӘЛЕМДЕ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Аса қайырымды және мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын!

Әлемнің жаратушысы Аллаһтың даңқы арта берсін!

Аллаһтың мейірімі түсе берсін және Мұхамед пайғамбарға және оның отбасына, оның серіктестеріне және өзінің ізгі істерімен оның артынан ерген ізбасарларына сәлем жолдайды!

Қазіргі заманның негізгі мәселелері: нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, жемқорлық, жұқпалы аурулар әдетте қолайсыз әлеуметтік және экологиялық жағдайларға байланысты және ондаған басқа сыртқы себептерден туындайды деп есептелінеді. **Шын мәнінде, қолайсыздықтың басты себебі адамның өзінде болып отыр, өйткені әлемді өзгерту үшін алдымен біз өзіміз өзгеруіміз керек.** Қоршаған ортаны өзгертуден гөрі өзімізді өзгерту әлде қайда қиынырақ. Біз өзіміздің ойлауымызды, дүниетанымымызды және руханилығымызды түбегейлі өзгерту үшін бүгінгі таңда ұтымды тетіктерді, құралдарды және жүйелерді иемденбей отырмыз. Қазіргі заманның ғалымдары адамның өзінің ойлауының өнімі болып табылатын адамзаттың жинақтаған білімдерін қайта қарауға шақырады, ал, дегенмен, негізгі күштерді Құдайлық аянмен берілген Қасиетті Құранға негізделген тұлғаның өзіндік рухани дамуына бағыттау қажет.

Әлемді өзгертіп және оған ықпал ету үшін алдымен адам өзін түсінуі керек. Адам өзін түсінуі үшін білім керек, ал адамның өзі туралы және барлық Ғалам туралы шынайы білімдер Қасиетті Құранда жинақталған. **«Біз саған адамдар үшін ақиқатқа толы ілім жібердік. Кім тура жолмен жүретін болса – өзі үшін керек, кім адасатын болса – өзіне зиянын тигізеді»** (39 сүре, 41аят). Ғалам мен адам туралы жазылған кітап ретінде Құранда абсолютті түрде барлығы көрсетілген (6 сүре, 59 аят) және онда ғаламдағы барлық нәрселердің мәні осы Аян кітабында қордаланған. «Құранда

барлығы туралы ақпарат берілген және онда барлығы жазылған, бірақ оны түсіну үшін біздің білімдеріміз жеткіліксіз», – деген ибн Масъуд, ал ибн Аббас «тіптен, мен егер түйемнің жүгенін жоғалтатын болсам да мен оны Құраннан таба аламын», – дейді. Өз кезегінде, Суюти Құранға барлық білімдер мен ғылымдардың енгені туралы атап өтеді (әл-Итқан).

Құран соңғы Пайғамбарға жіберілгендіктен оның келуімен Жаратқанға деген сенім өзінің кемеліне жетті және сондықтан Құранның өзі Ғаламның Кітабы болып табылады, ол барлық уақыттар мен кеңістіктерге қатынасы бар. Әрбір адамға – өзіне түсіндірме берушіге және заңгерге, социологқа және психологқа, сопыға және философқа, физикке және химикке – Құран уақытқа тәуелсіз және назар аударған кез келген адамның деңгейіне қарамастан ғибрат беруге қабілетті. Бұл Кітаптан өзін іздеген адам ерте ме, кеш пе, тек содан ғана өзін таба алатындығын түсінеді. Ал, егер ол оны тек тілімен ғана емес, жүрегімен де оқи алатын болса, онда ол одан өзінің өткенін және болашағын, өмірінің барлық бұрылыстарын, жарқын және көмескі тұстарын және ауруларының себебін табады және өзінің жеке дәріханасында барлық аурулардан айықтыратын дәрі-дәрмектерді табады. Құранда не жоқ дерсің! Денені тәрбиелеу, рух пен жүректің тазалығы, өз ұжданыңның алдындағы сотқа жауап бере білу, отбасын басқару, балаларды тәрбиелеу, қоғамдық қатынастар, әдеп ережесін сақтау, адамгершілік мәселелері, құқық, экономика, ғаламның заңдары, ғылымдардың негіздері, барлық мәдениеттердің жетістіктерінің түпнегізі және басқа көптеген дүниелер.

Саналы және шынайы мұсылман Жаратқан Аллаһтың алдында өзін қоршаған орта үшін ұлы жауапкершілікте екенін түсінеді. Сонымен қатар ол өзінің өмірінде мойнына алатын жауапкершілік туралы парасатты елшісінің дауысын естиді (оған Аллаһтың өзінің мейірімі төгілсін): **«Сіздердің әрқайсыңыз бақташы болып табыласыздар және әрқайсыңыз өз қарамағындағыларыңыз үшін жауапкершіліктесіздер. Имам бақташы болып табылады және ол өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілікте, еркек өз отбасы үшін бақташы болып табылады және өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілікте, әйел өзінің жұбайының отбасында бақташы болып табылады және өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілікте, малай өзінің кожайынының меншігі үшін бақташы болып табылады**

және өзінің қарамағындағылары үшін жауапкершілікте және әрқайсыңыз бақташы болып табыласыздар және өздеріңіздің қарамағындағыларыңыз үшін жауапкершіліктесіздер» (әл-Бухари және Мүсілім).

Бізге өзімізді қоршаған табиғи ортаға байланыстылығымыздың деңгейін бағамдауымыз керек, адам Ғаламның бөлігі екендігін және онымен тығыз өзара байланыста екендігімізді зерделеуіміз керек. Біз Ғарыштың өмір сүретін және дамидың заңдарын танып білуіміз керек. Қасиетті Құранның қоршаған ортаның, тірі және тірі емес табиғаттың, төменгі және жоғарғы организмдердің бірлігі туралы сүрелері мен аяттарының мағынасын Ғалам – біртұтас тірі организм деген ғалымдардың зерттеулері де дәйектей түседі. Біз жан-жағымызға қарап айналамыздан қауіпті іздей бастаймыз, ал басты қауіп адамның ішінде және ол білдірмей әрекет етеді. Бұл қауіптің түптамыры – адамды іштей адамгершілік тұрғысынан білдірмей құлдырататын дұрыс емес ойларда, сөздерде және қимылдарда, олардың алғашқы себебі әлемді және ондағы өзіңнің рөліңді дұрыс түсінбеу болып табылады.

Біз үнемі күресетін табиғи жойқын апаттар мен әлеуметтік мәселелер – біздің рухани және адамгершілік құлдырауымыздың, оның жетілмеулерінің салдары, өйткені Ғаламның негігі заңдарының бірі – тіптен, ойлардың өзімен зұлымдық жасамау. **«Көптеген ойлардан сақтаныңыздар, себебі кейбір ойлар – күнә»** (49 сүре, 12 аят). Адамның кез келген әрекеті – жақсы болсын жаман болсын Ғаламның ақпараттық-қуаттық өрісінің бірлігі арқылы оған көп есе күшейген күйде қайтадан оралады. **«Сонда Жаратқан былай деген еді: «Егер маған мойынсұнатын және құдайдан қорқушы болсаңыздар, онда сіздердің тиісті сыбағаларыңды көбейтемін. Ал, егер маған мойынсұнбайтын болсаңыздар, онда алатын жазаларыңыз да көбейеді»** (14 сүре, 7 аят). Көлеңкемен, салдармен күреске бағытталған әрекеттер басты себепті, яғни біздің қоғамымызда болып жатқан рухани және адамгершілік ыдырауды жоймайды, өкінішке орай біздің осы барлық қиыншылықтарымызды осымен байланыстыратындар аз. **«Сізді қандай қырсық шалса да ол алдында өз қолыңызбенен істеген ісіңіздің қайырымы»** (42 сүре, 30 аят). Адамзаттың төмен қарай құлдыраған пәрменді қозғалысы моральдік құндылықтарды қоғам мен тұлғаның адамгершілік және рухани азғындауына дейін алып барады. Бүгінгі

қоғамды жайлап алған трагедиялар мен бақытсыздықтардың себебін жою үшін қазіргі әлемнің жалғыз үміті Пайғамбардың Құдайлық шабыты арқылы ашылған Құдайлық Ақиқатқа қайта оралу болып табылады (оған Аллаһтың өзінің мейірімі төгілсін). Тек сол арқылы ғана адам өзінің ойлауын және өмір салтын тазартуы мүмкін және шынайы адамилығына қайта жете алады.

Адам мен қоғамның үйлесімді және рухани дамуы үшін қандай жолдар бар? Қоғамның рухани-адамгершілік дамуы үшін Исламның рөлі қандай? Ал неге тек қана Ислам біздің құлдырауға ұшыраған өркениетімізді құтқаруы мүмкін тұтқа, немесе жүйе болып табылады? Өйткені, Ислам адам мен қоғамның үйлесімділігі мен жетілуін қолдайды. Қасиетті Құранда кемелдену мен үйлесімділікке жетуге көмектесетін рухани құндылықтарды дәріптеу өн бойында айтылады. Мысалы, «Кедергілер» деп аталатын сүреде былай айтылады: **«Өз ата-аналарыңды құрметтендер, жетімдерді жебеп жүріңіздер»** (198 аят). **Басқаларға тиістілерін беріңіздер. Дұрыс таразылармен таразылап, өлшеп жатқанда адал болыңыздар** (83 аят). **Неке бұзушылыққа жақындамаңыздар және жер бетінде тәкаппар болып жүрмеңіздер»** (25 аят). Осы ойлар «Лұқпан» деген сүреде жалғасады: **«Адамдардың алдында өзіңнің жүзінді өтірік көлгірсітпе және жер бетінде тәкаппар болып жүрмеңіздер. Аллаһ шынымен де өркөкіректер мен мақтаншақтарды жақсы көрмейді. Өзіңнің жүрісінді жөнде және дауысыңды бәсеңдет: өйткені дауыстардың ішіндегі ең жағымсызы – әрине, есектердің дауысы»** (31 сүре, 18-19 аяттар). Әділеттілік мәселелері «Аралар» сүресінде көтеріледі: **«Аллаһ жақындарға әділетті болуды, жақсы істер жасауды мен жомарт болуды бұйырады. Ол зұлымдыққа, заңсыздыққа және бүлікшілікке тыйым салады»** (16 сүре, 90 аят). Ислам игілікке және шексіз бақытқа алып баратын барлық жолдарды, дұрыс бағыттарды біледі. **«Араларыңызда сіздерді жақсылыққа шақыратын, қолдауды бұйыратын және қолдамайтынды тоқтатып отыратын қауым болсын. Олар бақыттылар»** (3 сүре, 104 аят). Исламда тұлға мен қоғамды жан дүниесі ауруларынан айықтыратын дәрілер бар және олар сондай қарапайым және әрбір адам ойшылдары оларды қабылдап, түсіне алады. **«Біз Құран арқылы Жан дүниені айықтыруға қызмет ететін нәрсені жібереміз»** (17 сүре, 82 аят). Ислам адам тұлғасы өліммен бірге тіршілігін тоқтатпайды, ол үздіксіз және

мәңгі дейді. **«Аллаһ алғашқы жанды зат ретінде өндіреді және оны бейболымға айналдырып, қайтадан жаңғырта алады»** (29 сүре, 11 аят). «Жердегі» және «о дүниедегілер» бөлінбес бірліктегі нәрселер. Ислам адамды тек қана «соңғы баспанасы» туралы ғана ойлауды емес, «осы әлемдегі өзінің тағдырын ұмытпауға» (Құран 28 сүре, 77 аят) жер бетіндегі игіліктерден бас тартпауға (Құран 5 сүре, 89-90 аяттар) үйретеді. Ислам жер бетіндегі өмірді бағалауға, өзінің және жақын туыстарыңның, достарың мен барлық қоршаған жақындарыңның өмірін жақсарту мақсатында белсенді және мақсатгершілікпен қимылдауға үйретеді. Мәңгілік өзгермейтін және өзгерістерге ұшырамайтын әмбебап заңдарды талап етеді. Оларды ислам адам Жанының жетілуі мен прогреске жету жолында өзінің ұстанымдарымен, наным-сенімдерімен, ережелерімен және заңдарымен жария етеді. Ислам адам табиғатының барлық элементтері мен қырларын ескереді және адамның материалдық және рухани ұмтылыстарының түйісетін күрделі мәнін қанағаттандыруға ұмтылады. Ол оны ең жоғарыға қарай тарта түседі және оның материалдылықтағы тамырларын кесіп тастамайды. Ол абсолютті түрдегі тазалық пен ұстамдылықты талап етеді және дегенмен дене мен ағзаның қажеттіктерін жоққа шығармайды. Айт: **«Кім Аллаһқа қызмет ететіндерге арналған, Сіздерді қоректендіретін игілікті тағамдарға, әсем тартуларына тыйым салады?»** (7 сүре, 32 аят). Ислам – бұл біздің материалдық әлемдегі жай идеялар жүйесі ғана емес. Ислам – бұл қараңғы, тұрпайы, фанатшыл адамдардың шағын тобының діні емес. **Ислам – өмір салты.** Ол тұлға мен қоғамды адамгершілік және рухани биіктерге көтеріп, қалыптастырады. Ислам материалдық байлық пен қолайлылық басымдылығы бақыт үшін негіз болатынын мойындамайды. **«Сіздердің байлықтарыңыз бен балаларыңыз – сынақтар және Аллаһтан берілген ұлы сыйлары екенін біліңіздер»** (8 сүре, 28 аят).

Ислам бойынша өмір жүйесі мен салты қазіргі әлемнің шектеулі материалистік шектеулігіне қарағанда адамзаттың барлығы үшін асқақ келетін міндеттерге бағытталған өзгермейтін, адамгершіл, барлығын қамтитын қалыптарға арқа сүйейді. Ислам адамды материалдық және қаржылық тар ауқымға тұсамайды. Ол адамды кең және дархан рухани-адамгершілік кеңістікке орналастырады. Онда Құдайлық заңдар, мораль және рухани бастаулар патшалық етеді. Ислам шынайы адамгершілік, дұрыс ойлаудан, парасатты

істерден, анық рухтан тұратын игілікті қоғамға қарай ұмтылады. Исламның философиясы – адамды оны қоршаған әлемінде тұтастай құрмет тұту. Ол оның қоғамдағы материалдық мінез-құлқы мен артықшылықтарын алдын ала анықтайды және сонымен бірге моральдік қайырымды істерді, рухани кемелденуді және жоғары өмір деңгейін заңдастырады. Жоғары өмір деңгейі деп барлық адамдар үшін әрбір адамның барлығы үшін және барлығының әрбір адам үшін өмір сүруге мүмкіндіктер беретін материалдық ғана емес, сонымен қатар ақылдық, рухани, моральдік, өзгешілік, филантроптік стандарттар түсініледі.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қазақстан православиелік шіркеуі синоды істерін меңгеруші *Геннадий Каскеленский*

Конференцияға қатысушыларға шын жүректен сәлем беремін!

Сіздердің алдарыңызда, конференция атауында көрсетілген өзекті тақырыпқа қатысты бірқатар тезистер айтып, ой бөліскеніме қуаныштымын.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап бүкіл әлем діни экстремизм және терроризм қатерімен бетпе-бет келді. Оның қандай себептері болды – бұл мәселе қазіргі кездері белсенді түрде талқылануда. Ең басты себептердің бірі, сірә, дәстүрлі мәдениет өкілдерінің өткір қарсылығын тудырып, дәстүрлі құндылықтармен қайшы келетін тұтынушы аталып кеткен қоғам мен жаһандандудың орнығуы және технологиялық прогрестің орын алуы болып отыр. Қалай десек те, сенімнің жамылғысын жамылған терроризм мәселесі бізге сес көрсетіп отыр. Оның ішінде, қазақстандық қоғамға да сын-кәтер көрсетуде.

Алайда, біз бұл сын-кәтерден қорықпауымыз керек. Бұл сын-кәтер, немесе талап барлық салауатты қоғамдық күштердің жұмылуы мен бірігуіне ықпал етуі тиіс. Мен өткен ғасырдың көрнекті тарихшысы Арнольд Тойнбиге тиесілі «талап және жауап» тұжырымдамасын естеріңізге салғым келеді, ол бойынша «талаптар тарихтың басты қозғаушы күші болып отыр». Менің балалық және жасөспірім шағым Санкт-Петербурда өтті. Сондықтан мені Ресейдің атақты императоры І Петрдің беделіне деген құрмет рухында тәрбиеледі. Әрине, Петр көрнекті мемлекет қайраткері болған. Оның сіңірген еңбегі XVII – XVIII ғасырларда Ресейдің алдына қойылған орасан зор талапқа жауап қайыру үшін оған шетелдік ресурстардың назарын аударып және барлық салауатты қоғамдық күштерді жұмылдыра білгенімен, теңізге шығуды қамтамасыз ете отырып, әскери жаңғыртушылық жүргізуімен, өнеркәсіпті қалыптастырғанымен сипатталады. Петрдің заманында Ресейге діни экстремизм тарапынан да сес көрсетілгенін көпшілік естен шығарады: бұл шіркеудің бөлінген кезеңі еді және екі онжылдықтың ішінде діни уәждер бойынша қаншама адамдар өзін-өзі алауда өртеп жіберді, бұл христиандық Ресейдің 700 жылдық бүкіл өмірінің ішінде болмаған жағдай еді. Дегенмен, ел аман қалу

үшін және бұл алауыздықтан мығым әрі күшті болып шығудың амалын тапты.

Классикалық оқулықтарда ежелгі Грекиядағы Спартандық мемлекеттің тіршілік әрекетінің үлгісі келтіріледі. Мұнда сегіз ғасыр бойы саны жағынан өздерінен көп есе асып түсетін жергілікті халық – илоттарға ликурттердің үстемдігі орнап тұрды, өз құрылысының ұйымдарын жетілдіруде жетістіктерге және тамаша әскери жеңістерге қол жеткізді.

Сонымен, менің айтайын деген бірінші тезисім, сын-қатерден қорықпау керек, керісінше өз күш-жігерінді шоғырландыра біріктіре отырып, оны елдің игілігіне пайдалануға ұмтылу керек.

Діни экстремизм тарапынан төнген қатерге қазақстандық қоғамның жауап беру қабілетін бағалай отырып, біз, орыс әлемінің өкілдері, Қазақстандағы ахуалды Солтүстік Кавказда қалыптасқан жағдаймен еріксіз салыстырамыз және бұл тұрғыдан алғанда Қазақстанның артықшылығын көре аламыз. Біз бейбітшілік сүйгіш қазақстандық қоғамның терроризмге қарсы әрекетке деген бейімділігін байқап отырмыз. Елде, тұтастай алғанда, экстремизм көріністеріне көнбейтін жағдайдың бар екеніне біз көз жеткізіп отырмыз және бұл қоғам алдында туындаған мәселелерді игеруге деген үмітке мүмкіндік береді.

Бір қызығы, 6-желтоқсан күні мен Бұрылдайда құдайға құлшылық еттім. Қызметтен соң, келушілермен әңгімелесу кезінде шіркеу попы бірнеше ер адамдардың фотосуреттерін әкеліп көрсетті және 3-желтоқсан күні полиция бұл суреттерді барлық көпшілік орындарға, оның ішінде ғибадатханаға да, мешітке де әкеліп таратқанын түсіндірді. Қылмыскерлерді бірнеше сағаттан кейін тауыпты! Оларды қандай қоғамдық орындардан тапқанын білмеймін, бірақ халықтың қырағылығы айқын. Өкінішке орай, баспасөзден біздің байқағанымыз, Қабардин-Балқардың, Дағыстанның көптеген ауылдарында жергілікті халық экстремистер туралы құқық қорғау органдарына хабарлағаннан гөрі, оларды жасырып тығар еді.

Әрине, соңғы 20 жылда тәуелсіздік самалымен еркіндікке қол жеткізіп отырған бөтен дінге төзімді және бейбітшілік сүйгіш халықтың мыңдаған жылғы дәстүрлері бұл тұста үлкен рөл атқарады. Мұндай зұлымдыққа қарсы тұра алатын осындай үлкен нәрсенің бізде бар екеніне мен бек сенімдімін.

Бүгінгі күні не істеуіміз керек? Ең алдымен, бойдағы қорқынышты игеріп, үрей тудыратын көңіл-күйге жол бермей, барлық болып жатқан нәрселерге таразылап әрі жайбарақат қарау керек, негізсіз әрі бос өсек-аянның таралуына қарсы тұру қажет. Қорқыныш біздің еркімізді басып тастайды, біздің сөздерімізді сенімсіз, біздің зұлымдықпен күресімізді тиімсіз етеді. Қараша айында мен Қарағандыда болдым. Өкінішке орай, Қарағандыдағы мылжың әрі орынсыз ақпараттар молдығы мені таң қалдырды: адамдарды құрбандыққа шалу туралы, дайындалып жатқан терактілер тізбегі туралы дабыраны жұрт бір-біріне таратып жатты. Мұндай сыбыстар неге таралады? Бұл тұста біздің БАҚ жұмысын жетілдіру үшін кеңістік қажет деп ойлаймын. Мемлекеттік билік органдарынан БАҚ-на жететін ақпаратты тасымалдау арнасын жетілдірудің де қажеттілігі бар. Ресми ақпарат, басылымдық ақпарат сенім тудырмаған жағдайда адамдар сыбыстарға жүгінеді. Құрғақ баспасөз мәліметтерін қайта-қайта баса бермей, дарынды әрі сенімді түрде жазған жөн. Әркім өзінің нық азаматтық ұстанымына ие болуы керек, қорқыныш пен экстремизмге қарсы рухани егілуі қажет, демек осы жұмысқа тартылғандардың барлығы білім деңгейлерін арттыруы қажет.

Маған Қазақстан Республикасы Діни істер жөніндегі агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шәріптің ұстанымы өте ұнайды, ол осы бағыттағы салмақты және жүйелі жұмысқа өз пікірлеріңізді жұмылдыра біледі. Қайрат Қайырбекұлы тіпті бізді де, діни көшбасшыларды жұмылдырады. Онымен қашанда ашық әңгімелесуге, пікірталасқа түсуге болады. Бұл өте дұрыс ұстаным. Тек ашық пікірталаста ғана көптеген өткір мәселелердің дұрыс шешімін табуға болатынына сенімдімін.

Әрине, терроризмнің ең алдымен адамдардың қиялында болатынын ескеру керек. Жұртшылық, әсіресе жастар заңды жол, дәстүрлі жол нашар ұйымдастырылғанда радикалды және заңсыз жолды таңдайды. Бізге дәстүрлі діндерді – православие мен исламды дамыту керек.

Оның үстіне соңғы уақыттарда қалыптасқан таптауырындардан арылу қажет. Жаңа храмдар мен мешіттер керек, бірақ бүгінгі күні теориялық ғылымдар, құдайға құлшылық алдыңғы орынға шығып отыр. Сондықтан да Меккеге қажылыққа барып, тәу етушілердің санын арттыруды және Құпия Шоқынуды қабылдайтындардың бұқаралық сипат алуын ойламау керек, ең алдымен дінтануды

дамыту туралы қамдану керек. Бейбітшілік сүйгіш исламды насихаттайтын ханафилік мазхабтың канондық кітаптарының кодексын жасау керек және бұл классикалық шығармалардың барлық мешіттерде оқытылуына назар аударған абзал. Қазан қаласындағы Ислам университетінің ректоры Рафик Мұхамедшиннің сөздері ойға оралып тұр, ол былай деп еді: «Еділ-Жайық аймағындағы исламның радикалдануы негізінен теология саласында болды».

Біз имамдарымызды сақтап, оларға көмектескеніміз жөн. Діни бедел иелерінің қақтығысынан артық қорқынышты нәрсе жоқ. Інжіл тарихын еске түсірейік, азғындықпен қозған тобыр зұлым қарақшыны босатып, Христосты өлім жазасына кесуді талап етті. Адамды мүлкінен немесе өмірінен айырған жанды кешірді. Ал адамның бүкіл болмысы мен мәніне еніп, жаңа ілім таратқанға өлім жазасы кесілді.

Өздерінің экстремистік көзқарастарын ғаламторда насихаттайтын «тылсымдық мүфтийлердің» өскелең ұрпақ санасы мен жанын жаулап алуы қауіпті. Біздің имамдарымызды қолдап, олардың беделін нығайтқанымыз дұрыс.

Тағы біртезис айтқым келіп тұр: заңнамада, күштеу акцияларында бізге діни идеология мен саяси экстремизмнің арасын айқын ажырата білу керек. Сірә, кез келген салафиттің қоғамды өзгертіп, баламалы мемлекеттік-құқықтық құрылым құруды жақтайтыны рас, бірақ оны күштеп өзгертуге дайын болатындары некен-саяқ. Міне сондықтан шатастырмау керек: идеологиямен тек идеологиялық тұрғыда күрескен абзал. Тек зорлыққа ғана күшті қарсы қою қажет. Уахабиттік идеологияны жақтайтын, бірақ қолынан қару алуға бейілді еместерге қарсы күштеу шараларын қолдансақ, біз оларды анағұрлым радикалды әрекеттерге итермелеуіміз мүмкін. 1999 жылы Дағыстанда уахабизмді экстремизмге теңестіру туралы заң қабылданғаннан кейін болған қуғын-сүргіндер жастардың орманға кетіп, терроризмнің әлеуметтік базасын едәуір кеңейткені жайында сарапшылардың пікірлерін бүгін көп естуге болады. Отқа май құюдан сақтанайық!

Ақырында, тағы бір айтайын дегенім, біз қоғамдық қауіпке қарсы тұрудың кең базасын қалыптастыру жөніндегі жүйелі жұмыс жүргізуіміз керек. Тек Православие ғана емес, көптеген протестанттық бағыттар да экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудің кең әлеуетіне ие. Олардың қатарына протестантизмнің терең әрі

салмақты бұтағын білдіретін лютерандық қауымдарды жатқызуға болады. Қазақстандағы лютерандық қоғамды керемет адам – епископ Юрий Новгородов басқарады, ол үлкен әлеуметтік жұмыс атқарып жүр.

Өкілдері аңқау әрі өз жиналыстарында әуенге елтіп, балалар сияқты билеп кететін кейбір жана протестанттық ағымдардан да қауіп көріп тұрғаным жоқ. Бұл пісіп жетілмеген табынушылықтардың өкілдері ой толғауға деген дағдысын жоғалтпаған жағдайда және терең рухани өмірге деген қажеттілігі болған жағдайда көбіне православиеге өтіп жатады. Бүкіл әлемде бұл бағыттар агрессияның емес, пацифистік көңіл-күйлердің қайнар бастаулары болып табылады. Барынша жалынды протестанттық көшбасшы, пастор Максим Максимовтың өзін қолында Калашников автоматы және белінде гранаты бар күйінде елестету қиын.

Қорыта келгенде, Қазақстан Православиелік Шіркеуінің Басшысы митрополит Александрдың атынан аталмыш конференцияның өтуіне терең ризашылық білдіремін, Қазақстандағы сарапшылар қауымдастығымен бірлесе жұмыс жасаудың басталуынан үміт етемін және барлық жиналғандарға табыс тілеймін.

1 БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСТЕРІ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДАНУ ҮРДІСТЕРІ

Еркін Байдаров

Әділетгі әлем үшін халықаралық қоғамының төрағасы, белгі-лі малайзиялық қоғам қайраткері және саясаттанушы Чандра Мұзаффардың айтуынша, «жағандану адамзаттың алдына қойылған ең салмақты талаптардың бірі болуы мүмкін».

Шындығында, үшінші мыңжылдықтың басында мұсылман әлемі дәл осы жағандану үдерістерінің ықпалынан туындаған түбегейлі өзгерістердің белдеуінде тұр. Оның қазіргі кезеңінде қатынастарының жаңа құралдары саласындағы технологиялық прогрестің нәтижесінде мүмкін болған халықаралық исламдық ұйымдардың әрекетінің едәуір кеңеюі етек алуда. Бұрын тек жергілікті қауымдарға ғана бағдарланған көптеген діни орталықтар мен қозғалыстар жағандық деңгейге шыға отырып, өз мүмкіндіктерін кеңейтті. XX ғасырдың соңғы ширегінде басталған бұл ірі ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мұсылман әлемі халықтарының қоғамдық өмірінде діннің рөлінің едәуір артуына әкелді және бұл қоғамның рухани өмірінде тікелей көрініс тапты. Әрине, осыған ұқсас үдерістер планетаның өзге аймақтарында да орын алуда, алайда мұсылман әлеміндегі оқиғалар басқаларымен салыстырғанда, онда діннің маңызды рөл атқаруымен ерекшеленеді. Мұндағы діннің ықпалы қандай мәселелердің қойылуына және олардың қалай іске асуына байланысты әлеуметтік-саяси қозғалыстардың өздерінің нысаны мен мазмұнының көп келбеттілігінен туындаған күрделі кескінінен көрініс табады.

Бұл тұрғыдан алғанда діннің жағандануы қалыптасып қойған діни ахуалдың жағандық қайта құрылуы үдерісі ретінде түсіндіріле алады және бұл үдеріс ретінде өз бойына мынадай үш аспектілері қарастырылады. Біріншіден, ол жекелеген діни ұйымдардың міндетті түрде болатын өзгерістерін білдіреді. Екіншіден, діни-құқықтық

доктриналардың, ғұрыптар мен діни практиканың әдістерінің мазмұнында жаңа сипаттамалар пайда болады. Үшіншіден, жаһандану қандай да бір дін өкілдерінің өздерінің бойындағы, әсіресе олардың интеллектуалдық келешектері тұрғысындағы өзгерістермен қатар жүреді.

Алайда жаһанданудың пайдасы мен зиянын пайымдай отырып, жоғарыда пікірі келтірілген автордың артынша, оның пайдалы аспектілері – тек жанама өнім ғана, ал оның әуел бастапқы ниетінің – барынша пайда табу қазіргі адамзаттың барлық әлеуметтік зұлматтарының себебі деген қорытындыға келеміз [1]. Мұның барысында біз *«жаһанданудың аспаннан ақша жаудыратын тікұшақ емес екендігін»* (Милтон Фридман) де естен шығармауымыз керек.

Жаһандану дін мен мәдениеттің кейбір жағымды салдарларына әкелгендіктен, оны толығымен теріске шығаруға болмайды. Қазіргі уақытта жаһанданушылық үдерістердің ықпалымен мұсылмандарда трансұлттық саяси өзіндік сананың қалыптасуы жүруде. Әрине, ешқандай да мұсылман елінің немесе умманың (үмбеттің, қауымның) әлемде, тіпті көршілес елдерде болып жатқан нәрселерден тыс қала алмайтыны түсінікті. Өзекті әлемдік мәселелерді пайымдау жедел жүріп жатыр, халықаралық үкіметтік емес исламдық, оның ішінде жастар және әйелдер ұйымдарының саны мен сапалық деңгейі артты және олар Исламның дамуына, жаңа жағдайлардағы мұсылман бірдейлігінің жасақталуына пәрменді ықпал етуде. Оның үстіне ислам жаһандануға баламалы әлеуметтік үдерістер ұсынбайды және исламның ішіндегі көптеген дәстүрлер оған табиғи түрде қарсы болғанымен, ол жаһанданудың қарсыласы бола алмайды.

Сонымен бір мезгілде соңғы кездері батыстық журналистиканың жетістіктері мен тәжірибесін пайдаланатын *әл-Жазира* сынды сапалы панарабтық БАҚ арқасында жалпы ортақ мәдени-ақпараттық, идеологиялық және тіпті теориялық (мазхабтардың жақындасуы) кеңістіктің қалыптасуы жүруде. Олардың ықпалы тек араб елдерімен ғана шектелмейді, оларды барлық ислам әлемінің өкілдері көреді, өйткені араб тілі көп жағдайда барлық мұсылмандардың және, әсіресе, ислам элитасының ұлттаралық тілі болып қала береді. Өз кезегінде Бүкіләлемдік ғаламтордың (WWW) арқасында барлық әлемде Исламды түсіндіріп, таратуы орын алуда. Ал *Facebook* әлеуметтік торабы арабтың «Ашулы күнін» күллі әлемге таратты.

Дегенмен, әзірге мұсылмандардың бұқаралық санасы жаһандануды мейлінше жағымсыз қабылдайды. Бұл салмақты пайымдауды қажет етеді, өйткені нәрселердің жағдайы ислам әлеміндегі жаһанданудың келешектерін күрделілендіріп жібереді.

Қазіргі «ислам ренессансы» мен жаһандану үдерістері Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстанның исламдану айғағын бүгін ешкім де теріске шығара алмайды. Егер ЕО елдері үшін исламмен қатынас – өз бірегейлігін сақтап қалу мәселесі болса, Қазақстан үшін мұндай мәселе жоқ. Алайда бүгінгі күні республикада діндарлардың саны халықтың ең кедей бөлігінде көп болуына байланысты *діни-идеологиялық шекараның әлеуметтік шекарамен сай келу қауіпі*, қазақстандық сарапшы Тимур Козыревтің пікірінше, мұсылман қауымының толық әлеуметтік құрылымына қоғамның қалған бөлігін қарсы қою қиынға соғады. Оның үстіне *«конфессияаралық қатынастарға қарағанда, зайырлылық-ислами қатынастар анағұрлым маңызды»* және дінге қатысты ішкіқазақ бірлігінің мәселесі дәл осы тұғырда тұр [2]. Сондықтан Қазақстанға «өз» исламына бағдар ұстануға тура келеді және ол «қазақы» болғанымен, дәстүрлі исламнан алшақтай қоймайды әрі өзін бүкіл мұсылман әлеміне қарсы қоймайды. Онсыз елдің қоғамдық өміріне мұсылмандық құндылықтардың ену сценарийін біз үшін басқа күштер мен басқа идеологтар жазып беретін болады.

Әрине, Қазақстанда қызмет етіп отырған заңнаманың шеңберінде елдің саясатына исламның араласуы мүмкін емес және қажет те емес. Алайда қоғамның бір бөлігі діннің мемлекет істеріне тікелей араласуын толық қалыпты нәрсе деп ойлайды. Саясатқа қатысудың мұндай формаларын, ұсталған исламистердің санына қарағанда, әлі жеткіліксіз (маргиналды) деп есептеуге болады. Заңды ислам ұйымдарының өздерінің де ел басқаруға жанама болса да қатысуға үлкен бейілдігі жоқ. «Болмайды, бірақ қатты қаласаң, болады» деген ұстынды, практика көрсетіп отырғандай, билік пен азаматтар арасындағы қатынасқа қолдануға әбден болады. Қалауы болса діни көшбасшылар мен ұйымдар елдің саяси өміріне мейлінше белсенді қатыса алады.

Алайда соңғы кездері Атырау мен Таразда орын алған оқиғалар барысында мынадай сауал туындайды: «Мұндай ахуал әлі қанша уақытқа созылады? Елдің өмірінде дін қандай орын алуы керек?». Мемлекеттік құрылыстың бұл өзекті сұрақтары саяси исламның

экспорттық нұсқасымен ұшырасқан елдің күштеу органдарының алдына мемлекет пен дін құндылықтары жүйесі сәйкестігін кім реттейді деген сұрақты тартады. Бұл «кімнің», әрине, мұның бәрінен бұрын мұқтаж болушы, яғни мемлекеттің өзі болғаны дұрыс.

Қазіргі «саяси ислам» термині батыстық журналистикада көбіне теріске шығарушы коннотацияға ие болмағанның өзінде, күмәнділіктің реңкін білдіреді. Бұл түсінікті де – исламдық құндылықтарды саясатқа енгізу қажеттілігін жариялау көп жағдайда бұл саясаттың өзінің радикалдануын білдіреді.

Мұның расталуын қазіргі заманғы тарихтан көптеп табуға болады. Мысалы, ең танымал ислами саяси ұйымдардың бірі – «Ихван аль-муслимин» («Мұсылман ағайындар») исламды «сенім әрі мемлекеттілік, кітап әрі қылыш және өмір тәртібі» деп түсініп, дін «бауырларының» ұстанатын осы ұстындарынан өзге негіздерге құрылған кез келген басқа мемлекеттік құрылысты теріске шығарады.

Қазақстанда исламданған азаматтардың үлесін анықтау мейлінше қиын. Егер Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) өз намазқандарын 11 миллион деп есептесе (бұл мұсылман дінін дәстүрлі санайтын елдегі ұлт өкілдерінің санымен бірдей), ал «Қазіргі Қазақстандағы діни фактор» әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері бойынша (мұны еліміздің 14 облыстық орталықтарын, «солтүстік» және «оңтүстік» астаналарды қамтып, 2011 жылдың жазында Саяси шешімдер институты жүргізді) Исламды қазақстандықтардың 63,5 % ұстанады [3].

Қоғам өміріндегі діннің белгілі бір пайдалылығын мойындай отырып және діннің бекіткен адамгершілік нормалары мен қағидаларын ішінара немесе сөзбен бөлісе отырып, қазақстандықтардың басым бөлігі дін олардың өмірі мен қылықтарын белгілі дәрежеде анықтап отыруы тиіс деп есептейді. Осындай «сырттай-діни» қоғам радикалды идеяларды қабылдай ала ма?

Американдық зерттеуші Грэхем Фуллердің «саяси ислам саяси бұрмаланған мұсылмандардың мәдени жамылғысы» деген саяси исламға берген анықтамасынан шығар болсақ, әбден мүмкін. Оның үстіне, Қазақстанда бұл діннің саяси сахнаға шығуы үшін қажетті барлық шарттар формальді түрде бар. Егер, әрине, бұл үдерісті мұхиттың арғы жағындағы зерттеушінің жоғарыда келтірілген пікірі тұрғысынан түсінер болсақ. Урбанизация үдерісі, әсіресе ауыл тұрғындары есебінен қалалық қазақтардың санының өсуі және

ауыл халқының өмір деңгейінің салыстырмалы түрде төмендігі мұндай ортада әлеуметтік құрылысты «түзету» туралы идеялардың таралуына қолайлы жағдай туғызады. Бұл идеяларды адресаттың қабылдауы үшін ыңғайлы формаға киіндіру оңайдың оңайы.

Ислам құндылықтарын саясатқа енгізуден қорықпау керек деген Қазақстан мұсылмандары одағының төрағасы Мұрат Телібековтің сөздері көбіне дұрыс. «Ислам нормаларының елдің өміріне ену үдерісі ұлттық мүдделерден немесе мемлекеттің зайырлы негізінен бас тартуды білдірмейді. Шынайы мұсылман үшін жетекші болатын нәрсе ислам қағидаларын өз қалауынша түсіндіретін көбейе түскен беделді діни көшбасшылардың пікірі ғана емес, оның өзінің ар-ұяты мен парызы, оның ішінде туған елге деген де парызы» [4].

Бірақ мұндай идеалды үлгі қазақстандық болмыста өмір сүре ала ма? Олай бола қоймас, өйткені мемлекеттік құрылыс ісінде ар-ұят пен парызға сүйену, өзін үнемі ақтай қоймайды.

Қазақстандағы исламдану толқынын тудырған не? Жауабы айқын – бұл саладағы діни ағартушылықтың жоқтығы. Діни надандық әлеуметтік әділетсіздік сезімі ұштала түскен жас азаматтарды «жан аулаушыларға» жетелейді. Мұның жарқын мысалын болашағынан мол үміт күттіретін жігіттен экстремиске айналып шыға келген «Нұр-Мүбарәк» ислам мәдениеті университетінің түлегінің тағдырынан табуға болады. Исламдану үрдісінің басқа бір факторы «Хизб ут-Тахрир» тәрізді қозғалыстардың культуртрегерлік қызметі болып табылады. Көп адамдар бұл ұйымдарға қандай да бір саяси мақсат көздеп емес, ислам туралы көп білгісі келгендіктен барады.

Дегенмен Қазақстанның қазіргі саяси өмірінде заңмен бекітілген саяси исламның болмауы еліміздегі бұл құбылыстың орны туралы мәселе маңызды емес дегенді білдірмейді. Нарықтық экономикасы бар құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекет құру туралы көбіне «жұмысшы» идеологиясы бар Қазақстанда мемлекеттік құрылыс үдерісін одан ары дамыту мейлінше әралуан идеологиялық бояулары бар «саяси палитраны» білдіретіні түсінікті. Мұндай жағдайларда бағдар көрсететін мемлекеттің біртұтас идеологиясын құру анағұрлым қажет бола түседі. Оның үстіне құндылықтардың мемлекеттік жүйесі әмбебап, яғни барлық таптардың немесе діни топтардың көзқарастарымен сай келетіндей болуы тиіс.

Елдің ислами радикалды формалар дамытылған мемлекеттердің қауымдастығына түсіп үлгергенін мойындауға асықпайтыны

үшін бүгінгі күні барған сайын қазақстандық басылымдар (мейлі басылымдық, мейлі электронды болсын) билікті сынау үстінде. Бір қарағанда, Қазақстанда исламның радикалдануы күтпеген жағдай болып көрінуі мүмкін, өйткені Президент Н.Ә. Назарбаев 20 жыл бойы этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау қажеттілігі туралы айтып келеді. Алайда, 2009 жылдың сәуір айында исламды қазіргі әлеуметтік болмысқа бейімдейтінін жариялаған жаңа діни ағым – «құраншылар» «күтпеген жерден» пайда болды. Мұның нәтижесінде не шығатынын айту қиын, өйткені бүгінгі күні қазақстандық мешіттердің басында сопылықтың (көбіне «классикалық сопылықпен» ортақ ештеңесі де жоқ – Е.Б.) өкілдері де, салафилер мен құраншылар да тұр. Қазақстандықтардың соңғы кездері исламның дәстүрлі емес ағымдарына да қызығушылық таныта бастағаны көңілді күпті етеді. Бұл, әсіресе, қазақ тілді халық басым еліміздің батысы мен оңтүстігінде белең алғаны байқалады. Таяуда Алматыда Исмадулла Мағзұм бастаған сопыларды жазалаған сот, бүгінгі үстем саяси режимге қарсыластардың санын тек арттыра түседі.

Исламның дәстүрлі емес ағымдарына қарай осылайша қайта бағдарланудың басты себептерінің бірі, кейбір сарапшылардың пікірінше, 2007 жылдың екінші жартысынан басталған қаржылық-экономикалық дағдарыс болып табылады. Өздерінің жүріс-тұрысы жағынан мемлекеттік шенеуніктерді еске түсіретін ҚМДБ мен Епархиямен салыстырғанда салафилер, құраншылар, сопылар және т.б. өздерінің әлеуетті ізбасарларымен байланысқа оңай түсіп қана қоймай, кейде оларға материалдық тұрғыда көмектесіп те тұрады. Сондықтан да әлеуметтік-экономикалық мәселелер жағдайында, қазақстандықтардың басым бөлігі өздерінің экзистенциясымен уайым шегіп жатқан тұста, әртүрлі ислами радикалды ағымдар жақтастарының саны Қазақстан үшін қауіп төндіретіндей көлемде ұлғаяуда.

Қазақстанда дәстүрлі исламдық емес ағымдардың адамдарға тек сөзбен ғана емес, іспен көмектескен жағдайлары белгілі, мысалы, олар үйі өртенген адамдарға үйлерін қалпына келтіруге көмектессе, шенеуніктер мен ресми ислам өкілдері көмектен бас тартудың көптеген сылтауларын тауып жататын. Нәтижесінде олар өздерінің көңілін салафилер жағына бұратын. Осыдан барып республика халқының бір бөлігі исламның негізқұраушы догматтарының бірін нақты іске асыратын осы ағымдарға, оның

ішінде салафилерге бүйрегі бұрды. Сондықтан, республикамыздағы екі негізгі конфессияға аталған бағыттағы жұмысын белсендендіру қажет. Көріп отырғанымыздай, мемлекет дәстүрлі емес исламның жақтастарының санының өсуінен қауіптенгенімен, идеологиялық қарама қарсылықта жеңіліс тауып отырады. Оның үстіне, соңғы жағдайлар барысында жекелеген исламдық қозғалыстардың (ИДУ, «Халифат сарбаздары» және басқалары) өкілдері мәселеге тікелей байланысты, ресми Астанаға жихад жариялады.

Аймақтың ислам кең таралған тұрғындарында, оның ішінде Қазақстанда Батысқа қарсы көңіл-күйлер байқалады; содырлық және лаңкестік топтардың радикалды идеологиясын қолдау; аймақтағы әлеуметтік-саяси шиеленістің діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмге айналуы; террорлық актілер әдістерінің артуы мен жетілдірілуі аңғарылады. Осыған орай Қазақстан мен Орталық Азиядағы терроризм мен экстремизмге нәр беріп отырған факторлар мен әлеуметтік үдерістердің кең шоғырының өзгеру динамикасын зерделеу қажеттілігі бұл бағыттағы зерттеулердің өзектілігін алға тартады.

Орталықазиялық аймақтағы ықтимал тұрақсыздықтың әлеуеті әлеуметтік-экономикалық сипаттағы белгілі бір мәселелерге байланысты сақталып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда аймақтың басқа мемлекеттерімен салыстырғанда өзінің экономикалық дамығандығы себепті Қазақстанның жағдайы анағұрлым ырыс-берекелі. Дегенмен, кедейлік, тақыр кедейлік, жұмыссыздық, қоғамның әлеуметтік алшақтануы сияқты әлеуметтік қарама-қарсылығы тұрақсыздандырушы топтардың қатарын толықтыруға едәуір ықпал етеді. Лаңкестік топтардың идеялық жетекшілері әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы мәселелерді өз мақсаттарына оңтайлы пайдаланады, олар пауперлерден бұл «қуыршақ ойнатқыштар» «бейбітшілік пен келісім территориясын» жұтып қоятын «қара тұңғыық» жасап, «қанды шерудің» қатысушыларын даярлайды. Сондықтан осындай белгілі бір мақсаттар қойған экстремистік топтардың пайда болуы мен таралуы бізді алаңдатпай қоймайды. Оның үстіне еліміздегі әлеуметтік тұрғыдағы мәселелер деструктивті элементтердің қолындағы қаруға айналатын қауіпі бар. Сондықтан бұл мәселе Қазақстанның конституциялық құрылысын қорғау мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында өзекті әрі табиғи болып табылады және бұл күштеу органдарының да назарында болуы тиіс.

Соңғы үш жылдың ішінде Орталық Азияның сыртқы периметрі бойынша, атап айтқанда ҚХР СҰАР-дағы сепаратистік топтардың саяси белсенділігі байқалады, Ауғанистанның көптеген шалғай аудандарында «Талибан» қозғалысының ұстанымы қайта бекітілді, бірқатар үзілістен кейін ИДУ «қайта тірілді» (оның жаңа жетекшісі Усман Әділ қозғалыстың ұйымдастыру құрылымын «қайта құруда» және егер бір қазақстандық әскери қызметкер ауған жеріне аяқ басса, Қазақстанға жихад жариялаймыз деп қорқытуда). Осы және басқа да факторлар жекелей алғанда Қазақстанда да, тұтастай алғанда Орталық Азия аймағында да терроризм мен экстремизмді құнарландырып тұрған әлеуметтік факторлардың өзгерісін зерттеу міндетін объективті түрде өзектендіреді.

Мұнан өзге сарапшылар қауымдастығына және нақты ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтында құрылған Дінтанулық зерттеулер бөліміне мына бағыттардағы зерттеулерге назар аудару керек:

- Қазақстанда терроризм мен экстремизм таралуының негізгі үрдістерін талдау;

- Қазақстанда содырлық пен лаңкестіктің пайда болуы мен таралуының әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын сараптау;

- Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан Республикасындағы террористік ахуалдың дамуын болжау және талдау.

Осылайша, Қазақстандағы исламдану үрдісінің белсенділендіруін, терроризм мен діни экстремизм көріністерінің күшеюін діни институттардың вестернизация, модернизация және секуляризация үдерістеріне жауап ретінде қабылдау және ислам факторының ғаламдық ұлғаюы мен қазіргі жаһандану үдерістері аясында қарастыру керек, сондай-ақ діндарлықтың жаңа толқынының пайда болуын жаһанданудың жағымсыз салдарларынан қорғанудың нысаны мен тәсілі ретінде қабылдаған жөн. Мұның барысында қазақстандық қоғамды жетілдіру (модернизациялау) ислам ұстындарын сақтау мен қайта қарағанда ғана табысты бола алады және ол біздің алдағы қозғалысымыздың жолы мен траекториясы болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Қараңыз: <http://www.Islamonline.net>

2. Қараңыз: <http://sonaks.net/articles/342762>
3. Қараңыз: <http://www.ipr.kz/projects/2/2/30>
4. Қараңыз: <http://i-p.ru/page/stream-trends/index-11520.html>

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҰЙЫМДАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫ МЕН САНАСЫНЫҢ ЭКСТРЕМИЗАЦИЯЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Елена Бурова

Қазақстандағы діни көші-қонның күрт өсуі елдің конфессиялық картасын едәуір өзгертіп жіберді. Діни ұйымдарды тіркеуге қатысты либералды заңнама, тұтастай алғанда қазақстандық менталитетке тән шынайы толеранттық орта және қоғамның «атеистенуі» дәуірінен кейінгі жергілікті халықтың әртүрлі топтарын қамтыған діндарлықтың өзіндік «сәнге» айналуынан трансформациялық қозғалыстардың басталуына түрткі болған деидеологизация кезеңі де бұған ықпалын тигізді. Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-жылдарының басында көптеген азаматтарда ментальдықтың фрустрациялық жағдайы орын алды. Сол жылдары құндылықтар жүйесі әрекетінің әлсіреуі, әлеуметтік-гуманитарлық білімнің дүниетанымдық корпусының қайта құрылуы ахуалында дүниетанымның ғылымилығы өлшемдері мейлінше бәсеңдеді және азаматтардың санасында жалған ғылыми, пұтқа табынушылық, жалған діни идеялардың шапшаң енуін қамтамасыз еткен жағдайлар пайда болды.

Бұл қалыптасқан жағдайларда діндарлық пен дін (дәлірек айтқанда – жалған діндарлық пен жалған дін) Қазақстанда тарихи қалыптасқан мемлекеттілік алғышарттарын қайта өндірудің іргелі шарттары ретіндегі тұрақтылық пен келісім факторларына негізделген этномәдени, конфессионалдық, азаматтық және саяси бірегейліктің үлгісіне «шабуыл жасаудың негізгі бағыттарына» айналды.

Құқықтық, зайырлы, демократиялық және әлеуметтік мемлекет ретіндегі Қазақстанның осы жылдарға дейінгі егеменді дамуы нақты әралуандық үшін жағдайлар қалыптастырды және қазақстандық қоғамның шын мәнінде діни сипатта еместігіне қарамастан, қазіргі кезде бізде тек әлемдік және дәстүрлі діндердің ғана емес, сонымен қатар жаңа наным-сенімдердің де тұтас шоғыры бар. Мемлекет пен діннің өзара қатынасын реттеу саласындағы бұрынғы заңнама мыналарға мүмкіндік берді: 1) қоғамдық бірлестіктерді (оның ішінде жалған діни сипаттағы да) тіркемеу және олардың қызметін бақыламау; 2) экстремистік мазмұны мен үндеулері бар әдебиеттің

шектеусіз енгізілуі мен еркін таратылуы; 3) діннен хабары жоқ азаматтарды жалған діни әрекетке алдап немесе мәжбүрлеп кіргізу; 4) азаматтарды бұл ұйымдарда қорқыту және еркін басып тастау арқылы ұстау. Оның ішінде әңгіме мыналар туралы болып отыр: а) өз мүдделері мен әрекеттерінің аясына балаларды, оқушыларды, жұмысшы жастарды, зиялы қауымның (педагогикалық, ғылыми) әртүрлі топтарын, жасы ұлғайған азаматтарды қоса алғандағы жергілікті халықтың барлық топтарын дерлік алдын ала ойластырылған және жүйелі түрде тартатын жалған діни бағыттағы көптеген бірлестіктер туралы; ә) саяси сахнада белсенді «жұмыс істейтін және қарсы бағыттағы азаматтық мәдениетті қалыптастыру үдерісіне (ен бастысы, мемлекет пен оның институттарына қатысты азаматтардың осындай ұстанымын қалыптастыратын) азаматтық қоғам институттарының әрекеті туралы.

Сараптамалық бағалаулар мен қоғамдық мониторинг деңгейінде, сондай-ақ бұқаралық қабылдауда мәдениетқұрастырушы дін мен мемлекеттік құрылысты зорлықпен өзгертуге немесе билікті зорлықпен басып алуға және осы мақсаттарда діни өшпенділік пен жек көрушілік тудыруға бағытталған діни жамылғылық әрекетті айқын ажырату қажет. Мұның соңғысын деструктивті бағытталған деп анықтау маңызды. Дінді рухани тұрғыда да, саяси тұрғыда да адамнан үстемдігі терминдерінде түсіндіруге ұмтылушылық та деструктивті ықпалға жатқызылуы тиіс.

Бұрынғысынша кітап дүкендері тораптары арқылы сатылатын, жаңа діни ұйымдарда келушілерге сатылатын немесе тегін берілетін, көшелерде азаматтарға үлестірілетін, тұрғын үйлердің пошта жәшіктеріне жеткізілетін және т.б. тарқатылатын «діни» деп аталатын әдебиеттерді талдау мен мониторинг қазақстандықтардың құлықтары мен санасының эстремизациялануы мен оның «үйге дейін жеткізілуінің» шексіз мүмкін екендігін көрсетеді. Осылайша таратылған мәтіндер дінаралық алауыздықты, этносаралық жеккөрінішті қоздыруға бағытталған ақпаратқа, үстем болып отырған зайырлы билікпен күреске үндеуге ие болып шығады. Оларда тасымалданатын ақпарат оларды тұтынушылардың бойында әртүрлі үрейлер мен қорқыныштардың, оның ішінде апокалипсис нәтижесіндегі катаклизмдермен байланысты барлық дінге сенбейтіндер мен шынайы діндарлардың бойында қорқыныштарды дамытуға тікелей немесе жанама бағытталған. Дәстүрлі емес сипаттағы діни

ұйымдардың жетекшілеріне арналған арнайы әдістемелік әдебиеттің мониторингі көптеген қауымдардың дінді жамыла отырып, өз қатарына жаңадан келгендерді тарту мен әдістемелермен арнайы жасақталған әрі бекітілген және мақсатты түрде ұйымдастырылған сипатқа ие зомби жасау, манипуляция технологиялары бойынша өз мүшелерін тәрбиелеу бойынша белсенді түрде жұмыс жасайтынын көрсетеді. Мұндай әрекет табиғи сипатты емес, белгілі бір дүниетанымды, жүріс-тұрыс пен өмір тәртібі үлгілерін «жасанды енгізу» сипатты, яғни «таңылған бірегейлікті» қабылдайды. Біз мұндай қауымдарды псевдодіни деп атап, ал олардың әрекетін квазидіни деп бағалауды ұсынамыз.

Жүріс-тұрыстың экстремизациялануына мыналарды жатқызу керек: а) өздерінің әлеуетті және шынайы мүшелеріне тұтастай алғанда қазақстандық қоғамдағы және жекелей алғанда отбасында қалыптасқан мәдени дәстүрлерден бас тартуға, туған-туыстармен өзара қарым-қатынастарда жалпы қабылданған құндылықтар мен басымдылықтарды үзуге шақыратын үндеулер; ә) діни топтағы қарым-қатынастың қатаң, құпиялық ережелерін сақтаумен байланысты белгілі бір мінез-құлық алгоритмдеріне үйрету, сана мен құлықты қадағалауға дағдыландыру, өз туыстары мен қауымның өзге мүшелері өмірінің әр алуан қыры туралы ақпарат жинауға үйрету.

Қайта құру дәуірімен тап келген әлеуметтік өмір негіздерін идеологиясыздандыру жағдайында бұрынғы өз болмысы жағынан ұжымдық сананың ұмтылыстары азаматтарды әртүрлі ұйымдардағы жаңа бірлестіктерді іздестіруге әкелді. Нәтижесінде сауда, оқыту, кеңес беру және т.б. форматында да, діни бірлестіктер кейпінде де тіркеліп, әрекет ететін, қызметінің басты мәні өз қатарына «рух маргиналдарын» тартумен сипатталатын тораптық құрылымдар ең маңызды құрамдасқа – адами капиталға ие болды.

Олардың Қазақстандағы мақсаты – отандастардың менталитетін қайта бағдарлау, оларды жаңа корпорациялардың қызметіне тарту, санаға мақсатты түрде ықпал ету мен жүріс-тұрысты бағдарламалауға арналған қондырғыларды енгізу арқылы жалған қауымдастықтарды құру. Бұл ықпалдар мәдени бейімделушіліктің дәстүрлі түрде бар формаларына (отбасындағы, білім беру жүйелеріндегі, достық қарым-қатынас топтарындағы, кәсіби ортада және басқаларында) енгізілмеген маргиналды тұлғаның ерекше түрпаатын қалыптастырудан көрінеді.

Этноконфессионалды менталдылықтың бұзылуы мен азаматтардың маргиналдық жағдайға қарқындап «батуы» қазақстандық қоғамда ерекше мультимәдени орта қалыптастырумен байланысты тарихи ұзақ уақыттар бойы өндіріліп келген төзімділік, келісім мен жасампаздық атмосфераның күйреуімен насырға шабады. Жаңа квазидіни ұйымдарда жүйелі түрде өндірілетін сана мен мінез-құлықтың экстремизациялануы тұлға, отбасы, мемлекет деңгейлеріндегі тұрақтылықтың жойылуымен қауіпті. Іс жүзінде діни емес сипаттағы қазақстандық қоғамда соңғы онжылдықтар бойы азаматтарды діндарлық рухына жаппай тарту мәселесі қоздырылып жатыр. Біздің 2010 жылы 14 облыс орталықтарындағы, сондай-ақ Астана мен Алматыдағы діндарлықтың динамикасы мен үрдістері жөнінде жүргізген қазақстандықтардың қоғамдық пікірінің мониторингі мәліметтері бойынша респонденттердің 2/3 дейін өздерін қалай да болсын дінмен байланыстырады. Бірақ оның барысында қауымдарда тіркелген діндарлар 10%-дан шамалы-ақ асады. «Дінге деген Сіздің қатынасыңыз қандай?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі: дінге сенемін, бірақ діни өмірге қатыспаймын» (56,2%) деп жауап берді. «Өз дүниетанымызды қашан таңдадыңыз?» деген сұраққа басым көпшілік – 37,8% – «балалық шақтан» деп, 25% – он жылдан бері» деп, 10,1% – «бес жылдан бері», 8,6% – «одан аз уақытта» деп жауап қатты. Осылайша, қалалық респонденттердің 40%-дан астамы өздерінің дүниетанымдық бағдарларын соңғы онжылдықта айқындаған.

Діннің ықпалы мен оның қазіргі қазақстандық қоғамның өміріндегі күшейе түскен рөлін бағалай отырып, сұралғандардың жартысына дейіні бұл айғақты жағымды үрдіс ретінде қарастырады. Сонымен бір мезгілде әрбір алтыншы респондент (14,9%) қазақстандықтардың өмірінен діннің жағымды рөлін көрмейді. Тұтастай алғанда, менің пікірімше, біздің еліміздегі сенушілердің саны кейбір сарапшылардың көрсетуіндегідей динамикада артқан емес. «Енжар діндарлар» деп аталатындар (сенетіндер, бірақ діни өмірге қатыспайтындар) халықтың жартысынан шамалы көбін құрайды. Белсенді сенетіндер (яғни өмірдің діни тәртібімен, оның қауымдық тәртібімен тығыз байланыстылар) шамамен 10-нан 17%-ға дейін құрайды (аймақтарға қарай), ал осы діндарлардың арасында псевдодіни идеяларға (сол үшін өз өмірі мен тағдырына кепіл болып қалуға дайын болатындай идеялар) көзсіз берілгендердің саны ұлғая

түседі. Егер бұрынғы үлгідегі (социалистік кеңестік менталитетке тән) діни фанатиктер 1-2% болса, қазіргі уақытта олардың саны жалпы сенушілердің 5-6%-на дейін көтерілген.

Бұл өсімге қазақстандықтар үшін дәстүрлі емес діни ұйым-дарда (христиандық, исламдық және басқа жамылғыларды жа-мылатын ұйымдар) қолданылатын мінез-құлық пен сананың экстремизациялануының белсенді әрі ауқымды енгізілетін технологиялары ықпал етуде. Мұндай ұйымдардың әрекеті қатаң құрылымға ие, ал оған қатысу сатылы және адепттердің (мүшелерінің) санасы мен мінез-құлқын сергек бақылауды жүзеге асырумен сипатталатын ішкі тәртіптің белгілі бір ережелеріне қатаң бағындырылады. Мұндай құрылымдардың басында аз да емес, көп те емес – жоғары күштермен тікелей байланысы бар көшбасшылар тұрады және олар мүшелеріне тікелей нұсқаулар мен бұйрықтарды «жоғарыдан аламыз» деп жариялайды.

Мұндай ұйымдарға халықтың әртүрлі топтарын тарту белгілі бір тартымды «жарнамалар» арқылы жүргізіледі: біреулерді қасиетті жазбаларды жақсы білу үшін шақырады, екіншілерін – жаңа отбасы құру үшін, келесілерін жағымсыз бағыныштылықтардан (наркотиктік, алкогольдік) арылу және т.б. үшін тартады. Көбіне ұйымға кіру өмір тәртібін алмастыруға әкеледі: жаңа сенімге кіргендерге ақпарат алудың шекарасы тарылады, олар үшін қарым-қатынасқа (оның ішінде – осы жаңа көзқарасты бөліспейтін және осы мәңгірттенген туыстарының артынша псевдодіни қауымдастықтарға кіруге асықпайтын туыстары мен жақындарымен де) түсуге тыйым салынады.

Псевдохристиандық ұйымдарға да, псевдоисламдық ұйымдарға да тән болып келетін жаңа діни культтарға «жүгінудің» әдістемелерінің ұқсастығы алаңдатады. Олардың екеуі де өз қатарларын толықтыру үшін тұлғалық дағдарыс, адамгершілік және дүниетанымдық ізденіс, құндылықтық кескінді қайта пайымдауға ұмтылу, қандай да бір өмірлік кедергілерді игеру сәттерін ұтымды пайдаланады. «Діни қызмет» желеуімен жаңа қауымдарға тартудың басты құралына рухани және физикалық емдеуге уәде беру, жаңа бауырластар, отбасын табу, жаңа ұжымдық жағдайда діни (Құранды немесе Тауратты, ғибадат ету практикасын үйрену) және діни емес мұқтаждықтар жүйесін өтеу айналады. Идеологиялық әсердің жаңа «агенттерінің» әрекетінің бағыты діни құлшылықты атқару,

тұлғалық жетістіктерге жетудің жаттығуы, өмірлік қиындықтары мен мәселелері барларды қолдау, шет тілдерді үйретудің тәсілін жарнамалау немесе тиімді аутотренингтің дағдыларын алу, салауаттандыру практикасын игеру және басқа да танымал болып үлгерген әдіс-тәсілдермен бұркемеленуі мүмкін.

Псевдодіни ұйымдар өз мүшелерінің ойлау мен өмір тәртібін жүйелі түрде өткізілетін жиындарда (бұл жиындар осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда да, пәтерлерде де, жеке сектордағы үйлерде де, мекемелер мен ұйымдардың кеңселерінде де, қоғамдық орындарда да өткізіле береді) бағдарламалайды және бақылайды: ол жиындарда әрбір қатысушының жиындағы «жұмысы» тексеріледі, әрбір мүшенің құлшылық қызметіне қатысудың үдемелілігі туралы, оқыту мен басқа шараларға қатысуы, олардың ұйымды қолдаудағы қаржылық қатысуы туралы әрбір микротоп (ұялас) «ағаларының» хабар-мәліметтері тыңдалады. Ұяның жетекшілеріне кез келген «бағынбаушылық» туралы, ұйым тәртібін бұзу жөнінде, мүшелердің ұйым үшін ыңғайсыз қойған сұрақтары туралы мәліметтер жеткізіледі. Осының аясында бұл қызметтің сипаты мен бағыты туралы, оларда туыстар мен жақындардың ұзақ калуының себептері туралы ақпарат алуға тырысатын туыстар мен БАҚ құралдары үшін осы псевдодіни ұйымдардың жабықтығы мен тасалануы кездейсоқ көрінбейді.

Псевдодіни ұйымдардың жүзеге асыратын әрекет түрлері мен уағыздарын талдау бұл қызметті атқарушылардың қазақстандықтар өмірінің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне жүйелі әрі табандылықпен назар аударатынын көрсетеді. Болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді бағалау жағымсыз жағына қарай саясиландырылады, болмыстағы шынайылықтың себеп-салдарлық байланыстары қиялдан туған мифологиялық бағыныштылықтармен алмастырылады және ол адепттердің ойлауын нақтылықтан бұрып әкетеді.

Псевдодіни уағызшылар діни топтың жігерін азаматтарды әлеуметтік қолдаудың басқа тәсілдеріне қарсы қояды, көзқарастарды таңады және дүнетаным мен дүниетүсінікті алмастыруға мәжбүрлейді, моральдық қысымнан бастап әсер етудің физикалық әдістеріне дейін қорқыныш ұялатып, қауіп-қатер төндіреді. Оған қоса, қазақстандық мемлекеттің бейнесіне, оның институттарына жауыздардың, алпауыттардың сипаттамалары таңылып, онымен

(жалған) діни сенім ұстанымында күресу қажеттігі айтылып, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мүшелерді «рухани сарбаз» болуға шақырады. Мұның барлығы таусылмайтын ұзын-сонар уағыздар мен жаттығуларда, кездесулер мен әңгімелерде санаға сіңіріледі, олардың түпкі мақсаты – кәдуілгі үйреншікті қарым-қатынастан (отбасылық, жора-жолдастық, кәсіби) азаматты шығарып, қауымға жаңа пікірлестерді тарту, өзінің жеке еркін қауымдық көшбасшының бұйрықтарына көндіру.

Жеке адам мен топты, азамат пен қоғамды тайталастырып қою мақсатын көздеуді біз жалпымәдени бірегейлікті бұзу, біздің қоғамдағы келісім атмосферасын шайқалту ретінде қарастырамыз. Ал мұндай әрекет саяси тұрғыда бұрмаланған және идеологиялық пиғылдағы әрекет ретінде анықталады.

Туған-туыстармен жақындар, психологтармен психотерапевттер, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар жекелеген дәстүрлі емес табынушылықтардың ықпалына түскен тұлғалардың сыртқы да, ішкі де өзгерістерін бірден аңғарады. Өмірдің жаңа тәртібін қабылдау, тұлғалық өзгерістің қатаң бақылаумен сипатталатын үнемі қауымда болудың салдарынан болатын құндылықтық бағдарлардың ауысуы осыған ықпал етеді. Көп жағдайда неокульттардағы ұжымдық құдайға құлшылық ақпаратты иландырып қабылдауға негізделген әсер етудің арнайы әдістерін қолданумен және ұйымшылдығымен ерекшеленіп қана қоймай, озбырлығымен де сипатталады.

Психология мен психиатрия саласындағы мамандар бірқатар табынушылық ғұрыптарды атқару кезінде бағышталған психологиялық әсердің болатынын тұжырымдайды, ақырында бұл әдептің ұжымдық ғибадат шараларға экстатикалық тәуелділік қалыптастырады. Қауымда болудың барысында әдептің (дінге сенуші адамның) психологиялық денсаулығы бұзылады, әлеуметтік мәртебесі жойылады, тұлғаның қалыпты бұзылуы жүзеге асады. Қайта бейімделу үдерісі отбасы, мамандар, достар мен әріптестер тарапынан орасан зор күш-жігерді қажет етеді.

Дәл осы себепті, қалыптасқан жағдайдан шыға отырып, псевдодіни ұйымдардың қалыпты құрылымының бұзылу әрекетінен опық жеген азаматтар үшін сауықтыру аймақтық орталықтарын құру қажет. Олар ұзақ уақыт бойы әлеуметтік реадaptацияға, заңгерлік көмектен бастап еңбек терапиясына дейінгі қызмет көрсетудің кең шоғырына мұқтаж болып табылады. Квазидіни ұйымдарға

қатысушылар көбіне пәтерін, бизнесін ерікті түрде беру туралы немесе ұйымның мекен-жайына, нақты тұлғаның атына өз еркімен ақша аудару туралы келісімді қысым немесе көзарбау салдарынан жазғандықтан заңгерлік көмек қажет болады.

Сараптамалық талдау көрсеткендей, жаңа діни табынушылықтар, қоғамдық бірлестіктер (көбіне мемлекеттік тіркеуден өткен, сондықтан да маңғазданатын) жамылғысының астында еркін әрекет ететін және тұтастай алғанда тораптық сипатқа ие болатын бұл қызмет қазақстандық менталитеттің құндылықтық негіздерін бұзу арқылы мемлекеттіліктің бейнесін шайқалтуға бағытталған, басқарылатын сипатқа және арнайы ұйымдастырылған бағдарға ие. Псевдодіни ұйымдардың әрекеті идеологиялық тұрғыда үнемі демократиялық еркіндіктің жоқтығы туралы пікірталасты қоздырады, ал шын мәнінде «басқарылатын демократияны» және «жоспарланған хаостың» үлгісін өндіреді. Көпжылғы мониторинг көрсеткендей, діннің жамылғысы астындағы миграцияның салдары тек тұлғалық қана емес, топтық сипатқа және қоғамдық эффектке де ие. Уағызшылардан бастап неофиттерге дейінгі діни мигранттар Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығына қауіп төндіретіндей және қақтығыстық сипаты жоғары жаңа субмәдениетті қалыптастырады. Мұндай әрекеттің мақсаты – бұқаралық мінез-құлық пен санаға деструктивті әсер ету, басқарылатын (эластикалық) бұқаралық сананы қалыптастыру, бір жағынан бұқаралық сананы жаһандық сипаттағы «шайылған» құндылықтарға қайта бағдарлаумен, екінші жағынан үстемдік етіп отырған мемлекеттік құрылысты өзгертуге ұмтылумен айналысатын құпиялықты сақтау қызмет ететін саяси ұйымдардың торабын құру.

Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықты сақтаудағы Қазақстанның геосаяси стратегиясы мен рөлін ескере отырып, азаматтар конфессионалдық негіздегі қақтығыстарға халықтың тартылып кету мүмкіндігіне алаңдаушылық білдіреді. Саяси жүйенің, қоғамдық құрылыс пен экономикалық тәртіптің өзгеруі жағдайында қоғамдағы құндылықтық басымдылықтар жүйесінде үнемі өзгерістерде болатындықтан, мемлекет пен қоғам идеологиялық ықпалдың тетіктерін азаматтық менталдыққа беріп қоймауы тиіс. Республикада арнайы жүйелі зерделеудің, зерттеудің қазіргі заманғы озық әдістері мен технологиясының негізінде менталдық үдерістердің мониторингінің болмауы бұқаралық сананы айлалы

әрекет жасау мүмкіндігіне, оны псевдодіни ұйымдар мен квазидіни көшбасшылардың саясиландыруына әкеледі. Біздің қоғамда азаматтық шоғырланудың шайқалуына және билік институттарына деген сенімнің әлсіреуіне әкелетін наразылықтың мүмкін болар қарсылықтық көріністерінің алдын алатын тетіктер жұмыс істемейді. Осыған байланысты псевдодіни идеологияның негізінде ахуалдың мүмкін болар экстремизмденуі мәселелері бойынша тұрғылықты халықпен ақпараттық-кеңес берушілік жұмысты үнемі жүргізіп отыру маңызды. Идеологиялық басқару мен саяси ықпалдың тетіктері мемлекеттің қолында болуы тиіс.

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҰРУДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Анатолий Косиченко

2011 жылға дейін Қазақстан діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмнің шу тудырушылық көріністерінен аулақ болып келді. Бірақ біздің айналамызда мұндай әктілер болды және аз болған жоқ. Бұл саладағы сыртқы ықпалдың әлеуеті болып келді және ол жоғары күйінде қалып отыр. Оған қоса, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда ішкіқазақстандық мәселелер баршылық. Қомақты деңгейде мәдениет, әсіресе дәстүрлі мәдениет бұзылды, руханилық пен адамгершілік деңгейі құлдырады. Осының бәрі жинақтала келе радикалды топтар тарапынан құқық бұзушылық көріністерін Қазақстан Республикасында да мүмкін етті.

Бұл әрекеттерге діннің қаншалықты тартылғаны – басы ашық мәселе. Экстремистер өздерін «таза исламның» жақтастары ретінде көрсетеді, бірақ олар оның идеологиясымен, тіпті ханафилік мазхаб пен салафи арасындағы догматтық айырмашылықтармен таныстығы екіталай. «Исламнан шыққан экстремистердің» ең кең таралған дәлелі – Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігінің исламды ұстанудағы жалғандық сипаты – оларға теракт жасауға құқық бермейді. Сондықтан бұл жердегі діни дәлел ойдан шығарылған. Әлеуметтік әділеттік үшін күрес – террорлық әктілерді ақтаудың екінші кең таралған дәлелі – бейбіт халықтың арасында құрбандықтар болмауы тиіс және сондықтан терактілер мұндай күрестің құралы емес.

Террорлық әктілерге ұласқан қарсылықтың интегративті сипаты діни риторикаға жүгінуге мүмкіндік береді, бірақ ол да жасанды. Дін терроризмді тудыра алмайды, қайта керісінше: ол көнбістікке, саяси бағыныштылыққа, мемлекетпен әлеуметтік ынтымақтастыққа үйретеді. Дін төзімсіздіктің және тіпті озбырлықтың жалғыз формасын ғана мойындайды – өз күнәларыңа деген төзімсіздік. Алайда, лаңкестер мен содырлар дінді жамылғы етеді және өз әрекеттерін діни дәлелдермен негіздеуге тырысады.

Қазақстандық қоғам діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмге мынадай бірқатар бағыттар бойынша қарсы тұруға қабілетті:

- бұл қарсы тұруды, ең болмағанда ел дамуының қазіргі кезеңінде, ұлттық қауіпсіздіктің басымдылығы ретінде қарастыру;

- күштеу және алдын алу әдістерін қосақтай отырып экстремизм және терроризммен жүйелі түрде күресу;

- бұл құбылыстарға қарсы әрекетті ғылыми-сараптамалармен күшейту;

- лаңкестер мен содырларды қоғам тарапынан қолдаудан айыру, экстремизм мен терроризм көріністеріне деген төзімсіздік атмосфераны қалыптастыру;

- терроризмге қарсы әлемдік қауымдастықпен бірігіп күресуде өзіміздің ұлттық мүддемізді ұмытпау;

- жастарды гуманизм мен патриотизмнің зайырлы ұстанымдарында тәрбиелеу, ал бұл дін ұстану бостандығына мүлдем балама бола алмайды;

- әлеуметтік мемлекет құру, яғни біздің Конституциямызда жазылғандай және «Нұр-Отан» партиясының XIV съезінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев мейлінше көп айтқан әділетті әлеуметтік құрылым идеясын жүзеге асыру.

Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудің тағы да бірқатар формалары бар, бірақ біздің конференциямыздың тақырыбына сәйкес, бұл қарсы әрекеттегі дәстүрлі діндердің (бұл ұғымының шарттылығын еске алмағанда) рөліне көңіл аударамыз.

Бұл бағытта діндер тікелей де, жанама да жолмен әрекет ете алады. Тікелей алғанда – діндарлардың және жалпы барлық адамдардың санасына, зердесі мен ар-ожданына әсер етеді. Жанама түрде азаматтарға қамқор болу міндеті, қоғамдағы әділеттіліктің белгілі бір деңгейін сақтау, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, адамдардың материалдық және рухани дамуына мүмкіндіктер беру туралы билікке ескерту арқылы ықпал етеді.

Діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің мүмкіндігі, нақты айтқанда немен сипатталады? Біздің ойымызша мыналармен сипатталады:

- діни ағартушылықпен, адамдарды сенімге, жақындарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеумен, адам өмірінің шартсыз құндылығын түсінумен, қоғамды адамгершілікке тәрбиелеумен;

- діндарлардың экстремизмге идеялық қарсы тұруын талап етумен;

- өз ізбасарларына экстремист болуға тыйым салумен;

- содырлықтың Құдайға, Аллаһқа деген сеніммен үйлеспейтіндігін күнделікті сенімді түрде дәлелдеумен;
- әділеттілік идеясын діни негіздеумен және бұл идеяны дінде жүзеге асырумен;
- мемлекетпен бірлесе отырып әлеуметтік қызметті белсенділендірумен;
- кеудесін кек пен өкініш кернеп, теракті жасауға дайын адамдарды жұмсартумен.

Сөйтіп, ақырында, ең маңыздысы, экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеттегі дәстүрлі діндердің істей алатыны – бұл бейбітшілік, халық, билік туралы дұға оқу.

Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етуге тек дәстүрлі діндер ғана қабілетті деу артық, оған «дәстүрлі емес» деп аталатын діндер де көмектесе алады. Бұл қарсы әрекетте, бірақ тоталитарлық және экстремистік діни ұйымдардың (әрине олардың тоталитарлығы мен экстремизмі дәлелденген жағдайда) көмегінен аулақ болу керек.

Саяси алаңда діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмнің болуымен байланысты бүкіл мәселені терең ұғыну үшін исламның саясилануы үдерісі деген феноменді қарастыру керек. Исламның едәуір саясилануын түсіндіру үшін көбіне ислам тарихының бастапқы кезеңдеріндегі зайырлы және діни биліктердің ең әуелгі бірігуі туралы дәлелге иек артады. Яғни исламның саясатқа практикалық және, тіпті кейде қатаң қағидалық деңгейде принципіалды және концептуалды тартылуын дәлел қылады. Ислам дамуының ертедегі кезеңінде зайырлы билік пен діни биліктің бірігуі шынында орын алды. Ол Мұхаммед пайғамбардың жоғары беделімен және қауымның тайпалық сипатымен ақталды, мұның өзі діни және зайырлы билікті ешқандай қиындықсыз біріктіруге (халифат формасында) мүмкіндік берді. Алайда пайғамбар қайтыс болған соң ислами араб қоғамдарында билік зайырлы (эмират) және діни (имапат) деп бөлінді. Ислам әлемінде биліктің қалаулы формасы саналған кейінгі басқарушы халифтер ислам факторының қатысы көбірек немесе азырақ болған мемлекеттегі зайырлы билеушілер болды.

Бүгінгі күні исламның атынан діни және зайырлы биліктерді біріктіруді (оның үстіне кез келген зайырлылық элементін біртіндеп ығыстырумен) талап ету әдепті емес. Оның үстіне зайырлы мемлекетте. Сондықтан қазіргі кезеңде исламның саясилануын

ақтау үшін биліктің аталған бұтақтарының әуел бастапқы дәлелін алға тарту ақылға сыймайды.

Бүгінгі исламның саясилануы – бұл мүлдем діни емес, саяси жоба. Және оған оған дәл осылай саяси жоба ретінде қарау керек, яғни билікті атқарудың тарихи тұрғыда игерілген формаларын қайта тірілту кімге және қандай мақсатта керек болғанын анықтау қажет. Бүкіләлемдік халифат идеясы бүгін өмір сүруге қабілетсіз, бірақ ол идея жүзеге асырылуды мақсат тұтпайтын да тәрізді. Ол идея барынша кең саяси кеңістікті «жаулап алу» үшін турашыл төрт халифтің дәуіріне қайта оралу талабын мейлінше бұқаралық сипатқа айналдыру мақсатында ұсынылды. Және бұл исламистердің қолынан келеді. Бұл, өз кезегінде, экстремизм мен терроризмге (экстремизмнің шектен шыққан формасы ретінде) деген пиғылды қоздырады. Сондықтан біздің жағдайымыздағы (Орталық Азия елдеріндегі) діни пиғылдағы терроризмге әкелетін бүкіл үдерісті былайша сипаттауға болады: ислам – исламның саясилануы – ислами идеологиялар – экстремизм – терроризм. Терроризмді исламмен байланыстыру мүлдем дұрыс емес, ислам анықтамасы бойынша ол – бейбітшілік діни, бірақ оқиғалар жоғарыда келтірілген кестемен жүргенде біз ең «соңынан» терроризмді көреміз.

Алдымызда барынша маңызды міндет тұр – дінді діни пиғылдағы терроризмнен «ажырату». Бұл міндетті шешу үшін терроризмнің діни пиғылының мүмкіншілігі жоқтығын көрсету керек, діни догматтар мен террор идеясының қосылуы мүмкін еместігін дәлелдеу қажет. Діннің бейбіт, гумандық сипатта болатыны және оның терроризммен байланысы жоқтығы туралы тезисті жауыр болғанша қайталай беруге болады, бірақ оның нәтижесі болмайды: содырлар өз әрекеттерін ақтау үшін дінге сілтеме жасап келсе, әлі де сол сілтемесін жалғастыруда.

Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы жергілікті халыққа түсінікті тілде исламның догматикасы мен практикасынан ешқашан да исламистік топтардың құқық бұзушылық әрекеті туындамайтынын түсіндіруі тиіс. «Хизб-ут-Тахрирға» қарсы фәтуа жариялау мен салафиттерге тыйым салуды талап ету аз, исламның бейбіт мәні туралы уағыз айту да жеткіліксіз. Қазақстанның жетекші ислами дінтаушылары мен ең танымал имамдары лаңкестер мен содырлардың исламға қарсы әрекеті туралы БАҚ-да үлкен таралыммен мақалалар тізбегін жариялауы керек, ал ең жақсысы,

осы мәселе бойынша әлемнің ең озық үлемдерінің ұстанымдарын өз мақалаларында көрсетіп, оларды да қазақстандық БАҚ-да шығаруы қажет.

Қазақстандағы дәстүрлі діндердің бірі – ханафилік мазхабтағы сунниттік исламның дүр сілкіндірер салмақты дауысы осымен сипатталуы керек. Тағы да қайталаймыз, исламның бейбітшілік сипаты туралы жалпы пайымдаулардың қажеті шамалы, діни пиғылдағы террорға қарсы догматтық деңгейде дәлелді де қарапайым уәждер керек.

Мұны істеу мемлекеттің де, Діни істер жөніндегі агенттіктің де, күштеу органдарының да қолынан келмейді. Мұны тек білімді имамдар және, әрине, мүфти істей алады, басқаша айтқанда бұл талап ҚМДБ-на қатысты. Құраннан, сүреден сілтемелер бере отырып, террордың исламмен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны түгілі, оған исламның тыйым салғанын көрсету керек. Неге радикалды уағызшылар (Құранды бұрмалай отырып) адамның санасын теракт жасауға дайын етіп шығарады да, ал «сабырлы исламның» атынан сөйлейтін имамдар Құранды ашық және дәл тәфсірлей отырып, бұл бұзылған сананы тазарта алмайды? Неге олай? Мәселе сауатсыздықта ма, әлде адамдармен жұмыс істеуді қаламауда ма? Әлде басқа бір нәрсе бар ма?

Аймақтағы исламдық радикализмнің таралуымен байланысты ахуалдың соншама қауіпті көлемге ие болуы Орталық Азия елдеріндегі исламдық жетекшіліктің қабілетсіздігінің салдарынан сияқты көрінеді. Аймақтағы ислам үмбетінің ресми көшбасшылары радикалдармен пікірталасқа түсуден, радикализм идеяларын айқын әрі негізді сынайтын күнделікті уағыздан бойын аулақ ұстады. Имамдар әлеуметтік және экономикалық сипаттағы өткір мәселелерді көтеруден қорқады, ал бұл сұрақтарға жауап бере отырып, оны ислам радикалдары белсенді пайдаланады, сөйтіп, өз жақтастарының санын арттырады. Орталық Азияның діни көшбасшылары діни уағыздың бастамасын өз қолдарына алуы керек. Оның ішінде жихад ұғымын, «нәпсінің жихады» мен «қылыштың жихады» айырмашылығын кеңінен әрі жеткілікті түсіндіруі керек, бүгінгі күні радикалдар дәл осы ұғымды белсенді саудаға салып отыр.

Содырлар әуел бастан бәріне дайын емес. Ал олар дайын болған кезде, олармен жұмыс істеу, көзқарасын өзгерту қиын болады. Бұл – арнайы қызмет әрекетінің саласы. Бірақ олардың озбырлық

дүнетанымы енді қалыптасып келе жатқан кезең бар. Дәл осы кезеңде дәстүрлі діндердің адам бойында жағымды қасиеттерді тәрбиелеуге, оны рухани орнықтылыққа даярлауға, радикализм уағызшыларының жалғанын тани білуге үйретуге қабілетін барынша көрсетуі тиіс. Дәстүрлі діндердің бұл әлеуеті толық пайдаланылмай отыр.

Экстремизм мен терроризмге дәстүрлі діндердің қарсы әрекетіндегі осы және басқа да шаралардың (бұл тұста уақыттың шектеулілігіне байланысты қарастырылмаған) жүзеге асырылуы Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанда экстремистік әлеуеттің бәсеңдеуіне ықпал етеді.

Қорыта келе, біздің тақырыбымызға тікелей қатысы бар бірқатар пайымдарымызды қысқаша түрде баяндаймыз.

Діни терроризмге тиімді қарсы тұру үшін діни пиғылдағы терроризмді діни пиғылды терроризмнен, қылмыскерліктен, кәдуілгі қарақшылықтан ажырата білу керек. Бұны істеу қажет, өйткені бұл әртүрлі құқыққа қарсы формалармен әрқилы, әртүрлі құралдармен күресу керек. Бүгінгі күні террористер үшін өздерін әділетсіздік үшін күрескер ретінде көрсету қолайлы әрі сәнге айналып отыр. Және мұның барысында исламдық шешендік пайдаланылады. Исламның әділеттілікті талап ететіні белгілі, оның үстіне христиандықпен салыстырғанда, ислам әділеттілікті «осында және қазір» жүзеге асырылуын талап етеді. Сондықтан радикалдар әділеттілікті жүзеге асыру үшін күресу қажеттілігін «дәлелдей» отырып, Құранды бұрмалап түсіндіруге ұмтылады. Қашанда мұның артында исламнан алшақ, сенімнен аулақ мақсаттар мен міндеттер тұрады. Бұл өзін ақтағанымен, қашанда қарақшылық.

Исламдандыру үдерістерінде жаңасаяси ауқым да бар. Орталық Азияның тұрақсыздығына қазіргі геосаясаттың көптеген ірі субъектілері мүдделі. Қарсылық әлеуетінің бар екенін пайдалана және шетелден енген радикализмнің ұшталған формаларын қолдана отырып, бұл «ойыншылар» қақтығыстарды желіктіріп, кейін оларды басқара отырып қарсылық әлеует пен радикализмді бөлшектейді, осылайша жаһандық геосаяси мақсаттарына жетеді.

Аймақтағы бар саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешу қажет. Олардың дәл осы шешілмегендігі діни радикалдарға дәлел болады. Аймақ үшін ең өзекті деген мәселелердің шеңбері баяғыда-ақ сызылған: жемқорлық, әлеуметтік әділеттіліктің жоқтығы, жастар арасындағы жұмыссыздықтың орасан зор

көлемі, «әлеуметтік жеделсатысының» жоқтығы, демократиялық институттардың әлсіздігі. Аталған мәселелерді шешу діни пиғылдағы экстремизм мен терроризммен күрестің ең тиімді нысаны болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ИНТЕНСИФИКАЦИЯЛАНУ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Валентина Курганская

Қазақстан діни экстремистерді қызықтыратын мемлекетке айналып келе жатыр. Әлеуметтік-наразы қабаттарда шет елдік адепттер іске асырып отырған, сыбайлас жемқорлық, әсіресе, жастар арасындағы жұмыссыздық, олардың діни сауатсыздығы, өздерінің қатарына тартудың белсенді іс-шаралары еліміздегі саяси тұрақтылықта айтылмай қалмайтын экстремистік астыртын әрекеттерді кеңейтіп келеді. «Басқарылмайтын хаос» (шындығына келгенде, бағынатындығы айқын) жағдайы әлдекімдердің ықпалын орындайтын немесе үлкен саясаттың құрбаны болатын халықтың белгілі бір жеке топтары арқылы құрылуда. Сарапшылар тұрақтылық кезеңі біздің аймақта да аяқталып келе жатырғандығы туралы қорытынды шығарады.

Көңіл аударуға тұрарлық көзқарасты, жуырда Қырғызстанның Prudent Solutions атты сараптама орталығының директоры Эсен Усубалиев айтқан болатын. Ол Қазақстанның діни топтарын радикалдандыруға ықпал етуі мүмкін бірнеше факторларды атап көрсетті:

- әлемдік экономика мен саясаттағы ҚХР-дың саяси және экономикалық ролінің өсуіне көңілі толмайтын, оның қатарында АҚШ шешуші орын алатын, батыс елдерінің әрекеті;

- Парсы шығанағындағы араб елдерінің әлемдік нарықтағы қуат тасымалдаушылығының тым артуына мүдделі еместердің әрекеті – бұл оларға Каспий маңы аймағынан Орта Азия мұнайын сыртқа шығаруға кесе көлденең тұру үшін тиімді;

- Сауд Арабиясының әрекеті, ол – Таяу және Орта Шығысқа АҚШ мүддесін өткізудің, Израильден кейінгі, радикалданған діни қызметкерлердің көпшілігі білім алған басты мемлекеті;

- дін саласы бойынша толық либералданған заңдар.

Оның түсінігі бойынша, радикалды топтардың әрекетінің мәні, жиһадшылардың пәрменді құрылым өкілдеріне қарсы шығуы – Қазақстандағы жамағаттардың және әр түрлі топтардың қарулы әрекеттерін дамытудың негізгі кезеңі емес, тек бастапқы ғана

сатысы. Болашақта – қазақ топтарымен қатар жиһад бағытын ұстанатын ұйғыр сепаратистерінің мүддесін біріктіру арқылы ҚХР-мен қатынасты ушықтыру, сондай-ақ Қазақстандық террористермен және Солтүстік Кавказдағы (Дағыстан) жиһадшылармен байланысу арқылы Ресеймен де қатынасты шиеленістіру және Ресейдегі Солтүстік Кавказдағы жағдайды тұрақсыздандыру үшін Қазақстан аймағын пайдалану мүмкіндігі [1].

Еуропарламенттің экс-депутаты, антиглобалист Джулетто Кьеза бүгінгі Нью-Йорк, Уолл-стрит пен АҚШ-қа қауіптіліктің ең үлкен қайнар көзі деп санайтын ислам үлкен күресті АҚШ ресурстар үшін пайдалануы мүмкін екендігі туралы атап өтеді. 1998 жылы АҚШ-та «Project for the new American century» құжаты басылып шықты. Бұл құжатта, 2017 жылы АҚШ қауіпсіздігі үшін Қытай ең үлкен проблемаға айналатындығын публицист мәлімдеп, көрегенділікпен жазған болатын [2]. Оның айтуы бойынша, «желтоқсанның ортасында «Нью-Йорк Таймс» қандайда болмасын бір Уолл-Стриттегі ресторанда ай сайын «Голдман Сакс», UBS, «Бэнк оф Америка», «Дойче банк» сияқты 9 әлемдік банктің басшылары жиналатындығы туралы мақала жариялады. Ай сайын бұл тоғыз адам алты миллиард адамға қатысы бар шешімдер қабылдайды: әлемде жұмыссыздық неше пайыз болады, аштықтан неше адам көз жұмады, қанша министр сатылады және т.б. Бұлар көрнекті қылмыскерлер, бірақ олар кез-келген әлемдік көшбасшыға ықпал ете алады. Олардың нақтылы билігі – ақша билігі [3].

Тәуекелдерді бағалау тобының директоры Д. Сәтпаев 2006 жылы-ақ террорлық әрекеттердің белсендендірілуіне жағдай туғызатын, Қазақстанның террорлық топтар әрекет етіп отырған мемлекеттермен көршілес болуынан бастап, Республика аймағында шетелдік құрылымдар мен батыстық инвестициялық компанияларының санының көптігіне дейінгі, факторларды атап көрсеткен болатын. Ол бұлардың қатарына АҚШ-пен серіктестікті де қосып қойған. Оның пікірінше, ҚР-да тек экстремистік ұйымдар ғана емес, соққы беретін нақты жоспарлары бар тұтас топтар әрекет етеді. Ол біздің елімізде экстремизм үшін шарттардың жоқ екендігі туралы әңгімелерді негізсіз деп санайды. Оның түсінігі бойынша, мемлекеттік құрылымдар (ҰҚК-нен басқа), сондай-ақ дәстүрлі конфессиялар халық арасында, іс жүзінде, жұмыстар жүргізбейді, ал Қырғызстанда «Хизбут-Тахрир-аль-Ислами» айтарлықтай саяси

күшке айналып үлгерді және өздерінің кандидаттарына немесе басқаларға қолдау көрсетіп, сайлауға белсенді түрде қатысып отыр.

Алайда аймақтарда дәстүрлі ислам өкілдері әрекетсіз деп есептеуге болмайды. Біздің 2010 жылғы жүргізген сауалнамамыз, олар халықтың әр түрлі топтары арасында рухани ағартушылық бағытта белсенді жұмыс жасайтындығын көрсетіп берді. Бірнеше мешіт имамдарының пікір білдіруін келтірер болсақ (редакторлық түзетусіз):

«Курстар бойынша имамдардың орынбасарлары жұмыс жасайды, Құран, шариғат жөнінде, намаздың қалай дұрыс оқу керектігі туралы баяндап береді. Курсқа кез-келген адам, тіпті балалар да қатыса алады. Қазір (курсқа қатысатындар – авт.) 10 жастан басталады. Қазіргі кезде балалардың көпшілігі жоғары сынып оқушылары. Курс оқушыларының орта жасы 30-40. Сондай-ақ курстарда Түркиядан келген ұстаздар да бар. Бізді колледждерге, мектептерге: рамазан айы, намазды қалай оқу керектігі т.б. туралы әртүрлі бағыттар бойынша дәріс оқуға шақырады. Мектептерде ашық сабақ береміз».


«Бізде мешіт жанында курстар бар. Олар медресе болып есептелмейді, себебі, тек негізгі білімдерді ғана береді, мамандар да болмайды, бұл балаларды ұстап тұруға мүмкіндік те жоқ. Курстар былайша жұмыс жасайды: кім дінге қызығушылық танытатындығы, кім Құран оқуды білгісі келетіндігі туралы хабарландыру береміз, келеді, жазылуға келеді, сосын оқып-үйренеді. Курсқа 7-8 жастағы балалар жазылады, 50-ден кейінгі ересектер де келуі мүмкін».

«Мешіт жанында курстар бар. Бәрінде емес, тек орталықтарында. Курстар ҚМДБ жоспарларына сәйкес жұмыс жасайды. Қазіргі кезде курсқа мектеп оқушылары мен студенттер қатысып жүр. Алдағы уақытта біз оларды медреселерге жібереміз. Курсқа қатысуға шек қойылмайды. Ең бастысы адамдар дұрыс пікірде болуы керек. Курстар тегін. Оқу әліпбиден басталады»

«Мен 4 ай бұрын келдім (Египеттен-автордан), исламды дұрыс түсінуі үшін, дұрыс оқу үшін, 20 оқушы жинадық. Бізде мұнда жатақхана, тамақтану, түнеу – бәрі де тегін. Курстар тек облыстық мешіттерде ғана. Сабақ сенбі мен жексенбіден басқа барлық күндері өткізіледі. Қазір 2 ай өтті, біз курсты ұзарттық, оқушылар өздерін қалай көрсететіндіктеріне қарап медресеге жібереміз».

Бірақ ұстаздары кездейсоқ адамдар болып шыққан курстардағы діни ағартушылықты тек дұрыс айғақ ретінде ғана бағаламау қажет. 2005 жылы әлеуметтік сауалнама жүргізу кезінде рухани мекемедегі студенттер мен мешіт жанындағы рухани курстарды тыңдаушылардың шахидтерге берген бағалаулары арасында айырмашылықтар айқындалды (1 диаграмма).

1 Диаграмма



Сіз шахидтерді кім деп ойлайсыз? (жауаптар бірнеше нұсқалы болуы мүмкін)


Диаграммадан байқалып тұрғандай, рухани курстарды тыңдаушылардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша, шахидтер батыр болуға жақын тұрғандар болып көрінеді: олар саналы түрде өз өмірлерін дінге қиған адамдар, немесе, әділеттілік пен еркіндік үшін күресетін адамдар. Тек кейбір тыңдаушылар ғана оларды зомбиланған адамдар ретінде түсінуді, немесе, психикасы сау емес фанаттар деп ұғынуды теріске шығарады.

Бұдан, рухани курстарды тыңдаушылар үшін оқытушылық құрамды таңдауда, ислам негіздері туралы ізгілікті білім ала алмайтын, кездейсоқ уағызшыларға (немесе «кездейсоқ еместік» басымдау) байланысты, өте қатаң тәртіп тұрғысынан келу керектігі

туралы қорытынды шығады. Нәтижесінде оқушылар ислам бұрын пайымдағандай (кездейсоқ рухани ұстаз оқытқандай дегенге келеді) қылып түсіндіретін болады.

Сол кезде рухани курстарды тыңдаушылардың үштен бірінен көбі біздің елімізде шахидтардың пайда болуы мүмкін деп есептеді (диаграмма 2).

2 Диаграмма



Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде осындай адамдар пайда болуы мүмкін бе?

Имамдарға жүргізілген сұрау салулар нәтижесі, халықпен жүргізілетін жұмыстарда, әсіресе, Қарағанды облысының мешіттерінің өкілдері ҚМДБ-мен бірлесіп белсенді жұмыс жасайтындығын көрсетті:

«...Жергілікті облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде біздің 1 бетіміз бар, біз 2 апта сайын онда мақалаларымызды жариялап тұрамыз. Сонымен қатар бізге жергілікті 5-ші арнада аптасына 1 рет қазақша және 1 рет орысша «Ислам: сауалдар мен жауаптар» бағдарламасы бойынша уақыт берді. Айына 1 рет біз радиодан сөйлейміз. Бізде орталық мешіттің Қарағандылық сайты бар www.ihsan.kz. ҚМДБ-дан айына 3 рет газет, айына 2 рет ҚМДБ-дан шығатын журнал тұрақты түрде келіп тұрады.. Біз оларды келушілерге тегін таратамыз. Каирде әлемге танымал әл-Азхар университеті бар. Біз олардың сайтына кіреміз, бұл университеттің шейхтарымен байланысамыз. Олардан әдебиеттер мен кеңестер алып тұрамыз».

«Біздің облыстағы бас имам Наурызбай қажы жұмысты жеке өз бақылауына алған. Мәселен, түзеу колоннасын қамту. Біз оған тұрақты түрде барып тұрамыз және жазаға кесілгендермен кездесеміз. Ақиқат жолға саламыз. Мәселен, біздің мешіт пен орталық мешіт кезектесіп тұрақты түрде ауруханаларға барып

тұрады. Мен кеше ғана онкологиялық ауруханада болған едім. Сөйлесеміз, сергітеміз. ЖОО-на барамыз. Сондай-ақ мен бір мекемеде сабақ жүргіземін...Бұның бәрі ерікті түрде өтеді. Біз ешқашан мәжбүрлемейміз, олардың сұраулары бойынша барамыз, әңгімелер өткіземіз. Мектеппен тығыз жұмыс жасаймыз. Біздің шефтік қамқорлығымызда мектептер бар. Колледждермен де жұмыс жасаймыз. Бәрін де тізіп айта беруге болады».

Елімізде хиджаб кию туралы текетіресті пікірталастар жүріп жатыр, Қазақстанның жеке оқу орындарында оқушылар мұсылмандық киім киіп жүруде қарсылықтарға кезігеді. Бұл тұста дін қызметшілері мынадай төреші кейпінде сөйлейді: *«Маған бір топ жас қыздар келді де, ЖОО-да өздеріне неге хиджаб киюге тыйым салынатындығын түсіндіріп беруді сұрады. Бұл соншалықты өткір және нәзік тақырып, бұны қалай шешу керек? Бұл тағы бір өте маңызды мәселе».*

Сауалдың өткірлігі, әлбетте, мұсылмандық киімді киюге рұқсат бермеуде немесе рұқсат етпеуде. Қазақстанда бұрын-соңды зардаптары болмаған саясиленген ислам жолындағылар осы тұрғыдағы акциялар арқылы өздері туралы мәлімдеуге ұмтылады. 2011 жылы «Стратегия» саяси және әлеуметтік зерттеулер орталығы жүргізген зерттеулерінің нәтижелері жөніндегі пікірталастар, Қазақстанды исламның жаңа түрін тудыратын орынға айналдыру мен Қазақстан өзінің діни нұсқасын сақтау мүмкіндігі туралы сауалдардың ашық қалдырылғандығын көрсетті.

Еліміздегі діни жағдай мониторингі мынадай болжам ұсынуға мүмкіндік ашады, Қазақстанда қазақтар мәдениетінің элементтері бар халықтық ислам оның неғұрлым саясиленген нұсқаларымен ығыстырыла бастады. 2010 жылы атыраулық мешіттің бір имамы үлкен қобалжумен қазақстандық үметтің бытыраңқылығын атап өтті. Ол мұсылмандық қауымда келісімділік жоқ екендігін баса көрсетті: *«Облыстағы барлық мұсылмандардың бір бөлігін, шамамен 50 пайызын біртұтас діни көзқарастар, діни дүниеге көзқарастар, дәстүрлер біріктіреді. Мұсылмандардың қалған бөлігі – уахабшылар, сопылар, исламның 3-4 бағыттары»*

Оның шамалауынша, діндегі пікір еркіндігін теріске шығаратын, шариғаттың құқықтық нормалары мен дәстүрлерін сақтауда фанаттықпен ерекшеленетін мазһаб өкілдері көбейіп келеді. Сонымен, имам, егер де шаралар қолданбаса, олар еліміздегі

исламдық қауымда мұсылмандық фундаментализмді тарату үшін негіз ретінде қызмет ете алады деп санайды. Имамдар экстремистік ұйымдардың жастарға ықпалының өсіп келе жатырғандығын атап көрсетеді:

«Елді дәстүрлі исламға тән емес жат діни ілімдер жайлады. Атыраудың жастары оның ықпалына еруде, өйткені оған қаржылық қолдау мен идеологиялық қамтамасыз ету көрсетіледі».

«Енді ғана діни парыздарын орындай бастаған жастар осы адамдарға (өздері айтқандай, шейхтарға) барады және олардан мазһабсыз оқиды. Мысалы, салафиттер, хизбут-тахрир. Жоғарыдан әлдекімдер бізді ыдырату үшін арнайы жасауы мүмкін».

Қазақстандағы мұсылмандық діннің дамуының екі жаңа беталысын бөліп көрсетіп, мемлекетті қайта құру жоспарларын иеленген діни ұйымдардың бар екендігі туралы сарапшы Н. Әлниязов: «...Билік құрылымдарындағы діни ұйымдардың біріктірілуі (әсіресе, экстремистік) және діни ұйымдардың мемлекеттің баламалық жобаларын қалыптастыруы мен еліміздің саяси өміріне қатысуға ұмтылуы», - деп көрсетеді [4].

Шындығында, жуық арадағы оқиға жағдайдың тым ушығып кеткендігі туралы пайымдауға негіз бола алады. Бұл сарапшы, соңғы уақыттардағы діни топтардың елеулі радикализациялануы, Қазақстан мен ОА-ның экстремистік топтарының көпшілігі жиһад жүргізу үшін әрі қарай бірлесе түсуі мүмкін екендігі туралы қорытынды шығаруға алып келетіндігін атап көрсетеді: «Қазақстан мен ОА-ға қауіп төндіретін ең шегіне шыққан экстремистер, тұтастай алғанда, «такфир» идеологиясын ұстанатын салафиттік топтар болып табылады. Қазақстандағы құқық қорғау органдары мен ҰҚК-не қарсы ұйымдастырылған соңғы уақыттағы терактілерді тек осылармен ғана байланыстырады».

Сарапшының пайымдауынша, исламның аймақтарға дамуының жаңа үрдістеріне ОА мемлекеттері мен қоғамымыздың дайын болмауының себептері тарихи өткенінде ғана емес, сонымен қатар ОА-дағы исламның жаңа эволюциясында жатыр.

Соңғы жүзжылдықтағы жағдай жеке мәдени бірегейлік пен дінді құра отырып, Орталық Азия аймағында мұсылмандық қауымдастық пен діннің оқшау қалыптасуына мүмкіндік ашты. Орталық Азияда тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуымен қатар ОА-да мұсылмандық қауымдардың бейберекетсіз, бақылаусыз өздігінен ұйымдасуы

және олардың мұсылмандық әлеммен бірігуі басталды. Спикер: «Соңғысы аймақта көптүрлі діни ағымдар мен қозғалыстардың таралуына алып келді. Бұл факторлардың салдарынан дін, бизнеске немесе мұсылмандық қауымдар ішінде кикілжіңдердің және дін мен мемлекеттің зайырлы институттары арасында келіспеушіліктердің тууына ықпал ете отырып, әр түрлі топтар мен күштердің саяси құралына айналды», - деп есептейді.

Имамдар өздерінің сұхбаттарында исламның «қазақтық» нұсқасына миссионерлердің немесе шет елдерде оқып келген адамдардың араласуға ұмтылып отырғандығын дәйектейді:

«Қазір кейбір адамдар мешітке келіп, намазды өзгеше оқиды, біз оларға Қазақстанның барлық мешіттерінде намаз ханафиттік үлгіде оқылуы керек екендігін түсіндіреміз. Себебі, Қазақстан Ханафи мазһабын ұстанады. Барлығына түсінікті және келіспеушіліктер болмас үшін. Бұл келіспеушіліктер ұлтына емес, тек қана діни уағыздардың ерекшеліктеріне байланысты».

«Бізде Мысырдан оқып келген оқытушылар бар және олар өздерінің идеологиясын уағыздайды, біз өздерінің ойларымен адастырмауына тырысамыз және бұл мәселелерді бейбіт жолмен шешеміз. Кей кездері адамдар қателеседі».

«Ең басты жікке бөлетін нәрсе, адамдардың шетелге, мысалы, Сауд Арабиясына барып оқуы. Осы жастар елге оралған уақытта, оларға мазһаб керек емес болып шыға келеді. Сонда мұсылмандар арасында дін тұту ортақ болмай қалады. Бұл жікке бөледі».

2000 жылдардың орта тұсында мақала авторы, исламдық ағарту мен білім беру, «мұсылмандық» қатардың бар екендігі т.б. Қазақстан Республикасындағы діндердің өзара ықпалына байланысы бар зерттеулерге қатынасты. Зерттеу нәтижесінде жаңа беталыстардың қатары туындап шықты. Сол жылдардағы зерттеулерден кейбір мәліметтер келтірсек, «қазақи емес ислам» нұсқасын насихаттау қазақстандық үмметте барынша қарқынды түрде және айтарлықтай ұзақ уақыт бойы іске асып келетіндігіне куә боламыз.

2005 жылғы біздің сауалдамамызға қатысқандардың үштен екісінен көп бөлігі (68,4%) мешіттегі экстремистік ыңғайдағы уағыздар сияқты құбылыспен кездеспеген. Бірақ оннан бір бөлігі (10,2%) оларды үнемі тыңдаған, ал әрбір алтыншы сұрау салынған адам (15,3%) кезі келгенде. Рухани курстарды тыңдаушы-респонденттердің әрбір төртіншісі және рухани мекеменің әрбір

алтыншы студенті әртүрлі мерзімде экстремистік уағыздармен кезігеді және олардың ықпалына тап болады.

Дінбасылардың өкілдері өгей діни қауымдардың бұларға енуіне тырысушылығымен кезіккен: *«Кейбір адамдар Құран оқу ұсынысымен келеді (мәселен, хизбуттар келді), бұндай оқиға біздің мешітте болды, бірақ бұлармен біздің жолымыз бір емес. Егер олардың ҚМДБ-дан рұқсаты болмаса, біз оларды намаз оқуға жібермейміз».*

Қазақстанның оңтүстігіндегі имамдар діни экстремизмді орталық азия аймағы үшін жат, сырттан таңылған және негізі жоқ идеология деп есептейді: *«Радикалдар мұсылмандарды жамандайды. Еуропада, АҚШ-та мұсылмандар әрқашан бейбітшілікпен өмір сүрді, олардың жағымсыздығы туралы айтылмайды. Біз-ге, Ауғанстаннан немесе Пәкістаннан ба, өздерін мұсылман санайтындар келіп, жарылыс жасайды, сосын бәрі ОА-дағы экстремизм туралы шулайды. Экстремизм исламды құртуға бағытталған».*

Қазақстанның оңтүстігінде экстремизмнің шиеленісу қаупі туралы айтар болсақ, бірнеше имамдар бұндай қауіптің бар екендігін және ол мынадай жағдайларға байланысты екендігін атап көрсетеді. Ислам көшбасшыларында экстремизмнің пайда болуымен күресу мүмкіндіктері аз – олар шарифат заңдарын қолданып, білімсіздігі үшін экстремистік пиғылды қолдағандарды жазалай алмайды. Мынадай пікір айтылды: *«Егер мемлекет пен ислам арасындағы бүгінгі таңдағы қатынастың формасы сақталатын болса, болашақта бізде экстремизм өсе түседі. Олар бір-бірінен бөлінген, ал экстремистер осы бақылаусыз аймақта қалды. Егер де олар шарифат заңдарын аттап кететін болса, мемлекет исламға шындық туралы, мұсылманның мінез-құлқы туралы мінеуге және оларды жазалауға мүмкіндік беруі тиіс. Сонда жағдай жақсара түседі, сосын экстремизм өрістемейтін болады».*

Бұл пікірлерде мұсылман үмметінің өзін-өзі басқаруы мен мемлекет пен үмметтің арасындағы өзара қатынасты өзгерту қажеттігі туралы маңызды ой мазмұндалған. Соңғы жылдардағы Рухани басқару ықпалында болмайтын ҚМДБ мен мұсылмандық ұйымдар арасындағы қайшылық азайған және ҚМДБ өзінің мешіттерге ықпалын күшейте алатын болса да, бүгінгі уақытқа дейін кейбір мешіттер жеткілікті деңгейде дербестікте қалып отыр.


5 жыл бұрын арнайы дінбасылары Қазақстанда экстремизмнің пайда болуына себептер жоқтығын, елімізде жаппай атеизм дәуірінен

кейін ұздан еркіндігіне орын барлығын, дін тұту мәселелерінде ешқандай да мәжбүрлеу жоқ екендігін өздерінің көзқарастарына негіз етіп ала отырып тұжырымдаған болатын. Бірақ сарапшы Н. Әлниязов: *«Бүгінгі күні күрес, арнайы емес мұсылмандық құрылымдар қазіргі мемлекет дамуының жүйесіне балама ретінде өздерінің жеке жобасын ұсынатын жерлерде саяси жазықтыққа өтті. Жағдай, діни саланы реттелмейтіндей қылуға мүмкіндік беретін, діни қауымдастықты бір-біріне қарсы тұратын көптеген топтар мен жамағаттарға бөлішектен, сүнниттік құқықтық мектептер (мазһабтар) арасындағы кикілжіңдер сияқты, белгілі бір мағынада жасанды толықтай жаңа құбылыстармен күрделенеді»*, -деп хабарлайды. Ол, бұл мәселеге қатысты мазасыздану, мемлекеттік деңгейде ханифа мазһабының исламдық аймақ үшін тарихи рөлінің мойындалуын белгілеген «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Заңның соңғы жобасында көрініс тапты деп есептейді.

Ол мәселенің шешімін дәстүрлі исламдық институттарды өркендету мемлекеттік бақылауға сәйкес болған жағдайда деп біледі. Оның пікірінше, бұл үшін, бастапқыда ҚМДБ-ны мұсылман қауымдарының қызметтерін бір орталықтан реттейтін ықпалды, беделді ұйым қылу керек.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қалыптасқан жағдай аймақтағы исламның дамуындағы жаңа беталыстарға мемлекет пен қоғамымыздың дайын еместігін көрсетті, бұны соңғы уақыттардағы оқиғалар қуаландырады. Мемлекет тек күш көрсету құрылымдары кейпінде діни топтардың радикализациялануымен өз бетімен түзеле алмайтын жағдайда екендігі әбден айқын. Бұл жерде себептер бірнешеу. Бір жағынан, кеңестік кезеңде, біздің қоғамның азаматтарында қалыптасып қалған, барлық болып жатқан оқиғаларға мемлекет жауап беретін ділден арылған жоқ. Екінші бір қырынан алғанда, мемлекеттің өзі еліміздің тағдырына жауап беретін тұлғаның қалыптасуына жағдай туғызбай отыр.

Қазақстанда, жарияланған мүмкіндіктер мен адам нақты өмір сүретін шындық арасында мәнді қайшылықтар орын алған. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, билік 2011 жылы 2003 жылғыдай тек өзі үшін қызмет етеді, қоғамнан үстем тұрады, қоғамдық пікір билік пен халық арасындағы қысымшылықтың өрлеуін айна катесіз көрсетіп беріп келеді (3 диаграмма).



Қазіргі қазақстандық қоғам жағдайындағы билік пен халық арасындағы қайшылықтың салмақтылық деңгейін бағалап берсеңіз?

БАҚ-дағы мезгіл-мезгіл көрініс табатын, шенеуніктердің заңды өздері бұзатындығы жөніндегі ақпараттар, еліміздің заңсыздығы мен шенеуніктердің озбырлығы туралы қоғамдық пікір қалыптастырады және сондай әсер қалдырады. Бірақ, сол шенеунік тарапынан заң бұзушылық, бюрократиялық өктемдік қоғамдық сананың радикализациялануына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі екендігін барлық сарапшылар мойындаған. Мемлекет барлық азаматтардың әлеуметтік немесе басқа да мәртебелеріне қарамастан заң алдындағы теңдігін іс жүзінде іске асыру керек.

Өзгерілген жағдайларда, билік органдары халық пен олардың арасында сенімді қалпына келтіре алатын мінез-құлық желісін құру керек. Бұл сенім, билік заң бұзушыларды бұлтартпай жазаушылық пен оның үстемдігінің кейпін кигізген кезде пайда болады. Бірақ билік, әзірге, бұқаралық саясат саласында тек қана экстремизмге қарсы әрекет ету бойынша үгіт-насихат топтарын құру мен конференциялар және дөңгелек үстелдер өткізуден басқа (экстремизмді болдырмаушылығы күдік туғызатындай), ешнәрсе ұсына алмай отырған сыңайлы.

Саяси биліктің институттары нәтижесінде пайда болған «бюрократиялық капиталды қалпына келтірудің» (П. Бурдьё) және өздері үшін оңтайлы мақсатына бейімделген, яғни қатаң мәртебелі, ұлттық байлықтарды қайта бөлу жағдайларындағы, әлеуметтік серіктестік саясатын жүргізуге қабілетті ме? Мемлекеттің жасампаздық қызметі серіктестердің тең жағдайында ғана толық

көлемде іске асады: қуатты мемлекет және сондай қуатты, дамыған, егеменді азаматтық қоғам.

Экстремизм мен терроризмге қарсы ең ықпалды құрал – азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы теңқұқықты сұхбаттастық негізіндегі серіктестік. Мемлекет әлеуметтік институттар арқылы еліміздегі халық арасында азаматтық мәдениетті тәрбиелеуі қажет, ол сырттан кім болса да тұлғалығына қол сұғуына бағытталған әрекеттерге қарсы иммунитеті бар қоғам болуы тиіс. Ал қоғамның бұндай қалпына тек қана тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен дербес рухани-тұлғалық мәдениет алып барады.

Әдебиеттер

1. США и Саудовской Аравии может быть выгоден джихадизм в Казахстане // http://www.quorum.kz/ab/news/religiya/23112011173847/ssha_i_saudovskoi_aravii_mozhet_bit_vigoden_dzhihadizm_v_kazahstane

2. Этим миром правят 9 человек / <http://www.rosbalt.ru/ukraina/2011/02/21/821655.html>

3. Там же.

4. Пресс-конференция в Алматы «Новые тенденции в развитии ислама и их воздействие на стабильность в Центральной Азии», организаторы – журнал Exclusive и Фонд Фридриха Эберта // http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/202002

5. Курганская В.Д., Косиченко А.Г. Ислам и исламские лидеры в Южном Казахстане. – Алматы: Центр гуманитарных исследований, 2005.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ СЫН-ҚАТЕРІ: ҚАРСЫ ТҮРУҒА ДАЙЫН БОЛУ

Мадина Нұрғалиева

Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі Қазақстандағы экстремизм мен терроризм мәселесін тез арада өзекті қылып жіберді. Экстремистердің қоғамға жат қылықтары, құқық қорғау органдарымен шынайы қарулы қақтығыстары еліміздегі бүлдіргіш күштердің қызметінің жаңа сатысын көрнекі түрде көрсетіп берді. Ол Қазақстан үшін манипуляциялаудың, таратудың, дендеп енудің әдеттен тыс формалары мен тетіктерін өзіне жинақтаған. Жұмыс жасаудың қазіргі заманғы технологиялары белсенді қолданылуда: қарым-қатынас әдістемесі, әлеуметтік желілер, медиа-аспаптар және т.б.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризм сөзсіз діни сипат алады деп кесіп айту – қате және әдепті емес. Бірақ, бұл жерде, тәжірибе көрсеткендей, қолайлы және тиімді болып табылатын жалған дінилік бүркемелену-«бетпердесін» пайдалану айғағы даусыз. Сонымен қатар, дінтану саласындағы көрнекті мамандар, әрбір адам, тіптен атеист пен агностик болсын, шындығында – homo religiosus, дінге немесе оның суррогатына аса мұқтаж екендігіне сенеді [1].

Негізгі жалпы көріністе, экстремизм қоғамдағы өмір сүріп тұрған ережелер мен нормаларды радикалды түрде теріске шығаратын өрескел әрекеттер мен көзқарастар жолын ұстаушылар болып сипатталады. Қоғамның саяси саласында көрініс табатын экстремизм, саяси экстремизм деп аталады, діни салада орын алған экстремизм діни экстремизм деген атауға ие болған. Сонымен қатар, жуық арада «діни-саяси экстремизм» деген термин кең түрде халық арасына жайылды [2].

Кез-келген діни конфессияда (тек исламда ғана емес), әлеуметтік қалыптар мен нормаларды жек көретін, сол діни бағытқа сәйкес келу мен оны түсінудің шеңберіне сыймайтын, осындай немесе басқаша формалар потенциалды түрде орнықтырылған. Жеке діни ұйымдар мен қозғалыстар үшін бұл өздігінен діни экстремизмге ауысады. Дін оларға барлық діндар еместерге қарсы шығу мен наразылық үшін негіздеме береді. Сондықтан адамзат тарихының әртүрлі дәуірінде, түрлі елдерде, «діни экстремизм» сан түрлі дін тұту аясында тұтанды.

Қазіргі заманғы экстремизм (мысалға, уаххабизм формасындағы исламдық) байыпты таралуды бастан өткізді және мұсылмандық елдер арасындағы шекараны мойындаймайтын тұтас мемлекет құруды мақсат етіп қойды. Бұл өзінің тегі жағынан «діни жаһандану», «дінаралық мемлекетті» құру.

Сонымен қатар, терроризммен түйіскен діни негіздегі экстремизм өзінің идеяға берілгендігін дәлелдеу үшін өмірін құрбан етуге дайын екендігін ұсынды. Діни негіздегі экстремизмде фанатизм бар, идеологиялық және саяси мақсаттарға жету үшін, адамды өмірінен күшпен айыруын тек осындай тәсілмен ғана (абсолютті этикалық релятивизм) ақтап алуға болады. Қазіргі әлемде көптүрлі күдікті жаңа діни бағыттар пайда болды, осыдан айтарлықтай ерекшелік қалыптасты – топ саны неғұрлым аз болған сайын, оларда соғұрлым фанатизм көбірек.

Радикалды мұсылмандық бағыттарға, *«аталған аймақтарда өрши түскен: төменгі өмірлік деңгей, сыбайлас жемқорлық, жұмыссыздық, тұрғын үйдің жетіспеуі, қылмыс, некеге тұрмаған адамдар санының өсуі, этикалық нормалар мен моральдік құндылықтардың төмендеуі, некеге тұру үшін қалыңмалдан қиналушылық сияқты әлеуметтік қайшылықтарды «мұсылман радикалдар» епті пайдаланатындығы туралы тезисті* [3] қолдануға болатындығымен келісуге болады. Психологиялық жоспарда, дәстүрлі емес ағымдарға қызығушылық туғызатын себептердің арасынан, зерттеуші О. Копылова өмір ағымының шапшаңдығымен және ертеңгі күнге сенімсіздікпен байланысты болатын психологияға салмақ түсудің өршіп келе жатырғандығымен жинақтала түсетін «сезімнің ашығу синдромын» атап көрсетеді [4].

Діни экстремизм өзінің мәні жағынан, қазіргі дәуірге тән діни мен зайырлылықтың бөлінуіне радикалды өштіктен басқа түк те емес. Бұқаралық деңгейде дінді тек рухани, сондай-ақ саяси қатынастарда да, адамнан үстем терминдермен түсіндіруге ұмтылу туралы әңгімелер жүргізілуде. Абсолютті бірегей деп, саяси экстремизмнің түрлері болып табылатын, этникалық халықтық экстремизмді, діни-саяси экстремизмді айтуға болады.

Экстремизмнің әр түрлілігіне тән сипаттарының ерекшеліктерін мынадай сәттермен белгілеуге болады:

1. Діни экстремизм – мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған (билікті күшпен басып алу да бар) әрекет, мемлекеттің

аумақтық тұтастығы мен егемендігін бұзу. Саяси мақсаттардың соңына түсу – діни экстремизмнен діни-саяси экстремизмді ажыратуға мүмкіндік береді.

2. Діни-саяси экстремизм діни жорамал, не ұрандармен көмкерілетін немесе тасаланатын саяси әрекеттің заңға қарсы түрі болып есептеледі.

3. Өздерінің мақсаттарына жету үшін күресудің күш қолданатын тәсілі – діни-саяси экстремизмнің ерекшелігінің қыры.

Діни-саяси экстремизм әлеуметтік-саяси мәселелерді шешу жолында келісімге, ымыраға келу, тіпті бітімгершіл мүмкіндіктерді теріске шығарады. Діни-саяси экстремизмнің жақтастары, бірдей сенімдегілерді қосқанда, бұлардың саяси көзқарастарын ажыратпайтындардың бәріне қатынасы өрескел төзбестікпен айрықшалаанады. Олар үшін ешқандай да «саяси ойын ережелері», рұқсат етілген мен етілмегеннің шекарасы болмайды. Мемлекеттік институттармен майдандасу – олардың мінез-құлқының стилі. Әлемдік діндер үшін, негізі қаланған болып табылатын «алтын аралық» пен «олар сенімен сондай қатынаста болатындай ету үшін, өзгелерге өзін қаламағандай қатынас жасама» деген қағидалар жоққа шығарылады. Олардың қоймасында бос сөздермен келіп тоғысатын күштеу, өрескел қаталдық пен озбырлыққа ұмтылушылық басты нәрселер болып табылады.

Идеологиялық жоспарда экстремизм:

- барлық өзге бір ойларды терістеу, жек көру, тіпті оған қысымшылық жасау;

- өздерінің саяси және діни көзқарастар жүйесін қатаң және баламасыз түрде тұжырымдау;

- көшбасшысының бұйрықтарын орындау мен оған бағынуды қалыптастыру және оны табынуға айналдыру;

- ұйымдасқан құрамдағы діни экстремизм туралы мынаны айтуға болады;

- құрылған ұйымның жасырын/астыртын сипаты;

- террор мен агрессияшыл әрекеттерге дейін алып баратын ымырашыл/төзімдіктің болмауы;

- сол мемлекет насихаттайтын құрылым мен қызмет етіп отырған мемлекетке өзін қарсы қоюға тырысу болып есептеледі.

Діни экстремизм мәселесі өтпелі қоғамда, оған Қазақстан да қатысты, бірнеше сәттерге ыдырайды. Бір жағынан, өтпелі жағдайда

діни жаңғырудың осындай үрдістері объективті, заңды (бұл жерде, оның өткір формаларының көрінуі емес, сол үдерістің өзі), басқа бір қырынан – діни фактордың ішкі және сыртқы әртүрлі күштерін, өздерінің геосаяси және саяси мүдделерін алға жылжыту мақсатында пайдалану. Мәселе мынаған келіп тоғысады, біріншінің заңды құрауышты жағымды мүмкіндіктерін шебер пайдалану және өмір сүріп тұрған, мүмкін болатын тәуекелдерді, сондай-ақ, екіншіні құрайтын жағымсыз зардаптарды азайту. Шын мәніндегі мәселе, діни аяны тиімді пайдалану мен стратегиялық жоспарлау туралы болып отыр.

Діни конфессиялар мен мемлекеттің өзара әрекетінің Қазақстанда қалыптасқан нұсқасы, бүгінге дейін: адам құқы мен еркіндігін құрметтеу, діни және қоғамдық мүдделердің сәйкестігі, серіктестік қатынас пен өзара түсіністік қағидаларына негізделген. Қазіргі жағдайда, діни саладағы шиеленістің жай-күйі түсінікті болып келеді; осындай адалдық пен мемлекеттің дінге деген арақашықтықты сақтауы – өнімді емес. Бұл – жекелеген, бүлдіргіш, жалған діни секталар мен ұйымдардың жағдайды пайдалануына мүмкіндік берді – тіркеу сүзгісінен айырықша заңдық қиыншылықтарсыз және еркін өту, ал жүйелі бақылаудың болмауы дәстүрлі емес ағымдар (радикалды) мен бәрі мүмкін болатын секталардың кең таралуына және шектен тыс белсенділігіне алып келді.

Әдеттен тыс жағдай қалыптасты. Бір жағынан, тәуелсіздік жылдары, конфессионалдық көзқарасы мен діни тұрпатына қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтылығы мен еркіндігін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық база құрылды. Екінші қырынан – конфессияаралық жетістіктер аймағын саясиландырудан кету мен мемлекеттік саясатта үш негізгі қағиданың басым болуы – бейтараптылық, төзімділік, теңдік – Қазақстандағы діни ахуалға биліктің көңіл бөлуін әлсіретті. Шешуші рөл мемлекеттің бейтараптылық көзқарасы қағидасынан шығарылды және діни қауымдастықтар мен бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауды қамтып жатты, бұның нәтижесі олардың теріс әлеуметтік әсері мен санының артуына алып келді. Көптеген діни ұйымдардың өздерінің білім беру мен оқыту орталықтары бар: медресе, жексенбілік, семинарлар, университеттер, біліктілікті көтеру институттары. Ерлер мен әйелдердің тақуа орындары (монастырьлері), монахтар ордендері еркін қызмет етеді. Сонымен қатар, соңғы санақ мәліметтері бойынша, Қазақстандағы халықтың көпшілігі өзін белгілі бір

немесе басқа да бір діндермен байланыстырады (оның ішінде, 70% исламмен, ал 26% христиандықпен).

Көптеген көлемді зерттеулерге қарамастан, діни қатынастар алаңындағы жағдайларды талдау мен кешенді бағалаулар жүргізілген жоқ, діни белсенділікке жетеленген және салттарды сақтайтын азаматтардың үлесі, ұсынылған сандардан айтарлықтай төмен екендігін атап өту маңызды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ақпараттар және болжау институтының 2008 жылғы жүргізген сауалнамаларының мәліметтері бойынша, сұрау салынғандардың 20 пайызы мешітке/шіркеуге барады, діни салттарды тұрақты түрде мұсылмандардың 26 пайызы және православтардың 13 пайызы орындайды. Аталған зерттеулер бойынша 9,5% қазақтар көп конфессионалды қоғамда өмір сүруді өздеріне қолайсыз санайтындығы тым қызықты ұсынылған. 48% қазақтар мен 64% орыстар Қазақстанды зайырлы қоғам ретінде көргісі келеді; сәйкесінше, мемлекеттік құрылысқа дін қатынасқан елді қалайтындар – 18% бен 7% болса, діни мемлекет ретінде – 11% де, 4% көрсетеді. Қазақстанның мәдениеті мен саясатында діннің орнын кеңейту керектігін 33% қазақтар мен 17% орыстар қолдаған. Әрине, бұл келтірілген зерттеулер түзетулерді қажет етеді, қазіргі кезеңде, әсіресе, жастар арасында, албырттардың (неофиттердің) саны айтарлықтай өскендігін есепке алу керек. Бұл, діни салада салдар ретінде, радикалдылықтың пайда болуымен жалғасын тапты.

Заңға қайшы саяси мақсаттарға жету жолындағы күресте діни ұрандар мен идеяларды қолданатын авантюристер діни ілімдер мен рәміздердің, адамдарды өзіне тартудың маңызды факторы ретіндегі мүмкіндіктерін, оны келісімсіз-ақ күресте іске асыруды өте жақсы түсінеді. Сонымен қатар олар, діни анттармен «байланған» адамдар «көпірлерді өртейтіндігін» есепке алады, «ойыннан шығу» мүмкін емес жағдай болса, оларға өте қиын тиеді. Есептесу, тіпті алдамшылықтан ажыраған сәтте және өздерінің әрекеттерінің тақуалық емес екендігін түйсінгенде де, экстремизді құруға қатысушыға оның қатарын тастап кету өте қиын болады; олардың билікпен майдандасудан бас тартуы мен қалыпты бейбіт өмірге өтуі өз халқының дініне сатқындық, сенім мен құдайға қарсы шығу ретінде үрей туғызатындыққа, құрылады.

Мұсылман әлеміндегі Қазақстандағы қалыптасқан діни ахуалға қатысты мыналарды атап өтуге болады:

- ҚМДБ-мен байланыссыз мұсылман қауымдарының, оның ішінде, шет елдерден қолдау табатындардың өсуі, әдеттегідей, мұндай қауымдастықтар өзіне төменгі әлеуметтік қабаттарды тартады (ауылдық және маргиналдық тұрғындар, еңбек мигранттары) немесе шартты орта тап өкілдері (алдымен, гуманитарлық саланың зиялылары);

- «Қазақтандырудан» туған этникалық сектор бойынша, ҚМДБ-мен байланысты діндар мұсылмандардың бөлінуі, сонымен қатар, исламды уағыздайтын өзге этникалық топтар (ұйғырлар, өзбектер, татарлар т.б.) арасындағы діни беделі төмен қазақтар;

- «Дәстүрлі емес діни топтар» деп аталатындардың қызметінің белсенділігі және өзінің құрылымы жағынан бұған жақын келетіндер, (оның ішінде, тоталитарлық секта белгілері бар «ұстаздың» айналасына топтасқандар) өздерінің концепттерін насихаттау, жақтастарды тарту, кейбір жағдайларда – билік құрылымына ену (мысалы, сайентология, құраниттер, сопылар) жоспарындағылар;

Қазіргі Қазақстандағы мемлекет пен діннің өзара қатынасының үлгісіне қайта оралсақ, мынадай тұжырымдарды көрсетуге болады:

- оппозициялықты көрсету үшін заңды жолдарды жабу әлеуметтік қарсылықты жүйесіз арнаға бағыттайды (оның ішінде, діни экстремизм формасында);

- діни экстремизмнің көрінуін реттеу шаралары жағдайға байланысты сипат алады.

- Қазақстанда діни аланды басқарудың стратегиясы дайындалмаған. Оның пайда болуы мен/болмауына кедергі келтіретін басты себептердің қатарына мыналарды жатқызуға болады;

- билікті, сол немесе басқа да діни қауымдастықтың ішінде болып жатырған үдерістерден конфессияаралық қатынастарға көңіл аударту және діннің мемлекеттен бөлінгендік идеясының жолын қуу есебінен қашықтату;

- діни идеологиялық жұмыстар жүргізу жауапкершілігінің сол діни құрылымдарға беру, оқиғалар қатарында тиімді болмай шықты. Мысалы, Республикада неғұрлым кең өкілеттілікті шартты түрде иеленетін ҚМДБ радикалды исламдық топтар қызметтерімен байланысатын тәуекелдерді өзіне алуға құлықты емес және ол осындай уағызшылар мен бағыттарға идеологиялық қарсылық көрсетуде белсенді емес. ҚМДБ-ның әкімшілік-әміршілдік қорлары, тіпті мәселе айқын болғанның өзінде де, игіліктің көрінісін ғана сақтау үшін кең көлемде пайдаланылады;

- Қазақстандағы ішкі саясаттың бағыттарына сәйкес келетін және әр түрлі әлеуметтік қабаттарды бейнелейтін қабылданған нұсқа экономикалық және әлеуметтік факторлардың (мысалы, тұтастай Республикада, сондай-ақ, жеке аймақтарда, әлеуметтік-экономикалық ахуал мен діни белсенділікке қатысты) өзара әрекетін қажетті деңгейде есепке алмайды. Радикалды діни көзқарастардың сусындайтын нәрі, әділеттілікті іздеу, өзін-өзі ашуға ұмтылу сияқты әлеуметтік саладағы (кейде – ұлтаралық) реттелмеген сауалдармен қамтамасыз етіледі. Билік тар шеңбердегі таза діни бұл сауалдардың бәрін, тек шеше алмайды емес, ол жүйенің өзара байланысты элементтері ретінде міндеттелген түрде есепке алу мен бағалау қажет, орнына қою керек;

- діни саланы бақылауға алуды қамтамасыз ететін өмір сүріп тұрған құрылымдар өзінің қорлары мен мүмкіндіктерінде айқын шектелген, релевантты ақпараттардың жинағы ретінде, сондай-ақ оны талдау үшін, барлық деңгейде белсенді және сауықтыру әрекеттері – мектептен бастап, академиялық ортаға, сырттан келген жұмысшылардан бастап, мемлекеттік аппаратқа дейін жүргізілуі тиіс;

- сандық (мөлшер, ұйымдасқан құрылым, сыртқы байланыс және т.б.) және сапалы деңгейде (Қазақстанға енген және осы аймақта дамыған діни идеологиялық бағыттар) діни радикалды топтардың пайда болуы мен дамуына сәйкестенетін үдерістердің жүйелі мониторингінің болмауы;

- діни сауалдар бойынша тұрақты түрде сараптама пікірлер алмасып тұруға мүмкіндік алатын академиялық алаңдардың жоқтығы. Белгілі бір деңгейде бұған Дін бойынша сараптама және ғылыми зерттеу орталығы мен Дін мен мәдениеттің халықаралық орталығы сәйкес келеді, бірақ бұл құрылымдар өзімен-өзі тұйық, белсенділіктерін көрсетуге тағайындалмаған, мәселелерден алшақтаған;

- билік «жұмсақ күш» ретінде белгіленгендей, (soft power), бәрінен бұрын – діни білім беру жүйесіне, (оның ішінде зайырлы оқыту мекемелерінде), сонымен қатар, алдымен, мұсылмандар арасындағы беделді діни қызметкерлер мен көшбасшыларға ықпал ету тетігін иеленбеген.

Дәстүр мен ділді есепке ала отырып, Қазақстандағы діни саладағы ахуалды әзірге салыстырмалы түрде тыныш деп сипаттауға болады, бірақ бастапқы дабыл беріліп жатыр. Мемлекеттік билік

пен қоғам арасындағы өзара әрекеттің нақты форматының болмауы, оның үстіне, діни өмір қандай пішінді қабылдап, дамуы керектігі бүкіл елімізді тұрақсыздандыру тәуекелін құрайды.

Қысқа мерзімді жоспардағы оқшау тұрақсыздық тәуекелдері, әртүрлі экстремистік актілер түрінде, діни радикалды топтар ұйымдастыруды өз мойнына алатын террористік шабуылдардан бастап, бұқаралық тәртіпсіздікке дейін көрініс беруі мүмкін (қазір де болып жатыр).

Қазақстандық топтардың ықпалы, элитааралық күрес пен билікке қысым жасау үшін, әсіресе сайлау науқанында, дінмен әспеттелген акцияларды пайдалануы немесе ұйымдастыруы мүмкін екендігі жоққа шығарылмайды.

Орташа және ұзақ мерзімді жоспарда негізгі тәуекелдер – мұсылмандық ұрандармен Қазақстандағы сақталып тұрған саяси құрылысты өзгертуге ұмтылатындармен, яғни, «саяси исламмен» байланысты. Танымал болуға тырысатын ислам қоғамның кез келген үзіктенуіне (оның ішінде – қазақ қоғамы мен оның элитасының дәстүрлік бөлінуі) қарсы тұра отырып, саяси бағдарланған діни құрылымдардың қалыптасуының қайнар көзіне айналады.

Діни саладағы ахуалдарды реттеу мен бақылауға алу бойынша, мемлекеттік органдардың жұмыстарының басым бағыттарының қатарына мыналарды ұсынуға болады:

- жүйелілік тұрғыны қамтамасыз ететін және мәдениетті құрастырылған әлеуметтік-экономикалық жағдайды есепке алатын кешенді мемлекеттік стратегияны дайындау. Мұндағы маңызды бағыт жастар саясаты мен білім беру үдерістері арқылы жастармен/албырттармен (неофиттермен) тікелей байланыс орнату болып табылады;

- жұмыстың жана тиімді құралдарын қалыптастыру және пайдалану – қазақстандықтардың есебінен беделді діни көшбасшыларды даярлау мен діни сала бойынша білім берудің үстінен бақылауды күшейту;

- мүмкін – ықпал етіп отырған шет елдік білім беруші орталықтар мен құрылымдардан (арабтық, түріктік т.б.) міндетті түрде алыстатылған, қазіргі заманғы «еуроисламға» және оның тарихи жолын салушыларға (мысалы, жәдидшілдік) сүйенетін ағартушы/сауатты ислам формасындағы, мұсылмандық либерализм құндылықтарына екіпін беру;

- зайырлы тұрмыс салтына қарсы тұратын діни-сектанттықтың «әлеуметтік мәртебелілігі» мен «әйгіленушілігін», әсіресе, бұқаралық мәдениет пен БАҚ арқылы төмендету;

- бүлдіруші діни топтардың әрекеттері өркендеген жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік ақталу тетіктерін жетілдіру және тізіп шығу.

Жеке бір бағыт ретінде, діни экстремизмге, фанатизм доктринасын сенімсіздендіру есебінен, гуманитарлық және діни сала ғалымдарының күшімен, академиялық деңгейде зиятты қарсы тұрушылық шығуы мүмкін.

1. Дін тұтудың жанама қырларынан (сақал қою, шалбардың ұзындығы, құлшылық ету сәтінде сұқ саусақты қозғалту, фотоға түсіруге тыйым салушылық, айна алдында құлшылық етуге рұқсат беру) назардың шоғырлануының неғұрлым терең және негізгі шарттарына қарай ығыстыруы.

2. Шектеулерментыйым салуларғашектентысұмтылушылықтың орнына, байсалды тұрғының қажеттілігіне көңіл аудартуға екпін беру.

3. Діни терминдерді үстірт және шектеулі түрде түсінуден (экстремистердің түсіндірмелері адасуға апарды, мысалы, «ислам», «күпір»-сенбеушілік, «ширк»-көпқұдайлық, «иман»-сенім, «мұнафық»-екіжүзділік, «джахилидік»-білімсіздік, «жиһад»-күрес және т.б. түбегейлі ұғымдар), оларды талқылау мен бұқаралық түрде сауатты түсіндіруге өту.

Өзінің барлық сәйкес келетін себептерімен, пиғылдарымен, түрткілерімен қоса алғанда діни экстремизмнің жай мәселе емес екендігі оны шешуде күрделі және жүйелілік тұрғыны талап етеді. Шешімнің кешенділігі дағдарыстың сан алуандығымен шарттасуы қажет, бірақ сауалдың іргелі мәнін түйсіну керек: діни экстремизм, алдымен, психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси өлшемдермен байланысты құбылыс.

Әдебиеттер

1. Михельсон О. М. Элиаде. Религиозная культура и современность// Интернет: http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/Article/Mih_IRelKult.php

2. Малашенко А. Религия – дело не частное. Заметки по конфессиональному вопросу // Независимая газета. 2001. № 46. С. 8.

3. Алиев А.К. Религиозно-политический экстремизм и этноконфессиональная толерантность на Северном Кавказе / А.К. Алиев, З.С. Арухов, К.М. Ханбаев; Регион. центр. этнополит. исслед. ДНЦ РАН. – М.: Наука, 2007. С. 3.

4. Копылова О.С. Адаптационные процессы в современных поликонфессиональных обществах // Взаимоотношения религиозных конфессий в многонациональном регионе. Сборник научных трудов. – Севастополь: «Вебер», 2001. – С. 162.

ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУІ: ЗЕРДЕ МЕН СЕНІМ

Грета Соловьева

Қазақстан халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен келісім, төзімділік пен өзаратүсіністік кеңістігі ретінде танылды. Діни мәндегі қақтығыстар болып, адамдардың рақымшылық пен сенімге деген қабілетін жоғалтып жатқан тұрақсыз да, қауіп-қатерге толы кезеңде еліміз келісім мен этносаралық үйлесімділікке деген ерекше үмітімізді арттыруда. Сонымен бірге, біздің республика, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жақсылық пен қайырымдылық, гуманизм мен ізгілік талабындағы әлемнің жаңа архитектурасын қалыптастыруды іске асыруда.

Бірақ, соңғы айдағы қайғылы жағдайларға байланысты тікелей де, жанама түрде де діни экстремизмге қарсы әрекет ету шараларына кірісуде. Жанама қарсы әрекет ету дегеніміз дәстүрлі әлемдік діндердің рухани-адамгершілік сипатын жинақтау, ең алдымен ислам мен православие діндерінің мемлекет пен азаматтық қоғам институттарымен біріккен сұхбатын өткізу. Бүгінде ашық рухани майдан шешуші болып отыр.

Біз, гуманитарлық ғылымдар да адамзат тағдырын анықтайтын бұл күресте исламдық және православиелік философиялық пікірталас арқылы өз үлесімізді қосуымыз қажет. Бұған дейін де философиялық ортада философия мен діннің арақатынасы, ақиқатқа жету жолындағы мақсаттар мен әдістерін анықтау жайлы пікірталас толастаған емес. Философия көзден таса тұрмыстың мән-мағынасы, құдай мен адамның, өлім мен өмірдің, еркіндіктің, жауапкершіліктің құпия сырларына әдеттілік шымылдығын ашқан іркілмес мақсат ретінде дүниеге келді. Бірақ бұл жобаларды іске асыру философия мен дін біріккенде, яғни, діни философияға айналғанда ғана мүмкін еді.

Дүниежүзілік мәдениет тарихына ислам философиясы баға жетпес үлес енгізді, соның ішінде көптеген мәдениеттер пен өркениеттер арасында өзара түсінушілік негізінде құралған философиялық жүйені шығарған Әбу-Насыр Әл-Фарабиді ерекше атап өту керек. Орыстың ұлттық рухын, адамгершілік негіздерін қалыптастырған православиені ойшылдарының еңбектерін де жоғары бағалаймыз. Бүгінгі таңда ислам және православиялық

философия арасындағы сұхбат өте маңызды болып табылады. Оның мүмкіндіктері екі дінге де ортақ рухани-өнегелік құндылықтармен және адам жайлы жалпы түсінікпен қамтамасыз етіліп, жоғары рухани шындықпен бөлінбейтін арналар арқылы байланысқан, сондықтан білім мен сенім, жүрек пен ой бірлігінде рухани тәжірибеге ие болады. Батыста білім мен сенімнің, ғылым мен діннің арасы үзіліп, ғылым жетістіктерін адамгершілікке қарсы пайдаланған «зерденің мәңгіруіне» алып келгені белгілі.

Ислам және православиялық әлем арасында керісінше, басынан ажырамас сенім мен ақыл-парасат бірлігі байқалады, бұл қасиетті ортаға қол сұғылмаушылықты сақтай отырып, сәтті сұхбат пен өзара түсінушілікке алғышарттар жасайды. Білім мен сенім арақатынасы жайлы мәдениет тарихында бірнеше ұстанымдар айтылған болатын. Біріншісі – білімнің қажеттілігін толығымен жоққа шығаратын таза сенім ұстанымы: «Сенемін, өйткені ол мағынасыз» (Тертуллан). Екінші ұстаным сенімге басымдылық бере отырып, білім мен сенімнің бірлігін қалайтын: «Таным үшін сенемін» (Августин Аврелий). Үшінші ұстаным да сенім мен білімнің бірлігін қолдайды, бірақ зердеден бастау керектігін алға тартады: «Илану үшін танымын» (Пьер Абеляр).

Әртүрлілігіне қарамай бұл көзқарастардың бәрі сенімнің білімге жанаспайтынын дұрыс көрсетеді. Білімді сеніммен теңдестіріп, оның ерекше мәнін мойындамайды, өйткені «білім көрнекі заттардың, ал сенім – елеусіз заттардың бетін ашу» (Н.Бердяев). Білім мен сенім психологиялық мәнде де сәйкес келмейді, себебі білім әрқашан зорлық пен, логикалық не эксперименттік дәлелге сүйенеді. Сондықтан ғылыми ақиқатқа күдігі бар адамның барлық күмәнін сейілтуге мүмкіндік бар. Сенім ол басқа нәрсе. Ол ішкі адамгершілік қалау еркіндігі, сондықтан ешкім де ешқашан өзі Сенім жолына түспей, басқаны сендіре алмайды.

Білім мен Сенім өз мақсаттарында да бір-біріне тең емес. Білім универсумның жалпы заңдарын құрып, оның мәнін ашуға тырысады. Сенім ақырғы, табиғаттан тыс, трансцендентті: Құдай, мәңгілік, еркіндік, адам өмірі мен адам тарихының мәнін ашуға тырысады. Бұл ең маңызды әлемдегі адам Болмысы мәселесі ғылымға түсініксіз. Ол тек ортасын ғана тани алады, басы мен аяғы оның назарынан тыс қалады.

Бірақ Сенім мен білім феномендерінің ерекшелігі олардың толық сәйкес еместігін білдірмейді. Августин Сенімнің ғажап

күдіреттілікке апаратын, Даналыққа жетіп, Сеніммен бірігетін зерде көзін ашатынын дәлелдейді. Н.Бердяев негізінде ғылым жатқан зердені – кіші сенім дейді және діни күшке ие болатын, Сеніммен жылынған үлкен Сенімді де ерекшелеп көрсетеді. Әл-Фараби де құрғақ логикаға құрылған әлсіреген пайымды емес, толық діни пайым жайлы айтады. Оның рационализмі еуропалық бейнеде емес. Ол жемісті исламдық руханилық негізінде өскен.

Исламдық және православиялық философия сұхбатында Сенімнің не екендігі анықталып, экстремизм мен терроризмді бөліп көрсетуге мүмкіндік туады. Ең алдымен, кең мәндегі, барлық адамзат тарихы мен мәдениеті: ғылым, өнер, әлеуметтік қатынастар армандаған сенім жайлы болып отыр.

Әл-Фараби қарапайым, бірақ халық ұмытқан ақиқатты: формалды-логикалық таңдау мейлі мығым теориялық одақ болсын дәлелдеу өрісі наным-сенімге қарағанда кең және құнарлы екендігін еске түсіреді. Бірақ, адамға маңыздының бәрі дәлелденген болуы мүмкін. Басқа жағынан алғанда, жалған, әділетсіз логикалық дәлел табылуы мүмкін. Негізінен, дәлелдеуге деген ынтызарлыққа қазіргі адамдарды көне гректер, ең алдымен, Гегель әлемдік-тарихи тұлға қатарына қосқан Сократ алып келген. Ол адам өмірінің барлық феномендерін зерде талқысына салуды талап ете отырып, логикалық дәлелдеуді «тарқатып берді». Ол төніп тұрған қауіп-қатерден күдіктенбей әлемдік тарихтың жаңа бетін ашып берді.

Бірақ адамда басқа да ұлы қабілет – дәлелдеуді талап етпейтін, елеусіз нәрсені қабылдау мен уайымдау бар: ол діни Сенім, Жаратқанға деген наным. Сенім – тек Аллаһ ғана адамды естімей, адам да Аллаһты еститін жоғарғы рухани бастаумен байланысты рухани жақындықты іштей сезіну. Аллаһпен өзіңнің, ал басқа адамдармен Аллаһ арқылы жақындығыңды сезіну, ішкі жігеріңді қайрау, яғни сенім феноменологиясы барлық адамды Аллаһмен біріктіретін объективті, рухани ақиқаттың, яғни сенім онтологиясының бар екендігін болжайды. Бұл исламға да, православиеге де тән, ислам мен православие философиясы сұхбатында көрінетін жалпы Сенім түсінігі. Бұл жайында бізге Президент Н.Ә.Назарбаев өз еңбектері мен арнауларында айтқан : «... қоғамның рухани нышаны ретінде жорамалдаудан гөрі Сенімге деген күрес көп адамдарды біріктіреді деп Мемлекет басшысы көрсетеді» [1].

Қазіргі заманғы адамзат жағдайына Сенім көрсеткен тұтас рухани принциптің көрінуі ретіндегі мәдени және конфессиялық

әртүрлілік өте қажет. *«Әлем ешқашан бір өркениеттік жоба негізінде құрылмайды... Әлемнің мәдени және діни әртүрлілігін адам тегінің ақиқаты ретінде түсініп, қабылдау керек»* [2], – деп көрсетеді Президент Н.Ә.Назарбаев. Жаратқанға әртүрлі жол табуға болады, бірақ олардың барлығы жоғарғы Ақиқатқа апарады. Ғылым көмескі сынықтарға ұқсас көптеген ақиқатты мойындауы мүмкін, бірақ адам жүрегінің түбінде жоғары Мәндегі бір ғана Ақиқат жарығы жарқырайды. Бұл түрлі діндерді көзге көрінбейтін берік күшпен байланыстыратын Сенім Ақиқаты.

Бірақ Аллаһқа тартқан таңдалған жолдың ақиқаттығының өлшемі бар ма? Ондай өлшем бар. Онсыз адамзат көңілі күдікке толып, уәделесу мүмкіндігін жоғалтып, жақсылық пен жамандықтың, махаббат пен өшпенділіктің тепе-теңдігін, өз пайдасының басымдылығын мойындар ма еді. Бақытымызға қарай, бізде зиянды релятивизмнен бас тартып, бірегейлігіміз бен қайталанбастығымызды сақтай отырып, әмбебап, адамдық құндылықтарымыздың негізінде ортақ тіл таба білеміз. Бұл өлшем – жақсы іс-әрекет, бітімгершілік, руханилықты даусыз шынайы іске асыру.

«Алтын ереже» аталған адамгершіліктің негізгі заңы шығыс, батыс философиялық ілімдерінде ең алғашқы тағылым ретінде ұсынылады. Конфуций: *«басқалардың өзіңе не істегенін қаласаң, оларға да сен солай істе, сонда отбасың да, мемлекет те саған жаман ниетпен қарамайды»*, -дейді. Будда: *«Бұл әлемде ешқашан өшпенділік өшпенділікпен бітпейді, бірақ өшпенділік болмаса ол да тоқтайды»*. Иисус Христос: *«Сонымен барлық жағынан халықтың сізге не істегенін қаласаңыз, сіз де солай істеңіз»*. Философиялық тілде бұл ұлы өсиет сөз категориялық, яғни ерекшелікті білмейтін, императив болып табылады, және И. Кантта былай негіздеген: *«Сенің мінез-құлқың жалпыға ортақ болсын десең басқаларға үлгі болатындай іс көрсет»*. Бұл өсиет сөзді ислам мен православие көзқарасы арқылы көрсетсек: *«Аллаһ сізге қалай қарасын десеңіз, жақыныңызға да сіз солай қараңыз»*. Ізгі іс жасау – Сенім ақиқатына түрлі жолдармен баратын рухани шыңның жалғыз жолы.

Сенім мәні зерде мен білімнің арақатынасы арқылы ғана ашылмайды. Ең бастысы – ізгі ниет пен махаббаттың, жоғарғы адамгершілік құндылықтардың ішкі Жарығы. Халық қаншалықты жақсылық пен жамандықтың салыстырмалы шамасын айтып, «жақсылықсыз жамандық болмайды» деген мақал жайлы өз

пікірлерін білдіріп жатса да, олар қарапайым, бірақ жарқырап тұрған Ақиқаттың ұлылығынан ешқайда кете алмайды: Жамандықпен еш арақатынасы жоқ. Жақсылық адам болмысының табиғаттан тыс куәгері бола отырып, осы арада, қазір де бар екендігі, оның рухани бастауға қатыстылығы: ұяты, риясыз ізгі ниеті, Отанын, отбасын, сүйікті халқын қорғау үшін ең қымбат өмірін қиюға қабілеттілігі даусыз. Жақсылық маңында емес. Оның жарығы біздің тынышсыз, қауіп пен қатерге толы өмірімізді жылытады.

Бұл жайында қазақтың ұлы ақыны Абай мен орыстың ұлы ойшылы Влад. Соловьев өз еңбектерінде жазып кеткен. Абай Аллаһқа үстірт, екі жүзді (таклиди) бас июге қарсы наразылығын білдіре отырып, өз жүрегімен, жанымен ақиқат сенімді (иман, якини) жақтайды. Бұл өмірде бәріміз қонақпыз және өз өміріміздегі әр демімізді бағалап, оны дұшпандықпен, жауыздықпен, пайдакүнемдікпен бұзбау керектігін білген адам ғана сенімге ие болады. Егер адам қалайда тек байлық пен амандығын ғана ойласа, оны тірі деп атау мүмкін емес, ол таза Сенімге ие болмайды.

Зерденің, ерік пен жүректің бірлігі адамға таза Сенімге жол ашады. *«Адамның жүрегінен қымбат нәрсе бар ма? Біреуді жүрегі бар адам деп атай отырып, халық оны батырға теңейді... Өз адамшылығыңды сақта. Аллаһ бізді осы белгіміз арқылы бағалайды»* [3].

Вл.Соловьев те былай дейді: *«бізге сезіммен әсер ететін шындықтан күмәндана алмаймыз»* [4]. Аллаһ болмысын растайтын шешуші дәлел тек онымен қатынасқа түскендегі тылсым тәжірибе ғана емес, оның жалғыз еместігін, Аллаһ онымен бірге екендігін сезетін әрбір діндардың діни сенімі. Егер кімде кім Жаратқанмен өз байланысын еш сезбейтін болса, бұл оның болмысын жоққа шығармайды. Соқырлар Күнді көре алмаса, біз жоқ дей алмайтынымыз сияқты.

Ал енді лаңкестіктің адамшылықтан тыс, жан түршігерлік тәсілдерін пайдаланған діни экстремизм жайына келейік. Этимологиялық жағынан діншілдік көрінісінің ең соңғы, ушыққан түрі – діни экстремизм деп қорытынды жасауға болады. Бірақ негізінде бұл қарсылық көрсетуді, дәлірек айтқанда, Сенімді тілдеу деуге болады. Оның негізгі өлшемі – адамгершілік, ізгілік, ал экстремистер зорлық көрсету мен өлтіруге жүгінеді, осы жолда өздеріне жұмаққа жол ашамыз деп ойлайды.

Бұл жерде нақтылап, шектеу қажет. Біріншілері – еш сенімі жоқ, өз байлығы мен билікке ғана ұмтылған, қорқынышты қылмыс жасайтындар. Олар ұялмастан діни сезімді бұрмалап, икемге тез көнетіндерді ерекше тәсілдермен бағындырып, дінге қатысы жоқ, Аллаһқа, Сенімге қарсы ойларды саналарына сіндіріп кең көлемдегі лаңкестікті жоспарлайды.

Екіншілері – бұлар өтірік пайғамбарларға сеніп, өзін діншілмін деп сезінетін, бірақ негізінде Сенімді балағаттап, қылмыс жасайтын, адамдарды кепілдікке алып, Аллаһның ризашылығын аламыз деген үмітпен өздерін өлім жазасына кесетіндер.

Біріншілердің мақсаты: қандай жолмен болса да байлық пен билікке қол жеткізу. Олар өздерінің жиіркенішті істерінде адамдардың ең қасиетті сезімі – діни сезімді пайдаланады. Ал екіншілеріне келсек, ең алдымен неге олар өздерін діншілдерміз деп есептей отырып, барлық құндылықтарды қорлап, Сенімнің нақ жүрегіне жетуге тырысатын дінсіздерге айналатынын сұрауымыз керек. Жауабы айдан анық. Бұл таза сенім жолына түспеген кісілер. олар исламның, бүкіл конфессиялар мен әлемдік діндерді өзара түсінушілікке бағытталған ұлы қағидаларын рухани тұрғыда түсіне алмағандар. Олар ешқашан таза дін жолын ұстамаған, тек өз-өздерін алдап, діншілдікке, бос үмітке бас ұрып келген. Өмір сүрген қоғамында, отбасында да сәйкес діни білім алмаған. Осы себептен олар өздерін оқ-дәрі ретінде пайдалануға рұқсат беріп, жұмаққа емес, тікелей тозаққа апаратын жолды таңдап отыр.

Қазақстан Президенті айтып өткендей, «діни экстремизмге қарсы тұруды осы құбылыстарға қарсы күреске тікелей қатысы бар, сол сияқты жанама түрінде, яғни конфессияаралық, ұлтаралық келісімді күшейтуге байланысты бағытталған істер жүйесі ретінде қарастыру қажет» [5]. Бұл дегеніміз экстремизмге қарсы күрес тек ойластырылған, нәтижелі шаралар жиынтығы емес, және де, ең алдымен, қоғамда адамдарды лаңкестік іс-әрекеттерге алып келетін діни сезімді аяққа таптаушылыққа ешқандай мүмкіндік болмайтын рухани атмосфера құру болып табылады. Бұл мемлекеттің, қоғамның, отбасының, шіркеудің, отбасы және білім беру жүйесінің адамның ішкі дүниесінің тазалығы үшін күрес. Республикалық деңгейде зайырлы және діни құндылықтар арасында сындарлы сұхбат бұрыннан бері іске асып келе жатыр, көкейкесті мәселелер талқыланатын алаңдар құрылған. Соған қарағанда мұндай

сұхбаттарға барлық деңгейлердің ауысуы қажет және тек кездесулер мен пікірталастар ғана ұйымдастырып қоймай, нақты іс-әрекеттер арқылы көрсету қажет. Мысалға, ислам мен православиялық білім беру және қайырымдылыққа бағытталған қоғамдық бағдарламаларды талқылауға және олардың іске асуына септігін тигізуге болады. ҮЕҰ (НПО) секілді соңғы кездері мемлекетпен белсенді түрде қарым-қатынас жасап жүрген қоғамдық ұйымдар конфессиялармен бірге қоғамдағы адамгершілік жағдайдың жақсаруына өз үлестерін қоса алады.

Философияға келетін болсақ, ол кезегінде адамның ішкі дүниесін құтқару үшін күресте алдыңғы шепте болуы қажет. Соңғы кездері дін тарихы, дінтану сабақтарын мектептерде және ЖОО-да беру қажеттігі жайлы көптеп жазылып жүр. Бірақ бұл пәндердің дүниетанымдық көзқарасы қандай, ислам және православиенің діни тәжірибесі мен пікірталасы қандай тұрғыда талданады? Дүниетанымның бастапқы межесін, оның материалистік, яғни атеистік немесе идеалистік екендігін, ізгі, рухани бастауды мойындайтын, демек, рухани өсу, Сенімге кіру жолын ашатын, адамзатқа қарсы қандай да бір қылмыс туралы ойды жібермейтіндігін анықтайтын философия емес пе. Философия діни экстремизмге қарсы күресте қажетті және қолайлы болуда, яғни қоғам ешқандай жағдайда да өздерін алдап-арбауға жол бермейтін ұрпақты қажетсінеді. Экстремизмге Зердемен бірге тек таза Сенім ғана қарсы тұра алады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. В религии экстремизма нет // Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003. С.72-108.
2. Назарбаев Н.Ә. О глобальном диалоге религиозных и светских ценностей // Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің II съезінде сөйлеген сөзі.
3. Абай. Книга слов. Алматы: «Ел», 1993. С.27, 31.
4. Соловьев Вл. Оправдание добра. Соч. в 2-х томах. Т.1. М., 1988. С.248.
5. Назарбаев Н.А. В религии экстремизма нет. Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003. С.72-108.

II БӨЛІМ. ДІНИ ПИҒЫЛДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАТЫСТЫ ӘРТҮРЛІ ДІНИ КОНФЕССИЯЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ЕРКІНДІК ЖҮГЕНСІЗДІКПЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫЛМАУЫ КЕРЕК

(Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің
ИА «Интерфакс-религияға» интервьюі)

Жақында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының басшысы Әбсаттар Дербісәлі қазақстандық және ресейлік діни қайраткерлер мен теологтар конференциясына қатысу үшін Мәскеуде болды. Республикадағы исламдық білім қалай дамуда және тағы да көптеген мәселелер жайлы мүфти «Интерфакс-Религияға» сұхбат берді.

– Құрметті мүфти, бүгінде Қазақстандық ислам қоғамы қалай өмір сүруде? Сіздің елде қанша медресе мен мұсылманша оқытатын жоғары оқу орындары бар, оқытушылар жеткілікті ме?

– Ислам жолын ұстаушылар бізде тұрғындардың 70 пайызын құрайды. VII ғасырдан бастап біздің жерімізде ислам тарала басталған, бірақ Қазан төңкерісі бұл діни сенімдерді едәуір бұзды. Кеңес уақытында жаппай мешіт, медреселер жабылып, діни мерекелерге тыйым салынған, ал дінбасылар қуғын-сүргінге ұшырады. Бірақ, Аллаһқа шүкір, тәуелсіздік алғалы Қазақстанда ислам жаңадан тыныс ала бастады, көптеген тыйымдар алынып тасталды. Адамдар да өз ата-бабаларының дінін ашық тұта бастады. Кеңес уақытында жабылып қалған мешіттер өз жұмыстарын жалғастырып, жаңалары ашыла бастады. Біз бұл үшін Құдіретті Аллаһқа ризашылығымызды білдіреміз.

Бірақ 1990 жылдардағы өтпелі кезең тек экономикалық жағынан ғана емес, рухани жағдайда да қиын болғанын жасырмаймыз. Біздің егеменді дамуымыздың алғашқы жылдарында жоғары білімді діни мамандардың тапшылығын көрдік. Сондықтан ондаған жылдар бойы біз имамдарды аттестаттаудан өткіздік. Одан үш мыңға жуық имамдар өтіпті, өкінішке орай, олардың көбісінің медреседе сабақ беріп, уағыз айтуға мамандығының сай келмейтіні анықталды. Бұл

мәселені жедел шешу үшін 2002 жылы Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының жанынан Республикалық имамдардың мамандығын көтеруге арналған ислам институты ашылды. Бұл институтты сегіз жүзге жуық имамдар оқып бітірді.

Имамдардың біліктілігін жетілдірумен бірге біз жаңа кадрлар да даярлай бастадық. Ол үшін Алматыда имам-хатыб мамандығын төрт жылдық тереңдетіп оқытатын «Нұр Мұбарак» атындағы ислам мәдениетінің Египеттік университеті ашылды. Университет Қазақстан білім және ғылым Министрлігінің лицензиясын алды. «Нұр Мұбаракта» студенттерге Египеттің «Аль-Азхар аш-Шариф» университетінен келген теолог-докторлар, профессор-педагогтар дәріс береді. Университеттен Қазақстанның мешіттерінде жұмыс істеп жүрген 206 адам бітіріп шықты. Олардың ішінен өз білімін жетілдіргісі келгендердің университеттің магистратурасында оқуын жалғастыруына мүмкіндігі бар.

2005 жылдан бастап елдің Астана, Алматы, Тараз, Ақтөбе, Павлодар, Орал, Шымкент қалаларында және Үшқоңыр, Сарыағаш, Қосшы елді мекендерінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, Білім және ғылым министрлігінің лицензиясын алған медреселер ашылды.

Медреселерде жоғары оқу орындарын бітірген білікті оқытушылар дәріс береді. Олармен бірге Египеттен келген 14 докторлар мен профессорлар оқытушы болып қызмет атқарады. Олар «Әл-Азхар» университеті мен ҚМДБ республикасы арасындағы келісімшартқа сай жұмыс істейді.

– Митропольчье аймағының басшысымен қарым-қатынасыңыз қалай қалыптасуда?

– Қазақстандағы Православие діни бірлестіктер ішіндегі саны жағынан екінші орында. Біздің елдегі православиенің тарихи тамыры терең – көптеген ғасырлар бойы мұсылмандар мен христиандар бір-біріне құрмет көрсетіп, бірге өмір сүріп келе жатыр. Осыған байланысты Қазақстанның мемлекеттік саясаты діни еріктілік пен өзара құрметке құрылғанын айта кеткім келеді. Біздің Конституцияда әрбір қазақстандықтың діни еріктілікке құқы бар деп анық көрсетілген.

Менің өзім митрополит Александрмен достық қатынастамын. Біз түрлі жиналыстарда кездесіп тұрамыз. Кездесу кездерінде біз екеуіміз тек дос қана емеспіз, бауыр да болып кетеміз. Бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша біз бір-бірімізді діни мерекелермен құттықтап тұрамыз.

– **Жақында Қазақстанда «Діни қызмет пен діни бірлестіктер жайлы» Заң қабылданды. Бұл құжатты сіз қалай бағалайсыз?**

– Бұл заң елдегі рухани жағдайды бақылауға, халықтың басын қатырып, адамның жеке өміріне араласатын деструктивті діни идеялар мен секталардан қорғау үшін өте қажет. Мұндай қолсұғушылықтан отбасының ажырасып, тіпті өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізген жағдайлар да болды. Мұндай секталардың зардаптары барлық елдерде де бар. Деструктивті діни идеяларды таратушылар жастарға Қазақстанда исламның тарихи тамыры әлсіз, сондықтан басқа мұсылман елдеріне бағдарлану қажет деген идеяны да ендіруге тырысады. Қазақстанның ислам құқына да, халықтың дәстүріне де қарсы келмейтін өз дінтанушылары бар. Ал жастар басқа елдердегі исламды білгісі келіп, оқуға барып, біздің қоғам мен түсінігімізге сай келмейтін діни нанымдарды алып келеді, біз үшін бұл, әрине, көнуге болмайтын нәрсе.

– **Көптеген батыстық құрылым, оның ішінде ҰЕҰ (НПО) бұл заңды дін еркіндігіне қысым жасалған деп сынға алды. Наразылық, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдарда, оқу орындарында, жатақханаларда намаз оқуға тыйым салынатын, мемлекеттік ұйымдарда діни сараптау жүргізуді қарастыратын, діни әдебиеттерді діни ғимараттарда таратуды шектейтін құжаттар нормасы туралы туындады. Сіз осы құжаттың дін еркіндігін шектейтіндігіне келісесіз бе?**

– Батыстың қоғамдық ұйымдары тарапынан айтылған сынмен мен келіспеймін. Еркіндік жүгенсіздікпен байланыстырылмауы керек. Сонымен бірге, мемлекеттік ұйымдарда білікті дінтанушылар мен теологтардың қатысуымен діни сараптама жасау қажет деп ойлаймын. Бұл заңға енгізілген түзету маңызды, себебі Қазақстанда қазіргі кезде еркін сатылымда жүрген экстремистік әдебиеттерді шектеу қажет. Сондықтан мен бұл заң діни сенім еркіндігін шектейді деген көзқараспен келіспеймін.

Тағы да заңның мемлекеттік мекемелерде намаз оқуға тыйым салынған жетінші бабы жайлы біршама айтайын. Аллаһқа шүкір, мешіттердің саны күннен күнге көбеюде, мұсылмандар барлық уақытта мешітке барып, намаз оқуына болады. Кейінірек, адамдардың тілегі орындалып, қоғамдық орындарда намаз оқитын орындар ашылады деп үміттенеміз. Сондықтан, жайында халықты дүрліктірудің қажеті жоқ. Қазақстан көп ұлтты, көп конфессиялы

зайырлы мемлекет. Біз бұл әлемде жалғыз емеспіз және біздің бәрімізге басқалардың да мүддесімен есептесуіміз қажет.

– **Көп уақыттан бері Қазақстанда қоғамдық орындарда хиджаб киюге байланысты пікірталастар өтуде. Бұл жағдайға қалай қарайсыз?**

– Әрине, дұрыс қараймын. Исламға сай, хиджаб – әйелдердің киімі. Бұл жайында Қасиетті Құранның «ан-Нур» сүресінде былай делінген: әрбір әйел беті мен қолынан басқа барлық жерін жауып жүруге міндетті. Ежелден ата-бабаларымыз шарифаттың талабына сай киінген. Олар біздің мәдениетімізге, дәстүрімізге, ұлттық санамызға сай келетін киімдерді (сәукеле, орамал, кимешек және басқа да киімдер) ойлап шығарған. Бірақ қазіргі кезде ол киімдерді тек театр сахнасынан не мұражайдан көреміз. Шарифат талабына сай киінгісі келетін қыздар шетелден әкелінген, біздің ұлттық дәстүрімізге сай келе бермейтін киімдерді сатып алуға мәжбүр болады.

Бұл мәселені шешу мақсатында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы шарифатқа және қазіргі заманға сай келетін мұсылман киімдерін жасауға дизайнерлер (әрлеуші) мен модельерлер (үлгіші) арасында «Әдемі киім – әйелдер әшекейі – 2011» республикалық байқауын жариялады. Сонымен бірге киімдер ұлттық реңкте болуы тиіс деген шарт қойдық.

– **Қазақстанда уахабшылар қаншалықты белсенді болуда?**

– Иә, шындығында, бізде бұл ағымды жақтаушылар бар. Бірақ Жаратқанның арқасында, олар аздаған жекелеген топтар және олар негізінен елдің батыс жағында. Олар өз көзқарастары мен идеяларын тарату мақсатында ауылдық жерлерде тұратын, Қазақстанға тән, дәстүрлі исламнан хабары аз халықты үгіттейді. Сондықтан ҚМДБ батыс аудандарда өз жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, батыс қалалары Ақтөбе мен Оралда тұрғылықты мешіттерге кадрлар даярлау мақсатында екі медресе аштық. ҚМДБ бізде білікті де білімді имамдар болған кезде радикалдар мәселесі өзінен өзі шешіледі деп есептейді.

Қауіпті ағымдармен күресуге арналған ақпараттық жұмысты біз барлық деңгейде жүргіземіз. Әрбір діндарға исламды дұрыс түсіндіруге тырысамыз. ҚМДБ сонымен бірге ағартушылық әдебиеттер, газет және журналдар шығарады. Біздің имамдар БАҚ-да сөз сөйлейді, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар

өткізіп, осы мәселеге байланысты пікірталастар мен қоғамдық тыңдауларға қатысады.

– Ислам ынтымақтастық ұйымына қатыса отырып, Қазақстан өз алдына қандай мақсаттар қояды?

– Биылғы жылы Қазақстан ислам әлемінің ең ірі ұйымының бірін – ИБҰ басқарды. Біздің еліміздің мұндай беделге ие болуы бір жағынан, әлемдік сахнадағы беделін көтерсе, екінші жағынан – Батыс пен Шығысты байланыстыратын, тиімді көпір болу мүмкіндігіне ие болды. Осыған байланысты, ИБҰ-ға төрағалық ету қазіргі кезде әлемдік қауымдастық алдында тұрған экономикалық, қаржылық және саяси мәселелерді шешуге, исламдық ынтымақтастықты күшейтуге барлық мүмкіндіктерді жасап жүрген біздің елімізге, президент Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Интерфакс-религия

КІМДЕ КІМ ОЗБЫРЛЫҚ ДІНИ ИДЕОЛОГИЯНЫ ЖАҚТАСА, ӨЗДЕРІ ОНЫҢ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛАДЫ

**(Өзбекстан Республикасы ҒА Шығыстану институтының
бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы
Б.М. Бабаджановпен сұхбат)**

– Әлемде, оның ішінде Орталық Азия елдерінде осы елдердегі жағдайларға әсер еткен оқиғалар болды. Қазір саяси ислам жайлы көп айтатын болды, әрине бұл жерде Орталық Азия да тыс қалмайды. Осы тақырыпты зерттеуде ғылыми ортада қандай жобалар бар?

– Өзіңіз айтқандай, жобалар әртүрлі. Сонымен бірге әдістер де әртүрлі дер едім. Бұл әдістердің сапасы, немесе қолданылатын әдіснамалар белгілі бір зерттеушілерге, олардың білім деңгейіне, әсіресе исламға байланысты білімдеріне байланысты болады. Сонымен бірге сарапшылардың көзқарасына, әсіресе олардың жариялаған материалдарына басқа факторлар әсер етеді. Мысалы, көптеген сарапшылар (немесе өздерін соған сай көретіндер) тура не жанама өз елінің мүддесіне (не өздері өмір сүріп жатқан елге), қандай да бір саяси не экономикалық одаққа, әсіресе діни-саяси партияларға, идеологияларға және т.б. қызмет етеді. Ал бұл қиын мүдде мен олар тудырған ақпаратты басқару жобасы білмейтіндерге түсінікті бола бермейді. Дегенмен, бұл тәсілдер БАҚ-та, оның ішінде Интернет-сайттардан белгілі. Себебі, олардың мақсаты қоғамдық пікір қалыптастыру, содан кейін саясаткерлердің шешіміне әсер етуге тырысып, оларды басқару. Бұл жағдай мұндай ақпаратты біржақты қылады. Сондықтан, егер сіз «саяси ислам» мәселесіне байланысты жағдайларды түсінгіңіз келсе мұндай жарияланымдар мен бұл ортадағы белгілі авторлар қорытындысына мән беруге болмайды.

Бұл «саяси ислам» анықтамасын түсіну де әртүрлі. Мысалы, мұсылман ғалымдардың жартысы оны қабылдамайды және ислам ешқашан саясаттан тыс болмаған, ал теориялық ислам мен саясат өзара байланысты және өзара тәуелді деп көрсетеді. Демек, олардың пікірінше, өзінің саяси, заң шығаратын институттарын басқару мен қалыптастыру негізіне шарифатты қоймаған мемлекет – ислам мемлекеті болып саналмайды, ал оның аймағы «Дар ал-исламға» (Ислам аумағы) жатпайды.

Мұсылман ғалымдарының екінші бөлігі (әсіресе біздің аймақтағы ханафиттер) діндарлардың рухани құндылықтарына саясаткерлердің құрмет көрсету жағдайында зайырлы мемлекетте мұсылман қауымының толыққанды өмір сүруіне болатындығын мойындайды. Тиісінше, қауымның көсемі мен мүшелері негізгі саяси мәселелерге араласпайды, мемлекеттің зайырлылығын өзгерту туралы мәселе қозғамайды.

Зайырлы бағыттағы сарапшы-дінтанушылар да «саяси ислам» терминін бірдей түсінбейді. Бірақ, қысқаша айтқанда, бұл термин (мүмкін, өте биязы түрде емес) дін мамандарының ішкі және сыртқы саясат мәселелерін шешуде, экономикалық қорлар мен билікті бөлуде тікелей қатысуы жайлы құдайлық ілімді қолдаушылар қойған мәселесі жайлы. Басқаша айтқанда, «саяси ислам» өкілдері бұл саяси-құқықтық құрылымның еуропалық түсінігіндегі зайырлы және рухани билікті бөлуді қаламайды және рухани тектің өкілдерінің билікке қатысуын, тіпті басым болуын қалайды. Орталық Азияның бірде бір саясаткері бұл елдің Конституциясына қайшы келетін мұндай нобайды қабылдамайды. Сондықтан «саяси ислам» өкілдері өздерінің «билікке кіру» нобайын тудырады. Олардың біреуі жасырын жүріп, Интернетті пайдаланып, «ислам мемлекетін», кейде «халифат» құруды ұсынады. Басқалары, алдымен үгіттеу арқылы (*da'wa*) «исламдық саяси ойды» қалыптастыруды жөн санайды, қоғамды исламдандырып, соған байланысты табиғи исламдандудың саяси құрылымын дайындайды. Үшіншілері, шебер әрекет жасайды. Мемлекетпен ашық жанжал тудырмай, жергілікті деңгейге (облыстық, аудандық, мекемелік) әсер ету үшін заңды ислам институттарын (рухани басқармалармен, мешіттермен, діни ұйымдармен) және тіпті билік құрылымын пайдалануға тырысады. Бұл «исламның саяси қайта өркендеу» жобасы «руханилық», «төзімділік», «таза ислам» және т.б. арқылы бүркемеленеді. Бұл «үшінші жол» араб елдерінің кейбір діни-саяси құрылымдары арқылы қолдауға ие болады. Қолдау, ең алдымен, қаржылық бірлестіктің ауқымына енудің материалдық түрі.

– Меніңше, саяси ислам мәселесі тек ғылым ғана емес, қоғам мәселесі болуда. Батыс Қазақстандағы (Ақтөбе облысы) соңғы жағдайлар оқиғаның қалжың емес екендігін көрсетеді. Сарапшылар мен талдаушылардың ешқайсысы жағдайды түзеу үшін ұсыныстар бермейді. Үш жыл бұрынғы исламның

аймақтағы, Қазақстандағы көрінісінің белсенділігін айттыңыз. Қазіргі жағдайды қалай түсіндірер едіңіз? Қандай ұсынысты қабылдар едіңіз?

– Иә, мен Ақтөбедегі немес Батыс Қазақстандағы жағдай туралы оқыдым және менің болжауымның дәл келуі өкінішті-ақ. Қазақстандағы ахуал осы мағынада шиеленісіп жатыр деген пікірмен келісемін. Бірақ біз дегемен «жамағаттардың» 1-2 тобын, немесе басқа лаңкес топтарды жойғанмен, бұл сұмдық құбылыстың көбінесе салдарымен күресеміз, ал олардың себебімен айналысуымыз керек. «Діни либерализм» деп аталатын ұғымды қалай түсіну қажет. Ең бастысы, сарапшылар ішінде кім «діни либерализм» стратегиясын қалыптастырады? Либерализм мен жағдайдың бақылаусыз дамуы арасындағы еленбейтін шекарасы қайда? Әзірше бұл сұрақтар мен мәселелерге жауапты анық бере алмайтын сияқтымыз. Сондықтан маған жағдайды түзеуге байланысты мәселе емес, кім және қалай бұл мәселені бағалайды (әсіресе билік орындарында және діни бөлімдерде), ең бастысы қалай түсінеді деген ой келеді.

Қазақстандағы «уахабшылар» мен «салафилердің» күшеюін қолдайтындар (ондайлар аз емес) жағдай тұрақты деп есептейді және төзімділік пен руханилық жайлы әңгімені көп қолданады. Басқалары (әсіресе Пәкістанда және басқа да білім орталықтарында оқып, ол жақтан осыған сай әсер алып келгендер) «таза исламды – ата-бабаларының дінінің тууын» қалайды. Бірақ бұл мырзалар Қазақстандағы өте қиын халықаралық жобаны қалыптастыруда жаңа діни идеологияның құралына айналады, тағы қайталаймын, бұл елдің діни және мәдени дәстүріне сай емес, бірақ ОА елдеріне әсер ету үшін кейбір сыртқы ойынды жүргізіп отырғандарға қолайлы.

Әрқашанда діни-идеологиялық жобалар (әсіресе «уахабиттік») жүргізіп отырған «қаржы сұлбасына» қатысатын кәсіпкерлер Қазақстанға тигізер олардың саяси және идеологиялық салдарын көрмейді. Ал олар елде, содан кейін аймақтарда көптеген қоғамдық дағдарыс пен саяси мәселелерге әкелетінін айтқым келеді. Және мұндай басқыншылық идеологияны қолдайтындардың өзі соның құрбаны болады. Ең бастысы, егер тікелей саяси ерік (қоғамдық пікір қолдаған) болмаса, ешқандай да сарапшылардың «көкейге қонарлықтай ойлары» көмектесе алмайды. Немесе қоғамдық пікірге сүйенетін ақылгөй саяси болжам да болмайды. Маған Қазақстандағы қоғамдық пікір террористердің квази-идеологиясының негізіне

айналған, Қазақстанға жат діни-саяси идеологияны енгізу жағдайына құқық қорғау орындарының енжар қарауы қандай қауіп төндіретінін түсінген (тіпті сезінген) сияқты көрінеді. Егер мен дұрыс түсінсем, әзірше қоғамның дабылын саясаткерлер елемей жатыр. Бұл менің көзқарасымша, қауіпті құбылыс. Бірақ қоғам қайраткерлері мен беделді адамдардың белсенділігіне үміт артуға болады. Әлеумет те әлеуметтік сезім мен дәстүрге сай жат идеологтарға тиімді балама ретінде сопылықты қолдайды.

Ал қазір аздап артқа шегініп, «уахабизмнің» «мемлекет қарауына алынғаннан» кейінгі қазіргі Сауд Арабиясы патшалығының идеологиясы екенін тұрғылықты теологтар түсінбейтінін айтып өткен дұрыс сияқты. Уахабизм ханафиттер мен көптеген сүнниттер үшін **мұсылмандардың ұлттық ерекшелігін қабылдамайтын, ата-бабалар қабырын құрметтеуге қарсы болып, теократияны қалпына келтіруге итермелейтін саясиленген қозғалыс және т.б. ретінде түсіндіріледі.** Тұрғылықты ортаазиялық исламның зайырлы және діни билікті даралау мүмкіндігін мойындауы, яғни Пайғамбар заманынан бергі **теократиялық билікті** (қазіргі атауы – «халифат») **қалпына келтіруді қалайтын уахабиттік көзқарасқа қарсы** болғандығы маңызды. Бұл діни пікірталаста суфизм көсемдері соңғы орында емес, ішінде Ясауи де бар.

Бірақ бұл пікірталастағы ясауишылар мен фундаменталистшілердің ішіндегі ең маңыздысы не? Түсіндіруге тырысайын. Шейх Исмадулланың аудио және видеокассеталарын тыңдағанда мен «патша Нұрсұлтан Әбішұлына өз ісін істеуге кедергі келтірмеу керек» үндеуін толық түсінемін, бұл **мұсылмандардың зайырлы мемлекетте толықтай өмір сүру мүмкіндігін мойындаған** және заңды билікті қолдаған Ясауи мен Қадирияның дәстүрлі конформистік шешендігі болатын. Бұл түсініктердің бағамдауынша – дін мамандары мен азаматтардың міндеті басшыға кедергі келтірмей көмектесу керек. Бұл бауырластықтың дәстүрі осындай. **Кейбір сарапшысымақтар** (ислам мен суфизмді нашар білетін) мұндай шешендікті («президент» сөзінің орнына «патша» сөзін пайдаланғанды) «ортағасырлық ойлау», «консерватизм» деп бағалайды.

Бірақ, бұл қарапайым діни ұғым екенін түсінетін уақыт жетті емес пе! Ол қазіргі секулярлы тілге ұқсағып, басқа сөздікке жүгіріп, басқа термин іздеудің қажеті жоқ. Әрине, қазіргі сөздік қазіргі дін мамандарының тіліне әсер етеді. Бірақ ол бәрібір дін тілі болып қала береді.

Ясауишылар мен олардың қарсыластарының пікірталасына келейік. Аймақта (әсіресе көшпенді) биліктің зайырлы және діни бұтақтары бөлініп кеткен. Осыны «бұрыс ислам» фундаменталистері қабылдап алған. Олар бұл көзқарастың Ясауидің қазіргі ізбасарларының пайдасына шешілетінін түсініп, олардың сенімін басқа жолдармен жоюға тырысады. Мысалы, шарифаттан, «ханафизмнен ығысу» және т.б. Бастысы, осы ясауишылардың саяси либерализмінде сопылар талабын жарнамаламау бар. Бұл либерализм «салафиттер» мен «уахабиттердің» саяси жобасының беделін түсіреді. Міне бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін діни шешендікке мән беру қажеттігі осында.

Ислам ішінде қашанда «дұрыс ислам» жайлы пікірталастар, оның негізінде бітпейтін секталар мен ағымдарға, ал қазіргі кезде партиялар мен жамағаттарға бөлінулер болып тұрған. Сондықтан да жұмаққа баратын («Пайғамбарымыздың хадисі бойынша – оған тыныштық берсін!) жалғыз қауым жайлы айтыс көптеген ғасырлар бойы жүруде. Бұл айтыста ислам түрлі мәдениеттер мен басқа дәстүрлері бар үлкен аумақта таралатындықтан, оны түсініп, төзімді көзқарас көрсеткен дін мамандары болды. Мұндай түсінікті ең алдымен көптеген сопыларға, философтарға, дін мамандарына көрсетті. Басқа дін иелері «тұңғыш исламды» тудыру мақсатында түпкі көзқараста болды; оларды қазір *фундаменталистер, салафиттер, діни экстремистер* деп атайды. Қазіргі заманда діннің фундаменталистері қауіпті емес. Олардың қолдарына қару алып, шахидтердің белдігін байлап шыққандарды қолдап, кімде кім ұлттық дәстүрді ұстаса, оларды мұсылманға санамай, «бөтен діндегілер» деп жариялап, төзімді болғандарды жек көрген негізгі басқыншылық ұстанымда тұрған озбырлы идеология.

Сондықтан Қазақстанда секулярлы дәстүрлер мен билікті құрметтейтіндер және т.б. күштірек деп тыныш отыра беруге болмайды. Секулярлық идеологиясы күшті қазіргі Қазақстанда «діни сілкініс» (қайта өрлеу) көрші республикаларға қарағанда қызу емес, діни либерализм саясаты сәтті, орынды сияқты. Бірақ аталған діни түлеу үрдістері Қазақстанда да күш алуда, оның үстіне қазір дамыған коммуникация түрлері (ақпараттық және жеке) көбейіп, мемлекет барлық сыртқы, ең алдымен діни-идеологиялық әсерлерге ашық екені белгілі.

Бұл әсерлер жиі «еркіндік пен демократия» үшін күрес сияқты сырттай игілікті іс сияқты көрінетін басқа түрлерге де ауысады.

Барлық әлемдегі көп оқиғалар осының куәсі емес пе? Басқа да сұрақтар туындайды – қазіргі кезде қауымның, әсіресе дін жағынан идеологиялық және ділдік пайымдары тез өзгеріп жатқанда кешегі стратегияны басшылыққа алуға бола ма?

Мен, мүлде діни либерализмге қарсы емеспін. Бірақ қазіргі саясат қандай стратегияны болса да, діни өмірді реттеудің тиімді шараларын жорамалдайды. Оның үстіне халықаралық жоспарда «діни карта» (бұл жиі экстремистер тобы болады) ішкі істерге араласу, қысым жасау тәсілі ретінде пайдаланылады.

– **Сіз әріптесіңіз екеуіңіз шығарған «Жахр» және сама зікірлерін негіздеуге жөніндегі фәтуалар жинағы» деген кітабыңыздың алғысөзінде сіз сопылықты заңды діни өмірден шығарып тастау бұл ортаны радикалдыққа апаратынын, фундаменталистік жамағатты толықтыратынын көрсеттіңіз. Бұл жағдайдың қандай мүмкіндіктерін атап көрсетер едіңіз?**

– Мен үстірт кестелер мен анықтамаларды жек көремін, себебі біз айтып отырғандар өте күрделі құбылыстар. Қазір бұл анықтаманы жеңілдетуге тырысайын. Қазақстандағы сопылықтың жеңілісі қазақтың тарихи дәстүрі мен мәдениетін бұзу болып саналады. Ал қазіргі жағдайдың дамуында босатылған «діни-идеологиялық өріс» жарқын күшке ие болмайды. Менің көзқарасымша, Қазақстанда жағымсыз саяси, мәдени, әлеуметтік салдарлар болады, мұны сезетін кез келді. Сіз айтқан кітаптың алғысөзіндегі ойымды қайталаймын. Діни ахуалды басқару өнері, дәлірек айтсақ діни ұйымдардың қызметі сол барлық ұйымдарды сот арқылы қуғындау емес. Бұл тек мәселені күрделендіріп жібереді. Бұл жағдайды басқарудың басқа түрін табу керек. «Ресми» діни басқармалар деп айталатындарды сырттай бақылау немесе діни ұйымдардың басқа түрлерінің пайда болмауына «тосқауыл» қою басқа да діни ұйымдардың шықпауына (көбінесе жасырын, сырттай бейімделген, бірақ астыртын) кепілдік бере алмайды. Одан да сопылар сияқты дәстүрлі және саяси оқшауланған, ымырашыл ұйымдармен жұмыс істеген дұрыс емес пе?

Діни-идеологиялық процестер өте қиын болса да, бұл жеңілдетілген түрі деп қайталаймын. Елдегі жағдайға немқұрайлы қарамайтын Қазақстанның шетелдік әріптестері қызығушылық танытқан кезде ол тіпті қиындай түседі. Бұл шетелдік қызығушылық ашық өтпейді, қаржылық-корпоративті «басып кіру» формасында, сыбайластық жолдарын пайдалану арқылы өтеді. Бұл «қатыстылық»

пен «басып кірушілік» көзге түсе бермейді, қоғам алдында да айтылмайды. Бірақ жағдайдың тұрақсыздануы сипатындағы, оның салдарлары алдын-ала болжанбайды Яғни, бұл үрдістер үлкен жауапкершілікті және талдау көзқарасын талап етеді.

– **«Ханафия» (ханафизм) діни-құқықтық мектебі Қазақстандағы сопылыққа сай келе ме? Исматулла Максұмның бауырластығы туралы айтып тұрмын. Себебі бізде «ресми дінбасылар» жахрия зікірі ханафизмге сәйкес емес деген пікір айтады. Тіпті жахристерге қарсы сіз алдыңғы мақалаңызда айтып өткендей арнайы фәтуа шығарды. Сіздің кітабыңызда фәтуа жахристерге қарсы салафиттер дәйектері негізінде дайындалған дедіңіз. Және олар ғаламтордан алынған. Осы фәтуаға нақты тоқтап кете аласыз ба?**

– Мен сопылыққа қарсы орынсыз шабуыл жасалу мәнін түсінемін. Сіздердің «ресми дінбасыларыңыз» сопылықтан рухани бақталастықты көреді. Діни қайраткерлер өздерінің ықтимал әдептерінің басқа рухани ұйымның беделіне «ауысып» кеткенін қаламайды, қызғаныш сезімі оянады. Сопылық «жахр» салты (Аллаһты дауыстап еске алу) сүннизмге, не ханафизмге сай емес деген кезде мен сопылық сияқты «жахристердің» қарсыластары да бұрыннан белгілі ортағасырлық пуристердің (салафиттер не фундаменталистер) кейбір дәйектеріне жүгінетінін көремін. Бұл сопылықтың «дұрыс» не «бұрыс» нысандары мен салттары жайлы дау исламда он екінші жүзжылдық (!) бойы жалғасуда. Яғни, әуелбаста екі мектеп пайда болғалы бері: тайфурия/бистамия (негізін салған Абу Йазид Бистами, 875 ж. өлген), және салты жағынан қатал Жунайдия мектебі («сахб»/салауатты; негізін қалаған ал-Жунайид ал-Хаззас ал-Багдади, 910 ж. өлген). Мен өз кітабымда бұл көпғасырлық дауда кімнің дұрыс екенін іздеу мәнсіз екенін айтқанмын. Сопылық салттарының түрлі нысандарын (исламдағы мистикалық-философиялық ағым) түсіну сүннизм нысандарының әртүрлілігін түсіну сияқты маңызды. Сүннизмдегі салттық және діни әртүрлілік пен «ислам формаларының жалғыз дұрыс түрі» дейтін сүнниттік дінбасылар арасындағы ғасырлар бойғы дау қандай да бір мазхаб өкілдерінің мұсылман емес екендігінің дәлелі болатындығы ешкімнің ойына келмейді. Сопылық қандай этно-мәдени ортада пайда болды, сол аудандағы мазхабтың күші қаншалықты екендігіне байланысты өз сипатын тапты. Бүгінгі жахр зікірінің қарсыластары қандай дәлелдер

келтіретінін көрейік. Ең бастысы, олар кімнен алып пайдаланды? Жахр зікірі мен сопылыққа қарсы болған 3-4 беделді дінбасыларын көреміз. Бірақ бұл дінбасыларының «түбін» іздей бастасаң олар не ханбалиттік, не салафиттік авторлар болып шығады.

Сол кезде табиғи сұрақ туындайды – «ханафиттік дәстүрден шегініс» деген айыптың қажеті не? Ортағасырлар дінбасылары өз айтыстарында өздеріне жақын сопылық пен оның салтының кейбір түрлері жайлы ғана айтқан. Бірақ ешқашан өз қарсыластарын «мазхабтан шығару» (сонымен бірге «исламнан» шығаруға) жайлы мәселе болған емес. Тіпті Ибн Таймиййа сияқты «исламды тазалау» жақтаушысы да жахр зікірін сынаса да, ешқашан «мазхабтан шығару» мәселесін қойған емес. Бірақ оның өте ертедегі замандастары (Мысалы, Убайдуллах ал-Бухари және б.) жахр зікірінің заңдылығын дәлелдеген. Жахр зікіріне қарсы болғандар ішінде ханафиттік не шафииттік дінбасылар мен сопылар да болғанын айтуымыз керек. Бірақ олардың дәлелдері басқа да беделді дінбасылары арқылы теріске шығарылып отырды, олар жахр зікірін заңды деп таныды. Бұл тартыстың көпғасырлық екендігін тағы да қайталаймын. Екінші жағынан, кейбір аймақтағы сопылар мен дінбасылары (мысалы, Алауддин Уструшани, Ходжа Накшбанд, оның шәкірті Ходжа Мухаммад Парса т.б.) жахр зікірінің дұрыстығын және діни заңдылығын қолдаған, бірақ өздері тыныштықты қалаған. Көріп тұрғандарыңыздай, дінбасылар ортасында (оның ішінде ханафиттер арасында да) сопылық жайлы, оның салттары туралы түрлі пікірлер болған.

Ал қазіргі жахр зікірі мен суфизмге қарсы пікірдегілердің дәлелдері де жаңаша емес. Бірақ өз білімдерінің күші арқылы (көбінесе «таза арабтық/пакистандық») олар дәлелді тек «өз» пікірінің (дәлірек айтсақ бөтеннің) пайдасы үшін табады, суфизм мен жахр зікірінің қарсыластарының көзқарастарын жоққа шығаратын беделді дінбасыларының пікіріне үндемейді (не білмейді). Бұл жерде бірінші орынға «дінді тазалық күйінде сақтау» емес, жаңа мүшелер үшін күресті қояды.

Сопылықтың Ясауилік түрі (жахр зікірімен бірге) қазіргі Қазақстан жерінде пайда болған. Егер сіз оның мұрасын өз рухани мұраңыз ретінде қабылдасаңыз, діннің қазіргі фундаменталистері мен экстремистері арқылы кірген салафиттік идеологиялық көзқараста болсаңыз да, бұл мұраға тіл тигізбеңіз. Мен сіздердің президенттеріңіз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қожа Ахмет

Ясауи зиратына (11 наурыз 2011 ж.) барған кездегі ұлы шейхтің мұрасы қазақ халқының және барлық аймақ халқының рухани мұрасы болып табылады деген сөзімен келісемін. Керемет сөз!

Енді осы фәтуа жайында. Оны бақытымызға орай, көбейтпедік, себебі оның мәтіндік дәлелі әлсіз, ханафиттік емес еді. Бұл фәтуаны пайдалану ханбалиттік, немесе салафиттік көзқарастағы авторларға тән. Яғни фәтуаның өзі ханафиттік рухта емес. Ары қарай түсіндіру артық сияқты.

– **Орталық Азия елдерінің діни басқармасының діни және теологиялық дайындығының кәсіби деңгейін қалай бағалайсыз? Бұрын большевиктерге дейін Орталық Азия діни қайраткерлер даярлайтын орталық болды емес пе. Түркістандағы, Сайрам мен Бұхарадағы медреселерді еске түсірейік. Ал қазір оқыту орталығы Египетке, Пәкістанға және т.б. араб елдеріне ауысып кетті. Неліктен?**

– Шындығында, большевиктердің жеңісіне дейін Орталық Азия атақты діни ойлау орталығының және оқыту жүйесінің бірі болды. Кеңес уақытында аймақта оқу дәстүрі үзілген кезде тек бір ғана медресе Бұхарада (1945 ж. бастап) қызмет жасады. КСРО құлардың алдында және тәуелсіздіктің бірінші жылдары исламға қайта келу басталғанда тәуелсіз мемлекеттер аймағында өзіндік оқу мен мамандар мәселесін шешу бірінші орында болды. Сол кезде діни оқу жүйесін қалыпқа келтіру үшін барлық ықыласымызды жастарды мұсылман елдеріне оқуға жіберсек жеткілікті деп ойладық, не болмаса сол жақтан оқытушылар шақырдық, мәселе солай шешілді. Бірақ екі мәселе діни жүйені бақылаушы ұйымдардың назарынан тыс қалған: 1) еріктілер ретінде жұмыс істейтін, қандай да бір қозғалыстың (әсіресе салафиттердің) мүшесі болған, шақырылған оқытушылардың көзқарасы қандай болуы мүмкін? 2) Діни орталықтарда жастарды қалай және неге оқытады, сол жақтың фундаменталистері жастарға қандай әсер береді?

Сонымен, дайындықтың теологиялық сапасы, деңгейі оқу орнының оқытушылар құрамына байланысты болады. Яғни олар қайда және нені оқыды. Бұл мәселелерді елемеушілік неге әкелді, дәстүрлі оқу оқымаған, тіпті исламның аймақтық нысанына, мәдени және ұлттық дәстүріне қарсы келетін жерде оқыған жастар тобы пайда болды. Бұл дәстүрлерді жаңа оқытушылар мен жаңадан пайда болған діндар жастар исламдық деп қабылдамады. Шымкенттің

бірнеше имамдарымен кездесіп, әңгімелескен кезде мен алдында айтылған кітаптан бірнеше мысалдар келтірдім. Солар екі ұлт: «дінге сенетіндер» мен «сенбейтіндер» бар деген тұжырымдарын айтты. Оның ішінде «сенбейтіндерге» мұсылмандар көзқарасы арқылы «теріс жолдағыларды» да жатқызды. Бұл «теріс жолдағылар» анықтамасына менің түсінгенімше, оған тек сопыларды ғана емес, қазақтардың негізгі бөлігін жатқызды. Осыдан қорытынды шығарыңыз...

Мен сіздің сұрағыңыздан аздап кері шегінемін. Бірақ бұл өзіңіз түсініп отырғандай, дұрыс болады. Маған жақында Кавказдың, Қазақстанмен Қырғызстанның «жамағаттары» жайлы материалдарды қарап шығуға тура келді. Оларды маған осы елдердегі әріптестер көрсетті. «Жамағатқа» байланысты осындай материалдармен мен Өзбекстанда да жұмыс істедім. Бәрінен бұрын мені мына жағдай қызықтырды. Біріншіден, барлық аталған аймақтар мен елдердің астыртын баспаларында шыққан «жамағаттың» құжаттарының сөзі де, формасы да бірдей екендігін байқадым, яғни олардың идеологиясы бірдей деректен алынған. Мамандарға олардың деректері белгілі – фундаменталистік (салафиттік) әдебиеттер. Мен бұл «жаандық жоспар» деген болжам жасамай-ақ қояйын, бірақ халықаралық құбылыс екендігі ақиқат.

Екіншіден, тұтқындалған жамағат мүшелерінен тартып алынғандардың 75-80 пайызы – ресми түрде жарық көрген діни әдебиет. Негізінен аудармалар. Мысалы, мен жартысы араб елдерінде жарық көрген фундаменталистік әдебиеттің орыс, қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі аудармаларын (шыққан жері: Кавказ, Қазан, Шымкент, Алматы, Бішкек, Ош және т.б. қалалары) көрдім. Тағы да бұл аталған елдерде заңды түрде жарияланып жатқан (оның ішінде Қазақстанда да) «қарапайым діни» әдебиет деп айтуға тура келеді, бірақ олар еш сараптаудан өтпеген. Басып шығаруға рұқсат берген кезде бұл әдебиеттердің шыққан жері қайда екендігі, тәжірибесіз жастарға теріс әсер беру мүмкіндігі ескерілмейді. Оның «жамағат» мүшелерінің қалай түсінетіні мәтіндегі сызылған орындардан көруге болады. Бұл мәтін көріністері – «таза ислам», «теріс жолдағы мұсылман» жайлы озбырлық талдау, «күреске қатыспайтын» мұсылмандар кіретін «дінге сенбейтіндерге» ашық агрессия және т.б.

Үшіншіден, «жамағаттың» орта және жоғарғы буындағы барлық мүшелері Пәкістандағы медресені, не өз елдерінде бітірген. Бірақ бұл

медреселердегі оқытушылар Пәкістаннан, кейбіреуі араб елдерінен шыққандар. Сондықтан бізде жастарымызда бақылаусыз шығып жатқан діни әдебиеттер арқылы қалай, неге оқытып жатырмыз, біздің діни оқу орындарымыздағы оқыту тәсілін дұрыс бағалай аламыз ба деген сұраққа жауап жоқ. Өзімізде исламның дәстүрлі түрлері мен діни оқыту бағдарламаларын жақсартуға болмай ма? Айтпақшы, сопылар көбінесе осындай білім мен идеологияны таратушылар емес пе.

... Ислам – бұл әрқилы және өте икемді діни жүйе және оны сыңаржақты және бірқырлы теологиялық құралға, сондай-ақ саяси тартысқа айналдырудың қажеті жоқ. Неге біз бұл мұраны елемей, қандай да бір күмәнді, озбырлы идеологияны тыңдаймыз? Біздің дінбасылардан да үйренуге болатынына сеніңіздер. Біздің посткеңестік жандануымыз кейде осы әлемдік дінді бұрмалайтын, шынайы исламға (икеңді және төзімді) жат басқа идеологиялардың озбырлығы түрлерінде сипатталады.

– **Мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет! Сізден жаңа сұхбат, жаңа көзқарастар мен қызықты идеялар күтеміз.**

Пікірлескен Тимур Жұманов

Дерек: <http://www.guljan.org/>

МӘЛІМДЕМЕ

Қазақстан мүфтияты елдегі уахабшылардың ісіне тыйым салуды сұрайды

Астана. 13 шілде. ИНТЕРФАКС – Республика мұсылмандарының діни басқармасы Қазақстандағы уахабшылардың қызметіне тыйым салынсын деп есептейді.

«Шындығында, салафиттік ағым Қазақстанда таралып, қауіпті діни ағымның біріне айналды. Бұл қызметіне тыйым салыну қажет ағымдардың бірі», – дейді мүфтияттың баспасөз хатшысы Оңғар Өмірбек «Интерфаксқа» берген сұхбатында.

Оның пікірінше, Қазақстанда салафиттік ағымның таралуына дін саласындағы заңның әлсіздігі мен араб елдерінен келген миссионерлердің белсенді әрекеті әсер етті.

Ол көптеген Қазақстандықтардың Сауд Арабиясына қажылық сапарға барғаннан кейін сол елдің уахабшылар идеяларды үгіттейтін университеттерінде оқуға қалғандарын айтты.

«Ауылдарда жұмыс істейтін имамдарға ешқандай жағдай жасалмаған, сондықтан олар ол жерлерде тұрақтамайды. Тек Ақтөбе облысында 15-16 мешітте имам жоқ, егер мешіттердің қожайыны жоқ болса, бұл жерде кім көрінген үгіт жұмыстарын жүргізе алады», – дейді агенттік әңгімелесушісі.

Ол мүфтият Қазақстанда тек ханафиттік мазхабқа рұқсат берілсін деген дін туралы заңға түзету енгізу жайлы пікірлерін білдіргенін хабарлады. «Біз оның осы жылы қабылданатынан үміттенеміз», – деді О.Өмірбек.

Қараңыз: <http://www.interfax-religion.ru/?act=news&div=41483>

МӘЛІМДЕМЕ

Орыс Православие Шіркеуінің Архиерейлік Соборының экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеті туралы

Соңғы төрт жыл ішінде барлық құрылықта адамдарды күйзелткен лаңкестік істер әлемді өзгертіп жіберді. Бейбіт азаматтардың террористердің қолынан қаза болуы түрлі діни және зайырлы көзқарасты жамылып, бірақ әлем халқына қашанда жат таңдау жасатуға тырысатын экстремизмнің өлімге апарып соқтыратын қоқан-лоққысын паш етті.

Террористер озбырлығына Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан секілді Орыс Православие Шіркеуі өз міндетін орындайтын мемлекеттердің халқы ұшырады. Бесланда ішінде жүздеген балалары бар кепілге алынғандарды құтқару террористердің қаншалықты қорқынышты екендігін көрсетті.

Орыс Православие Шіркеуі түрлі елдерде қаза тапқан және жапа шеккендерге, сонымен бірге олардың туғандары мен жақындарын жоғалтқандарға қайғырып, дұға жасайды. Біздің иерархтар, шіркеу қызметшілері өз жеріміздегі қан мен көз жасының ағынын тоқтатуға бар күштерін салады.

Жақында болған трагедия халықтың қасіретіне аналық көңілмен қарайтын жамандыққа қарсы тұруға қабілеті бар ұлттық қауіпсіздік жүйесін құруға қосқан үлесінді ұғындыратын біздің Шіркеуді жақындатты. Бұл міндет ең алдымен, қазіргі терроризмнің діни себебін түсінуге талпынтады.

Діни және ұлттық сезімдерге құрылған экстремизмнің жұғымды ортасы көпғасырлық діни дәстүрлер рухында төзген, діни білім мен рухани практикадағы аздаған адамдардың кемшілігі. Көне білім түріндегі экстремизм эмиссары басқа сенімдегі халыққа көрсеткен зорлықты ақтап алу үшін ойластырылған жаңа идеяларды таратады. Сонда діни өмір тәжірибесі, жақсы көрші, қызметтестер тәжірибесі білімнің, тәрбие мен жаппай ақпарат берудің ұлттық жүйесінде қалады.

Сонымен бірге, діни және ұлттық ұрандарды жамылған экстремизм жеке және қоғамдық адамгершілік, өз халқыңа деген махаббат секілді дәстүрлі құндылықтарды пайдаланады. Бүкіл әлемді басып алмақшы болған қылмыскерлер өз пайдасына халықтың өз сенімі

мен мәдениетін секулярлы жаһандану алдында қорғамақшы болады. Экстремистік үгіт-насихат кейбір қазіргі қоғамда дамыған адамгершілік тәртіпсіздікке, дінсізденуге, әлеуметтік және экономикалық әділетсіздікке көне алмайтын кей адамдарға ұнайды.

Біздің нанымымыз бойынша, ХХІ ғасырдағы экстремизмнің өсу себебіне халық өмірінен туындаған рухани және адамгершіліктің бос кеңістігі жатады. Бұл бос кеңістікті жою үшін бүгінде тек шіркеудегі үгіт-насихат жекіліксіз. Рухани-адамгершілік тәрбие білім жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында болуы қажет. Бұл үшін жамандықты шектеп, жақсылықты қолдайтын рухани өмір сүру мағынасы мемлекеттің жауапкершілігінде (Орыс Православие Шіркеуінің негізгі әлеуметтік тұғырнамасы, III.2). Халықтың адамгершілік қағидасына негізделген дүниетанымға оралуының, діни салада қажетті танымды қабылдауының, дін мен мәдениет сұхбаты тәжірибесімен толығының уақыты жетті. Бұл экстремизм вирусына қарсы ең жақсы егу болып табылады.

Уақытнышаны халықтың рухани және адамгершілік жаңаруының болашағын кейінге қалдыру арам ойлы дұшпанның алдында бізді төмендетіп, барлық сыртқы қауіпсіздікті осалдандырып, мәңгілік ете алмайтынын анық көрсетіп тұр. Осыны еске ала отырып, рухымызды нығайтып, бірлігімізді сақтаймыз.

Қараңыз: <http://www.patriarchia.ru/db/text/418910.html>

7 шілде 2008 ж. 12.40

ІІІ БӨЛІМ. ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ФӘТУАЛАР ЖӘНЕ ДІН КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТТАРЫ

Ислам әлемі жетекші діни ғұламаларының мұсылман бірлігі мен сенбеушілігі жайындағы айыптаулар туралы

«Шынайы ислам және оның қазіргі қоғамдағы рөлі» деген ұранмен 2005 жылы шілденің 4-6 жұлдызында Амманда (Иордания) өткен халықаралық мұсылман конференциясының қорытынды құжаты.

Мейірімді де Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын! Біздің Пайғамбарымыз Мұхаммедке және оның отбасына бейбітшілік пен жарылқау болсын! «Ей адамдар! Өздеріңді бір жаннан жаратқан Раббыларыңнан қорқындар... » (Құран, 4:1).

Жоғарғы имам Әль-Өзхара, Египет мүфтиі, Оманның жоғарғы мүфтиі, Сауд Арабиясындағы Ислам құқық академиясының, Түркияның Жоғарғы діни кеңесінің, Иорданияның фәтуа жөніндегі комитеті мен мүфтияты, шииттік марджалардың (рухани көшбасшылар) жафаридтер мен зейдиттердің, сонымен қатар шейх Жүсіп-әл-Кардави мен аятолла Әли ас-Систанидің фәтуаларына (діни-құдайлық қорытындыларына) сәйкес:

1. Кім-де кім сүнниттік төрт мазхабтың өкілдері болып табылса (ханафиттік, маликиттік, шафиттік, ханбалиттік) шииттік ағымдар джафария, зайдия, сонымен қатар ибадия мен захирияны ұстанса мұсылман болып есептеледі.

Оны сенбеуші деп айыптауға, дүние мүлкіне, абыройына өміріне қауіп тудыруға жол берілмейді. Сонымен қатар, ашаризмді ұстанушылар мен аталар дәстүрін жалғастырушы нағыз сопылықты уағыздаушыларды жазалауға тыйым салынады. Жалпы Жоғары Мәртебелі Аллаһқа және оның Пайғамбарына (Аллаһ оны қолдап, жарылқасын) сенетін, дін қағидаларының ешқайсысын жоққа шығармай сенушілерді, тіптен кез келген мұсылман қауымын атеистер қатарына жатқызуға болмайды.

2. Исламның әртүрлі бағыттарының ішінде көптеген ортақ нәрселер бар. Сегіз ағымды ұстанушылар, Жоғары Мәртебелі Аллаһтың бірлігіне сенетін, Қасиетті Құранға (Аллаһтың жіберген сөзі) және біздің Пайғамбарымыз Мұхаммедке (Аллаһ оны жарылқап, қолдасын) бүкіл адамзаттың Пайғамбарына сене отырып исламның негізгі ұстанымдарын қолданады. Олар сонымен қатар исламның бес парызын (сенімді нығайту, намаз, зекет беру, Рамазан айында ораза ұстау, қажылық), иманның бес шартын мойындайды. Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітабына, Пайғамбарларына (олардың барлығына бейбітшілік келсін), Ақырет күніне, Тағдырдың Аллаһтан екендігін мойындайды.

Көрсетілген бағыттар бойынша ғұламалар арасындағы айырмашылықтар негізгі сәттерді емес, тек кейбіреулерін ғана қозғайды. Тіптен, діни ғұламалар арасындағы көзқарастардың әртүрлілігі – оңды құбылыс болып табылады.

3. Исламдық ағымдар туралы білімді игеру дін іліміндегі негізгі әдіснаманы ұстанудың қажеттілігін білдіреді. Исламның әр бағытының өзіндік ерекшелігін талдап білмей тұра, ешкімнің дін мәселесі жөнінде үкім шығаруға құқығы жоқ. Ешкімге өз бетінше діни істермен айналысуға кез келген бағытта арнайы дайындығы болмаса рұқсат етілмейді, немесе жаңа ағымдарды жариялауға, сонымен қатар Шарият бекіткен Ережелер дін ілімінің қағидаларынан тыс мұсылмандар бекіткен «фәтуалар» шығаруға тыйым салынған.

4. Қыжыраның 1425 жылы болжануы рақметі нұр жауған, алдын-ала анықталған түні қабылданып, Хашимит мешітінде оқылған аммандықтар жолдауының негізгі идеясына оның әртүрлі ағымдар мен бағыттардың қатарында болу мүмкіндігі, олардың өмір сүруін мойындау, оларды ұстанушылардың арасындағы сұхбат пен өзара қарым-қатынасын ретке келтіру қажеттігі туралылар жатады. Бұл, өз кезегінде, өзара түсіністік іздестіруді, төзімділік пен бірін-бірі кешірімшілдік, мейірімділік пен басқаның пікірін құрметтеу екендігін білдіреді.

5. Біз олардың арасында бөліну мен бөлінушіліктің тууына себептер болмауы үшін мұсылмандар арасындағы келіспеушілікті реттеуге, олардың ұстанымдары мен пікірлерінің бірлігіне, өзара сыйластықтарының нығаюына, олардың мемлекеттері мен халықтарының ынтымақтастығына, бауырластық байланысты нығайтуға шақырамыз.

Аллаһ (оған мадақ болсын) айтты: «Шын мәнінде, дінге сенушілер бауырластар ғой. Сондықтан ағайындардың арасын жарастырындар және Аллаһтан қорқындар, мүмкін сіздер кешірімге ұшырайсыздар» (Құран, 49:10)

Аллаһқа Мадақ!

Дар уль-Улюм Деобанд басшысының фәтуасы (Дар уль-Улюм Деобанд фәтуа бөлімінің үш ассистенті мен Бас мүфтиі қолы мөрімен расталған)

Рақымды да Мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын!

Ислам – Бейбітшілік пен Үйлесімділік діні.

Қоғамдағы ұрыс-керіс, толқулар, қантөгіс, тонау, талаушылық, қоғамдық тәртіпті бұзушылық, жер шарының кез келген бұрышында жазықсыз адамдарды өлтіру – осылардың Бәрі исламда адамшылыққа жатпайтын қылмыс ретінде қарастырылады.

Құранда қоғамдық тәртіптің бұзылуына қатаң тыйым салынған:

«Жер жүзі тәртіпке келтірілгеннен кейін бүліншілік жасамаңдар» (Құран, 7:56)

«Ол кетерінде жер бетінде бүліншілік істеуге, сондай-ақ егінді, малды жоқ етуге тырысады. Дегенмен Аллаһ жауыздықты жақсы көрмейді» (Құран, 2:205)

«...Жер бетінде зұлымдық жасап, жауыздық таратпаңдар!» (Құран, 2:60)

Құранда бір ғана күнәсіз адамды өлтіру бүкіл адамзатты жәбірлеумен тең, өйткені ол жағдайды бақылаудан шығарып жіберілген жол іспетті деп анық айтылған. Аллаһ айтады: «Осы себептен Исраил ұрпақтарына айтқанбыз: кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде арсыздық қылмаған біреуді өлтірсе, онда ол барлық адамды өлтіргенмен бірдей және кім оның өмірін қорғап қалса, ол барлық адамның тіршілігін сақтап қалғандай. Біздің елшілеріміз оларға анық белгілермен келді, бірақ олардың көпшілігі осыдан кейін жер бетіндегі шектен шығушыларға айналды» (Құран 5:32). Басқа бір аятта анық бұйрық берілген: «Аллаһтың өлтіруге тыйым салынған жанын өлтірмеңдер, егер тек оған сендердің құқықтарың болмаса».

Ислам тіптен өзін қорғау құқығын жақтай отырып, бейбітшілікке үлкен мән-мағына береді, ол жазықсыз адамды нысана етуге қатал тыйым салады, және өш алуда артық кетуден сақтандырады.

Қүдіретті Аллаһ айтады: «Сендерге кім соғыс ашса, күрессе, Аллаһ жолында олармен соғысыңдар, бірақ рұқсат етілмегеннің шекарасынан аспаңдар. Шынында, Аллаһ қылмыскерлерді жақсы көрмейді » Сондықтан да Мұхаммед Пайғамбар (С.Ғ.С) тіптен соғыс кезінде адам құқығын қадірлеуді ерекше ескерткен. Бұл ілімнің мысалын пайғамбар (С.Ғ.С) хадистерінен табуға болады.

Ислам – Аллаһтың жаратқандары – бір отбасы сияқты, және де кім де кім Аллаһтың жанұясына мейіріммен шапағатпен қарым-қатынаста болса Аллаһ оны бәрінен жақсы көреді деп үйретеді. (Байхаки)

Біздің Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ф.С) айтқан, кім адамдарға қайырымды болса, Аллаһ да сол адамға қайырымды.

Жерді мекендеушілерге мейірімді болындар, Аспанда мекендеуші (Аллаһ)* сізге мейірімін төгеді. (Тирмизи, Абу Дауд)

Бір сөзбен айтқанда, Ислам рұқсат етілмеген күштеудің барлық түрлерін жоққа шығарады, қоғамдық тәртіпті бұзу, қантөгіс, өлтіру мен тонау және де оларға қандай түрде болса да рұқсат етпейді. Исламның негізгі ұстанымдары – біз бір-бірімізге жақсы және оңды істерде көмектесуіміз керек және қылмыс пен қысым көрсету үшін ЕШКІММЕН БІРІКПЕУІМІЗ ҚАЖЕТ.

Құдіретті Аллаһ айтады: « Бір бірлеріңе тақуалықпен және құдайдан қорқулықпен көмектесіңдер, бірақта күнәлі іс пен өш алу үшін көмектеспендер». Қасиетті Құранда анық өсиеттерінен белгілі болғандай, бүкіл әлемге бейбітшілікті насихаттаушы Ислам дініне қарсы қолданылып жүрген терроризм мүлдем жалған. Бәрінен бұрын Ислам терроризмнің барлық түрін жоюға және бүкіл әлемге бейбітшілікті тарату үшін келген болатын. Аллаһ барлығын жақсы біледі.

Қол қойғандар: Хабибур – Рахман

Дар уль-Улюм Деобанд Бас Мүфтиі.

Бекітілген:

1. Зайн уль Ислам Касми (Дар уль-Улюм Деобанд, Мүфти орынбасары)

2. Мүфти Вакар – Әли (Дар уль-Улюм Деобанд, мүфти көмекшісі)

3. Мүфти Мехмуддуль Хасан Буланшехари

Дар уль – Ифта, Дар уль-Улюм Деобанд мөрімен расталған.

Бұл Дар уль-Улюм Деобанд фәтуасы). Джамиат уль-Улама (КЗН, ЮАР) бұл пікірлермен төмендегідей түсініктемелер бере отырып келіседі.

а) Соғыс жағдайында тек қана мұсылманға қарсы озбырлыққа қатысты әскерилерді өлтіруге рұқсат етіледі. Басқа адамдар сияқты мұсылмандар өздерін каналудан қорғауға құқылы, бірақ бұл қорғану дұрыс түрде болу керек.

* Бұл жерде Аллаһты көкті мекендеуші (аспан), өйткені Аллаһ туралы сөз болғанда адамдар аспанды көрсетеді. Бұдан Аллаһтың мәні аспанмен шектеледі деген мағына білдірмейді.

б) Жазықсыз бейбіт тұрғындарды, әйелдерді, балаларды, қарттарды нысана етуге және оларды өлтіруге – қатаң тыйым салынған.

Қараңыз: http://askimam.ru/publ/o_terrorizme/37-1-0-341

Қырғызстан аумағындағы «Хизб-ут Тахрир әл-Ислами» діни – экстремистік партиясын айыптау фәтуасы

«Хизб-ут Тахрир» туралы 15 қазан 2002 жылы Қырғызстан мұсылмандар діни ғалымдары Кеңесі отырысының қаулысы.

Құрметті мұсылмандар!

Біз сіздерді ислам діни атынан жүзеге асырып отырған «Хизб-ут Тахрир» партиясының үгіт-насихатына сенбеулеріңізге терең сеніммен отырып, шақырамыз. Аллаһ сіздерді тура жолдан тайдыра көрмесін.

Осындай мақсатпен Қырғызстан Діни басқармасы және Үлем Кеңесі төмендегі қаулыны қабылдады:

1) «Хизб-ут Тахрир» партиясының жүргізген іс-әрекеті Ислам дінінің негіздеріне сәйкес келмейді. Мұсылмандар арасында өзара алауыздық тудыру үшін діннің жаулары құрған ұйым (партия) деп мойындалады.

2) «Хизб-ут Тахрир» партиясының мүшелері тарататын әдебиеттер, оқу құралдары және үнпарақтарды қодануға тыйым салынсын.

3) Біздің мемлекетіміздегі барлық мешіттердің имамдары өздерінің хутбаларында (уағыздарында, ескертпе О.М) «Хизб-ут Тахрир» партиясының жұмысы мен насихаттарының дұрыс еместігін біздің халқымызға хабардар ете отырып түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

4) Біздің дінімізге жат қате түсініктердің таралуына әрбір имам өз аймағында мешіт ұжымы және халықпен бірге олардың таратылуына жол бермесін.

Біз Жоғары Мәртебелі Аллаһтан барлық адамдарды ақиқат жолынан адастырмасын, ересектерге сенім шапағатын, жастарға – арлылық пен абырой берсін деп тілейміз.

Еліміз күннен күнге өркендей берсін. Бүкіл мұсылмандарды тура жолға салсын! Асаломму алейкум ва рахматуллохи ва баракатуху!

Қырғызстан Мұсылмандарының Рухани Басқармасы

Ю.Кардави фәтуасы. Озбырлық пен қысымға Исламның көзқарасы қандай?

Жәбір көрушінің қандай дінге, ұлтқа және азаматтығына қарамастан, ешқандай жазығы жоқ адамдарға қарсы озбырлықтар, ауыр күнә және жан түршігерлік қылмыс екені сөзсіз. Мұндайды ешкім жасауға қақысы жоқ, өйткені Жоғары Мәртебелі Аллаһ озбырлыққа тыйым салған.

Мен Исламның қасиетті Құраны мен Пайғамбар (Аллаһтың жарылқауы мен қолдауы болсын) Сүннесіне негізделген бірнеше қағидаларды еске түсіргім келеді.

1. Ислам күнәсіз адамдарға қарсы озбырлыққа тыйым салады.

Ислам күнәсіз адамдарға қарсы озбырлық көрсетуге, ол оның өмірін жоюға, меншігіне немесе абыройына қарсы бағытталатын болса, оған тыйым салады. Бұл ереже қызметіне және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлығына міндетті. Исламда мемлекет ісін жүргізуші (басқарушы, халиф) Шариғатты басшылыққа алуы тиіс ол адам құқығын бұзуға, біреудің өмірін қиюға, меншігін, абыройын және т.б. тыйымдарды ұстануға міндетті.

Пайғамбар (Аллаһ оны жарылқап қолдасын) өзінің Қоштасу қажылығында адамның өміріне, меншігіне, абыройына Қиямет күніне дейін қол сұғылмауы жайлы жария етті. Бұл жерде сөз барлық адамдар жайлы болып отыр. Тіптен, соғыс жағдайының өзінде Ислам майданға қатыспағандарды: мысалы, әйелдер, балалар, қарттар және бүтіндей дінге берілген тахуаларды өлтіруге тыйым салады.

Бұл ешқандай таңырқау тудырмауы тиіс, өйткені Ислам тіптен жануарларға қарсы озбырлыққа тыйым салушы дін. Ибн Омар (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (Аллаһ оны жарылқап, қолдасын) сөзін бір әйелдің мысыққа тамақ бермей, және оның өз бетінше тамақ іздеуіне кедергі болғаны үшін Тозаққа түскені жайында жеткізеді. (Әл Бухариден жеткен)

Егер Ислам ілімі жануарлар жайында сөз болғанда осындай қаталдықтарды ұстанса, онда күш қолданушы, лаңкестік жасаушы адамды қандай жаза күтіп тұрғаны жайлы не айтуға болады!

2. Жеке жауапкершілік

Исламда әрбір адам басқа біреудің істегеніне емес, өз қылықтарына жауап береді. Ешкім біреудің істеген қателігіне,

тіптен оның туысқан болса да, оның салдарын көтеруге тиісті емес. Бұл жайында Игілікті Құранда айтылған: **«Оған Мұса мен Ыбраһымның нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме: Ешбір күнәкар, басқаның күнәсін көтермейді»** (53:36-38).

Сондықтан өздерін мұсылманбыз деп атап жүріп, басқаларды өздерінің үкіметінің жүргізіп отырған саясаты үшін «кінәлі» санаған адамдарды көру өте қайғылы қасіретті. Қарапайым адамдар қандай қылмысқа барды? Исламда өлтіру ауыр қылмыс болып есептеледі. Кейбір мұсылман ғалымдар тіптен Жоғарғы Мәртебелі Аллаһ өзінің күнәсін мойындамағандарды кешірмейді. Құран аятын еске түсірейік: **«Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенімен бірдей сияқты еді»** (5:32)

3. Мақсат құралдарды ақтамайды.

Исламда «мақсат құралдарды ақтайды» деген тұжырымға орын жоқ. Жауыздық жасай отырып, жақсылыққа жол жоқ деп есептеледі. Бұл жайында Пайғамбар (Аллаһ оны жарылқасын, қолдасын) айтқан: *«Сөзсіз Аллаһ Мейірімді және мейірімнен басқаны қабылдамайды»*.

Сонымен, Шариғаттың барлық көзіне сай Құран, сүннетті, мұсылман ғалымдарының тұжырымдары бойынша – адам құқығы бұзушылық пен озбырлыққа тыйым салынған. Адамдарды дұрыс жолға салу үшін, мұсылман ғалымдары өздеріне барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыру керек.

Шейх Юсуф аль Кардави
www.IslamOnline.net

Шейх Мухаммед Сейид Тантави. Мұсылман еместерге исламның төзімділігі

Жаратқанның сөзі: «Аллаһ сендер мен дұшпандықта болған кісілердің арасында махаббат орнатуы мүмкін, шыныменде Аллаһ күдіретті, әрі тым кешірімді, ерекше мейірімді! Аллаһ дін үшін сендермен бірге соғыспағандарға және сіздерді қоныстарыңыздан қумағандарға жақсылық қылуларыңа, әділдік етулеріңе тыйым салмайды – шынында Аллаһ әділеттілерді жақсы көреді. Аллаһ сендермен дін үшін соғысып, бірақ сіздерді қоныстарыңыздан қуып және сіздің қуылуыңызға көмектескендерді дос тұтуларыңызға тыйым салады. Кім оларды дос көрсе солар – залымдар».

(60 сүре. «Сыналушы», 7-9 аяттар)

Әкелер мен балалар, бауырлар мен қарындастар арасы ажырасқаннан кейін, туған-туыс пен туыс арасындағы жанжалдардан кейін оның дауысы естілді: «Аллаһ, сендермен жауласқан адамдардың арасында махаббат орнатуы мүмкін, шыныменде Аллаһ өте күдіретті!» Бұл қасиетті аят (өзінің таза лебімен, қарқынды сыңғырымен және таза тыныштығымен діндарлар жүрегіне) көпқұдайшыл туыстары мен арасындағы ұзаққа созылған жауластық пен жаттанудан кейін махаббат орнатады. Ол діндарларға былай айтты: «Сіздер мен көпқұдайшыл туыстарыңыздың арасында ұзақ уақыт жауласудан кейін, мүмкін Аллаһ махаббат пен жаттанудың орнына татушылықты орнатар. Және де білiндер, Ол (оның данқы арта берсін!) өте күдіретті, кім өкініп оған бет бұрса, оларға оның кешірімі мен мейірімі кең», немесе ол айтты:

«...Менің мейірімім кез келген нәрсені қамтиды, сондықтан Мен оларды құдайдан қорқушыларға, тазартатын зекетті беретіндерге, біздің белгілерге сенетіндерге, оларда Таурат пен Інжілде жазылғандай Елшінің ғылым емес, Пайғамбардың артынан еретіндерге жазып қоямын. Ол жақсылыққа ұмтылдырады және жамандықтан аулақ етеді, игілікке рұқсат береді және жауыздыққа тыйым салады, олардың басындағы ауыртпалық пен қысымшылықты алып тастайды.

Жаратушы (Ол Ұлы және Қүдіретті) өзінің уәдесін орындады және шамалы уақыттан кейін Қыжыраның 8 жылдық рамадан айында ұлы жеңімпаз жаңалық ашылуы және адамдар Аллаһтың дініне топ болып кіргеннен кейін кез келген туысқан өз туысымен

кездесті, ал алауыздық барлығы Аллаһқа, Әлемнің Жаратушысына шынайылықпен табылғаннан кейін махаббатқа орнын берді.

Содан соң Ол (Оның даңқы арта берсін!) 8-9 екі аятты түсіреді, діндарлар үшін олармен дінде бөлінетіндер арасы соғысып жатқанда, бейбіт кезде, жауласқанда достықта қандай жол ұстануды ашық, анық түрде түсіндіреді. Бұл жол қысқаша мынаған саяды: кім бізбен дінді мұсылман болып қала отырып, бізге зиян жеткізбесе, бірақ, керісінше бізге бейбіт қолын созса, біз оған бейбітшілікке бейбіт, қауіпсіздікке қауіпсіздік, олармен құдайшылықпен тақуалықпен жауласпай күнәсіз түрде жауап беруге тиіспіз. Ал енді, кім біздің сенімімізге, құдіретті Аллаһтың жүктеген кез келген ісіне, шаруашылығымызға, біздің ортақ мүддемізге зиян келтірсе, қандай да бір әдістер арқылы болмасын кесірін тигізсе, онда олардан барлық құқықтарымыз бен өзімізді қорғауға Аллаһ рұқсат етеді.

Міне жоғарыда көрсетілген ережеде аталған екі аяттың біріншісінен бастап қалай орныққан: «Сендермен дін үшін соғыспағандардан және сендерді қоныстарыңнан қуып шықпағандардан Аллаһ теріс айналдырмайды. Сендер оларға мейірімділік көрсетулеріңіз керек, оларға әділетті болуларың керек, – өйткені Аллаһ әділеттілерді сүйеді!»

Аяттың мағынасы келесідей: «Ей, діндарлар, Аллаһ сендерге өздеріңнен басқа діндегілерге мейірім, жақсылық, демеу – көрсеткендерің үшін, сіздің мұсылман болғаныңыз үшін соғыс жарияламай тұғанда, қандай да бір сенің дініңе немесе өміріңе қастық жасамай тұрған кезінде сүйіспеншілік орнатты. Сіз олармен әділетті болуыңыз керек, өйткені аспан мен жер әділеттілікте тұр, Аллаһ туралықты бұйырады: «Егер сендер өзара сөйлессендерде, туыстарға әділетті болыңдар» пікірдегі әділеттілік: «Адамдар арасында пікір айтқанда әділетті болыңыз», куәліктегі әділеттілік: «Араларыңыздан екі әділетті кісіні алып, Аллаһтың алдында куәгер жасаңыз», адамдарды жарастырудағы әділеттілік: «Егерде сенушілерден екі жол бір-бірімен шайқасса, оларды бітімге келтіріңдер.

Егер біреуі екіншісіне әділетсіз болса, онда қашан ол Аллаһтың бұйрығына бет бұрғанша, екіншісі жағында ұрыс салыңдар, егер ол бет бұрса, онда оларды аламай татуластырыңдар: өйткені Аллаһ екі жаққа бірдейлерді ұнатады! Сенушілер бауырлар емес пе. Екі бауырыңызды жарастырыңыздар және Аллаһтан қорқыңыздар

– мүмкін сіздер кешірім берер», адамдар қарым қатынасындағы әділеттілік: «Сіздердің араларыңызды әділ адам жазсын», – доспен және қас, бай мен кедей, алыс пен жақын әділеттілігі, Оның сөзі бойынша: «Сіздер сенушілер, әділеттілік тәубе келтірушілер Аллаһтың алдында берік болыңыздар. Сіздер әділеттілікті бұзып күнәға батқанша адамдарды жеккөрушілік тумасын. Бұл Құдайдан қорқумен бірдей, әділ болыңыздар».

Егер әділеттілік халықтарды бақытқа жеткізіп, қауіпсіздікті, бейбітшілік, тыныштық, қырып жоюдан сақтаса, әділеттіліктің салдары осындай болатын болса, әділетсіздік халықтардың олардың болмысының негізіне жататын ұстанымдарын жойып құртуға әкеледі. Аллаһ шын айтады: «Олар қулық ойлады, Бізде қулық ойладық, ал олар білмеді. Қараңыз, олардың қулығының аяғының не болғанын: Біз – оларды және олардың халқын барлығын жоқ еттік. Мына бұзылып жатқандар, олардың әділетсіздіктері үшін бұзылған үйлері. Білетін адамдарға шынымен де бұл белгі! Ұлы мәртебелі Аллаһ қасиеті Хадисте айтады: «Құлдарым менің! Шынында, мен өзіме әділетсіздікке тыйым салдым. Сендердің араларыңа да тыйым салдым, бір бірлеріңе әділетсіз болмаңдар».

Екінші аятқа келсек онда кімге біз қарсы шығуымыз керек. Және кімнен алыстап, олардың шабуылын бейнелеп келтірген шығындарына қайырылып қарауға: «Аллаһ сендерді діндерің үшін шайқасқан мекендеріңнен қуған, сендер оларды дос санамаған соң сендерді қуғындауға көмектескендерден жирендіреді, ал кім оларды дос етсе олар – опасыздар». Мағынасы: «Кім сендермен мұсылман болғандарың үшін соғысса, кім сендерді қоныстарыңыздан кетуге мәжбүрлесе, сендерді үйлеріңнен қуылуларыңа жауларыңа көмектескендерімен, олармен дос болуға олармен бірлесіп жұмыс істеуге Аллаһ мүлдем тыйым салады». Кімде кім осындайлармен біріксе, өз дініне өзіне өзі, өз ақылына, әділетсіз екенін білсін, ал оның салдары бұл дүниеде де, ол дүниеде де зиянға жеткізеді, Аллаһты оның Елшісін және Аллаһтың Елшісі біздің Әміріміз әкелген шариғатқа опасыздығы үшін.

Осы қарастырылып отырған екі аят мұсылмандар үшін олар өздерімен дінде бірге еместерімен, тіптен, ол батыстан немесе шығыстан, солтүстік немесе оңтүстік болмасын олармен қатынаста барлық уақытта және бар жерде олар заңға бағынуы керектігін анықтайды. Бұл Ұлы Мәртебелі Аллаһтың мұсылмандардың алдына

қойған таразысы. Қасиетті аяттарда жоғарғы леппен бұйырылып билік адамгершілікті, Жоғарғы Мәртебелі Аллаһ бүкіл адамзатты бір ана, бір атадан жаратқаны жайлы үйренуімізді айтады: «Ей, адамдар! Құдайларыңнан қорқыңдар, сендерді бір жаннан жаратқан және одан өзіне тенді жаратты, олардан көптеген ер мен әйелді таратты ».

Жоғары Мәртебелі Аллаһ бұл аяттардан, өзінің мейірімі мен рахымының арқасында діндарларды үмттендірді, олардың жалбарынуларына жауап ретінде олардың бір бірімен соғысы нәтижесінде жиырма жылдық айырылуынан кейін әкелерімен, аналарымен, туыстарымен, жақындарымен қосқандығын көреміз.

Оларды татуластыра отырып, Ол әлі өздерінің пұтқа табынушылығын тастамағандарды жинап оларды мұсылман етті, «...олардың жүректерін біріктірді. Егер сен жер бетіндегінің барлығын тауыссаң, олардың жүрегін біріктірмес едің, бірақ олардың жүрегін Аллаһ біріктірді ». Бұл аяттар біздерді мұсылман заңдары бейбітшіл қолын кез келген, кім өздеріне қандай қатынас жасаса да, олардың діни сенімдеріне қарамай созу керектігіне үйретеді. Екіжүзділер мен өтірік сенушілерді тудырмас үшін, оларға зорлық жоқ: «Дінде зорлық жоқ. Тура жол адасушылықтан анық ерекшеленді.»

Бұл айтылғандардан, біздер мұсылман ретінде өркениеттер діндер, идеялардың қақтығысы туралы әңгімелерді қабылдай алмаймыз. Керісінше, біз өркениеттер бір-бірімен қақтығысады, бекітіледі. Және бірін-бірі бүкіл адамзатқа қызмет ету жолында қолдайды деп мақұлдаймыз. Шарифат мұсылман еместерге мұсылмандардан үйренуге және мұсылмандарға Аллаһ рұқсат еткендерінің шегінде басқалардың тәжірибиесінен пайдалануға бөгет жасамайды. Батыстың Шығыс өркениетінен, Солтүстік Оңтүстік өркениетінен және керісінше үйренуіне тосқауыл жоқ, өйткені адамдарға мейірім, жақсылық үздіксіз даму, адамгершілікті қабылдайды.

Бізге ислам заңдарының адам жанын, оның мұсылман немесе мұсылман еместігіне қарамастан қорғайтыны түсінікті болып отыр, Ол өзін қорғаудың оңайлату үшін ретінде әртүрлі құрамдарды пайдаланады. Кейбір бөлігі сыйлықтармен иландырудан, басқа бөлігі – қатал ескертулер мен жақтырмаудан тұрады. Осыған байланысты шарифат бойынша, біреуді әділетсіз өлтіру, бүкіл адамзатты өлтіргенмен бірдей деп есептелетінін айтсақ та жеткілікті: «Кім жанға жан немесе жерде зұлымдық жасаса онда ол бүкіл адамдарды өлтіргенмен бірдей. Ал кім оны тірілтсе, ол – барлығын тірілтеді»

оның тірілуіне Аллаһ алдында шын куәгер бола отырып куәлендіріп әділетсіздікке оның әділетсіздігімен, өлтірушіге оның өлтіргенімен, бөгет болып, қысым көрушіні алдын ала сақтандырады.

Кім Исламдағы жихадты лаңкестікпен және озбырлық жауластықпен алмастырса, адасқандар мен надандар екенін осыдан түсінікті, өйткені исламдағы жихад тек қана ұлы мақсаттар үшін ғана заңды. Олардың маңыздыларына келесі екеуін жатқызуға болады. Біріншіден, Ұлы Мәртебелі Аллаһ әмірі – бізге дін, жан, отан, абырой, адам адамгершілігін қорғау. Екіншіден, қысым көрушілерге көмектесу мен әділетсіздікке жол бермеу.

Бұл айтылғандарды растау үшін, пайғамбарлық кезеңдегі барлық жорықтардың осы екі мәселені жүзеге асыруға бағытталғандығын еске алсақ жеткілікті. Бәдр шайқасында, өз мекендерінен заңсыз қуылғандарды қорғау шаралары екенін белгілі. Қуғынға ұшырағандар былай деді: «Біздің құдайымыз Аллаһ!» Ухуд шайқасы, Ухуд тауынан көп құдайшылардың Мединаға жақындап келуінен қорғау үшін болды. Пайғамбар серіктеріне нұр сәулелі Мединаны жан жағынан көп құдайшылар қоршап алғаннан кейін оны қорғау мақсатында ашты. Меккенің Исламға жеңіспен ашылуы қысым көрушілерге көмектесу үшін, мұсылмандардың одақтасы – өздерінің көпқұдайшыл жауларынан қорлық көрген бану хуза тайпасын қолдау үшін болды.

Исламдағы жихад осындай. Ол тек қана қысым көрушілерді қорғау мақсатында, барлығынан қорғау үшін жүзеге асырылады.

Ал терроризм пен агрессияға келсек, онда олар өздері түбірінен тікелей жихадты терістеушілер және олардың арасы жер мен көктей. Олар бір-бірімен сыйыспайтын қарама-қарсылықтар. Егер исламдағы жихад шындық жолында қысым көрушілерді қолдауды мақсат етсе, ал лаңкестік пен озбырлық, өлтіру арқылы немесе жерін зорлықпен тартып алу, болмаса мекенін қирату, күн көрістен айыру немесе заңды құқығын мойындамау жолдары арқылы жүзеге асыру кейпіндегі әділетсіздікке жақтасып және өтірікке қызмет етеді. Одан келіп, Ислам шарифаты бүкіл адамзат арасында тыныштықты, бейбітшілікті, қауіпсіздік пен береке бірлікті үндейді. Шарифатпен қағидасы қайшылыққа тірелген ислам үмбеттері де кіреді, өйткені ол, мысалы басқа діндегі біреу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларға сұранса, мұсылмандарға қорған болуға бұйырады.

Көрнекілік үшін біздің Пайғамбарымыз және қорғаушымыз, Аллаһтың Елшісіне (оған бейбітшілік болсын) Аллаһның сол арқылы ақыл иесіне айтқан сөзін келтірсек жеткілікті: «Егер саған көп Құдайшылардан біреу келіп баспана сұраса, ол қашан Құдай сөзін естігенше паналат. Одан кейін оны қауіпсіз жерге жеткізіп қой. Өйткені олар әлі хабар алмаған адамдар» . Немесе: «Сен, ей Елші, егер сенен көп құдайшылардың біреуі пана сұраса, ол Аллаһтың сөзін есту үшін Құранға құлақ асу үшін сен оны паналатып өмірін сақтауға тиіссің. Егер Аллаһ сөзін естіп, сеніп, сенің серігіңе қосылады, егер ол қабыл алмай өз еліне қайтқысы келсе, онда ей, Мейірімді Пайғамбар онда онымен бірге оны қорғай алатын біреуді, қашан ол еліне жеткенше қосып жібер. Біздің саған бұйырып отырғанымыз, көп құдайшылар Ақиқатты білмейтін адамдар болғандықтан, олар өз Отандарында тыныштықта және қауіпсіздікте бола отырып оны естулері үшін уақыт керек ». Мұхаммед Пайғамбар (оған бейбітшілік болсын) өзінің анық хадистерінде өзінің серіктеріне Құдайдың осы бұйрығын өте ұқыптылықпен орындауларын бұйырды: «Егер біреу адамды қауіпсіздікте екендігіне сендіріп содан кейін өлтірсе, онда менің өлген адам құдайға сенуші болмаса да, өлтірушіге ешқандай қатысым болмайды».

Шынында Ислам Шарифаты бұл сенім мен тыныштықтың әлемдік заңы.

Нағыз қауіпсіздік дегеніміз халықтар арасында мейіріммен, дамумен, прогреспен, рақат өмірдің таралуы. Нағыз мұсылман – ол бұзушы емес, құрушы, бүлдіруші емес, қалаушы, гүлдендіруші, жауластықпен күнәһар емес, құдайшылдық пен және тахуалықпен басқалармен қарым-қатынас жасаушы.

Қараңыз: <http://www.islamrf.ru/news/library/books/4099>

**Дін көшбасшыларының Дүниежүзілік саммитінің
қорытынды құжаты
(Баку, 2010 жылы, сәуірдің 26-27 жұлдызы)**

Біз, Дін көшбасшыларының Дүниежүзілік саммитіне қатысушылар – 32 елден келген – христиандық, мұсылмандық, йудейлік, буддалық және индуистік қауымдастықтардың басшылары мен өкілдері Бакуге заманыздың өзекті мәселесі болып табылатын ерекше бөліп қарайтын тақырып жаһанданудың дінге және дәстүрлі құндылықтарға әсерін талқылау үшін жиналды.

Экономиканың, саясаттың, құқықтың, мәдениеттің жаһандануы бірегей үрдіс болып қалып отыр. Ол өндірісті, сауданы, ғылымды, білімді дамытуда, қауіпсіздік аймағындағы жалпы талаптарға сұраныстарға жауап беруде және қоршаған ортаны қорғауда көптеген практикалық пайда әкелді. Қазіргі полиэтникалық және дінсіз қоғамдардағы сенушілерге халықаралық байланыстар өздерінің құқықтарын қорғауға көмектеседі. Бірақта, жаһанданудың рухани ортаға әсерін көпшілік сыни тұрғыдан бағалайды.

Қазірде жаһандануға байланысты мәдениеттер мен діндердің өзіндігі мен біртұтастығынан бас тартуға шақырған синкретикалық көзқарастар жүйесіне «сенімнің араласуы» үндеулер айтылып жатыр. Бірақ та өткен ғасырдың аяғы мен осы ғасырдың басындағы тарих көрсеткендей мұндай тәсіл адамдарды үлкен бөлінулерге қайта әкелгенін көрсетіп отыр. Осыны біле тұра адамдар үшін өздерінің дүниеге көзқарастарын еркін түрде жүзеге асыруларына тіптен әлемдік элитаға ұнамаса да, ал халық үшін кейбіреулер оны прогресивті жетілмеген деп есептесе де, өз өмір салтын сақтауын маңызды санаймыз.

Жаңа ақпараттық технологиялар адамдар арасындағы байланысты жеңілдетіп, өз пікірін білдіруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Сонымен сенушілер басқа елдегі дінге сенушілер мен оңай қатынас жасай алатын болды. Бұрын мұндай қатынастар көптеген айлар сапар шегуді қажет етсе, енді бірнеше секундта жүзеге асады. Кез келген діни ұйымдар жаһандық жүйеден өздері жайлы айта алады. Бір жағынан ақпараттық кеңістікте экстремистердің, фанатиктердің, жалған миссионерлердің басқа діндегілерге жауластықпен қысым көрсететін немесе тіптен барлық дінге сенуші адамдарды мазақ ететін лаңкестер мен соғыс жаршыларының дауысы қаттырақ естіледі.

Жаһандану мемлекеттерге, халықтарға, жекелеген адамдарға төнген қауіпті жоя алмады. Қазіргі әлемде өткен ғасырлардың: аштық, әлеуметтік теңсіздік, қоршаған ортаның ластануы, діни этникалық негізде қарулы қақтығыстар сияқты сын-қатерлері артта қалған жоқ. Тіпті де бұл мәселелерге қайта жаңалары қосылуда.

Бай елдер одан әрі байып жатыр, ал кедейлері кедейленуде. Әлемдік табысты әділетсіз бөлу сынды онан әрі қоздырады. Саяси және экономикалық мәдениетте басымдық танытатын халық пен адам құндылығы материалдық жетістіктермен, ыңғайлылықпен, көңіл көтерулермен теңестіріледі.

Саны аз елдерде жоғары, тіптен кейде шамадан тыс тұтынушы қоғам құрылуда. Көбі оны әлемнің «екінші» және «үшінші» елдерін бұрыннан және қазіргі кезеңдегі қанау арқылы болып жатыр деп есептейді. Қазір де діни қауымдастықтар бұл үндеуге барлық халықтарға ортақ рухани құндылықтарға негіз болатын – әділеттілік, ынтымақтастық адамға біздің халықтарымыздың көптеген ғасырлық дәстүрі мен мәдениетіне сүйіспеншілік пен құрметке негізделген шаруашылықтың баламалық үлгісін ұсыну арқылы тең келетінін үндей алады

Дінбасылары әлемдік экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде халықаралық қатынастардың макродеңгейінде өз елінің деңгейі мен нақты қауымдастық шамасында өздерінің маңызды үлесін қоса алады.

Бір кездерде белгілі бір аймаққа танылған терроризм қазір де халықаралық сипат алып отыр және онымен күресу қиындап барады. Өлім мен қиратуды себуші адамдар өздерінің мақсаттарын жасыру үшін діни жарлықтарды пайдалануға тырысады. Кейбіреулері өздерін «Діни қайраткерлер» деп атап адамдарды діни және ұлттық айырмашылықта өлтірілуін ақтау үшін тұтастай баламалық «діни теориялар» жасауда. Теороризм онымен байланысты идеологияны таратушылар және оларды қаржыландырушылар өздерін одан да арысыз ұстайды.

Дінбасылары лаңкестік істерді кез келген дәстүрлі діндер тұрғысынан қылмыс деп жариялаған болатын. Бірақ та дін қайраткерлері әлемді өз күштерімен өзгерте алады деп ойлауға болмайды. Олардың шақырулары сенім мен ақыл дәлеліне ашық адамдарға ғана әсер етеді. Түзелмес бұзық қылмыскерлер өкінішке орай күштің тілін жақсы ұғады. Сондықтан да бейбіт адамдарға қарсы озбырлық күштерді

ақтайтын діни – саяси доктриналар бүкіл әлемде, көптеген елдерде ұлтшылдыққа тыйым салынған сияқты тыйым салынуы керек. Идеяны тек идея ғана жеңетінін, сондықтан діни құндылықтардың экстремистер мен терроршылардың пайдасына бұрмалануына, тек қана дәстүрлі діни қауымдастықтар қарсы тұра алатынын біз білеміз. Бұл үшін діни білім мен ағартушылық дәстүрін сақтап немесе жаңғырту ғана емес, оны діни төзімділік және бейбітшілік рухпен толықтыру керек.

Әр жылда қаншама миллион адамдарды өмірден кетіріп жатқан нашақорлық бүкіл әлем үшін маңызды мәселе болып отыр. Есірткі қолданушы адамдар санын өсіре отырып, олардың жапа шегулері мен өлімі арқылы миллиардтар жасап жатқан халықаралық наркоартельдер лаңкестік ұйымдар секілді әрекет жасауда. Лаңкестік сияқты есірткі сатушылармен күрес ымырасыз барлық халықаралық қауымдастық күштер арқылы жүргізілуі тиіс. Қазіргі әлемде дінді қоғамдық өмірдің бір шетіне ығыстыруға тырысады. Бұл адамдар көпшілік кеңістігінің секулярлығынан діншілдіктің кез келген сипатын шығарып тастауды талап етеді. Қоғам мен адамдағы мызғымас моральдық ұстанымдар паралельді түрде жоққа шығарылады. Бұл моральдағы нигилизмге толық жол ашу. Егер болашақта адамгершіліктің қалыбы сәнге, пайдаға, пайдагерлік тұрғыдан өшірілсе, түрін өзгертетін болса, адамзаттың құрып кетуі әбден мүмкін. Егер өмірді адамгершілікпен өлшемесе, Жаратушыдан адамдарға берілген мәңгілік және өзгермейтін адамгершілік заңдары болмаса, әлемді не білім, не техникалық жетістіктер, не заңдар сақтап қала алмайды. Қазіргі жағдайдағыдай дәстүрлі діни қауымдастықтардың ынтымақтастығы ешқашан маңызды болған емес. Әлем болашағы алдындағы жауапкершілік күнә мен ізгілікті таңдауда ымырашылдыққа жол бермеуге, өзіншілдікке, ашкөздікке, жауластыққа бірге қарсы тұруға үндейді.

Біз, әрбір мемлекет өзі аумағының тұтастығын сақтайтын бейбітшілікке шақырамыз. Бұл әлемде әр халық еркін және қысылмай өз тағдырын өзі шешіп, олардың өміріне қатысты барлық халықаралық актілерге қатысып отыруға тиіс. Халықаралық қауымдастық қабылдаған ережелер пен ұстанымдар негізінде барлық қатысушылардың қалауын ескере отырып пайда болған жанжалдар әділетті шешілуі тиіс.

Кейінгі жүз жылдықта сенушілер рухани құндылықтарды дипломатияға дем беруші ете алды. Саяси саммиттерге дінбасылары жиі шақырылатын болды. Көптеген елдер дінаралық сұхбатты өзінің саясатында басты бағдар етуге тырысады. Иә, бейбітшілікке шақыру көбірек естіледі, соғысқа шақыру бәсеңдеуде. Планетамызда ізгі ниетті адамдардың арқасында жаңа әлемдік соғыс өрті тұтанбай тұр. Бұған жақында БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның діни ұйымдар ынтымақтастығын арттыруы және олардың саясаткерлер мен сұхбаты жоғарғы бағаға ие. Біз ЮНЕСКО-ның діни өлшемдер панеліндегі «Әлем және мәдениеттер сұхбаты» осы саммит шеңберінде мәжіліс құрған жоғары дәрежедегі топ қабылдаған ұсынысын мақұлдаймыз.

Халықаралық қауымдастықтың тиімді сұхбат тетігі жаһандандудың теріс салдарларын жоюдың жолдарын іздестіріп, әлемдік саяси, экономикалық және құқықтық тәртіптің озық жағына өзгеруіне әсер етеді деп сенеміз.

Біз дінаралық ынтымақтастықты барлық деңгейде және барлық үлгіде жеке алғанда біздің елімізде және оның аймақтарында дінаралық кеңестер құруды пайдалы деп есептейміз. Біріккен іс әрекеттерді жергілікті жерлерде әсіресе әлеуметтік жұмыстарда және жастар арасында тәжірибеден өткізуге болады. Жарты ғасырлық дінбасыларының үзбей кездесуінің тарихы, олардың бірігіп көп іс атқаратынының айғағы болды. XX ғасырда дінаралық сұхбатқа баламалар болған жоқ, қазір де жоқ. Сонымен, біз дінбасылары халықтар мен елдер арасындағы бейбітшілікті қолдау мақсатында қолымыздан келгенше барлығын жасауға міндеттіміз.

Қараңыз: <http://www.patriarchia.ru/db/text/1147205.html>

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері ІІІ съезіне қатысушылардың

ҮНДЕУІ

Біз, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ІІІ съезіне қатысушылар,

1) экономикалық және салалас мәселелерді қоса алғанда съезд барысында белгіленген адамзат проблемаларының өскелең өзектілігін мойындап, сондай-ақ қоғамның әр мүшесі алдындағы өз жауапкершілігімізді түйсіне отырып;

2) діннің өскелең рөлін атап өтіп, дінаралық өзара түсіністіктің және осы заманғы дүниедегі ынтымақтастықтың қажеттігін көрсете отырып;

3) діни нанымдағылардың адамгершілік құндылықтар мен өзара құрметке және үйлесімділікке жәрдемдесуді жақтайтынын қуаттай отырып;

4) біздің мәдени және рухани мұраларымызды қорғауға және дамытуға деген ұмтылысымызды атап көрсете отырып;

5) этностық және діни жауласушылық пен жеккөрушілікке қарсы болумен қатар, түрлі этностық және діни қатынастағы адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі адамзат қауіпсіздігінің маңызды негізі болып табылатынын атай отырып;

6) дінаралық және конфессияаралық келіспеушілік пен қақтығыстарға жол бермеуде біз бөлісетін моральдық құндылықтардың маңызды үлесін атап көрсете отырып;

7) дінаралық үнқатысу таптаурындарды, ескішілдікті және діни кикілжіңдерді айналып өтуге көмектеседі, келіспеушіліктерді азайтудың құралы болады және жанжал-тартыстарды бейбіт реттеуге жәрдемдеседі деген сенімді білдіре отырып;

8) қоғамдық және жаһандық тұрақтылыққа төнген жаңа қатерлерге қарсы тұру рухани және моральдық тәрбие, мәдениет, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында мемлекеттердің, этностық қоғамдастық пен діннің ынтымақтастығын талап етеді деген сенімді негізге ала отырып;

9) жеке тұлғаның қадір-қасиетін және оның іргелі құқықтарын, әсіресе ар-ождан және діни бостандығын қорғау қажеттігін түсіне отырып;

10) дінді жаугершіл ұлтшылдық пен шовинизмді ақтау және оған қолдау білдіру үшін пайдалануды жоққа шығара отырып;

11) экстремизм мен лаңкесшілдік көріністерінің, әсіресе дінмен бүркемеленетін көріністерінің кез келген нысанын айыптай отырып;

12) бірлескен күш-жігер жағдайында адамзат жергілікті және халықаралық деңгейде адамдар ортасының әлдеқайда ізгі жүйесін құруға мүмкіндік беретін өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көтерілуге қабілетті болатынын түсіне отырып;

13) I және II съездердің дінаралық үнқатысуды, өзара түсіністік пен бейбіт ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесін мойындап, сондай-ақ хатшылықтың жұмысына ризашылық білдіре отырып;

Біз діни және саяси лидерлерге, қоғам қайраткерлеріне, оқымыстыларға, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлем жұртшылығына мынадай шақыру жолдаймыз:

1) шынайы дінаралық үнқатысуды орнату үшін діни лидерлер мен ұйымдардың күш-жігеріне тұрақты қолдау білдіруге және жәрдемдесуге, сондай-ақ адамзаттың өзекті проблемаларын, оларды шешудің лайықты жолдарын әзірлеу мақсатында қарастыруға, осы арқылы қоғамда дін атқара алатын және атқаруға тиіс оң рөлді мойындауға;

2) әрбір дін мен мәдениеттің бірегей сипатын түсінуге білім арқылы жәрдемдесуге, өзара түсіністік пен құрметті жақсартуға бағытталған діндер мен өркениеттер үнқатысуына қолдау білдіруге;

3) жария өзгешіліктерді құрметтеу негізінде қоғамның бірлігін сақтау үшін саяси мақсаттарда дінді немесе діни айырмашылықтарды бүлдіре пайдалануға қарсы тұруға;

4) білім саласындағы мәдени айырбастар мен ынтымақтастық арқылы әлдеқайда терең түсінуге жәрдемдесуге, ар-ождан бостандығына және оны іске асыру құқын тұрақты қорғауға және оны іске асыруға;

5) жаһандық әлемде орын алып отырған экономикалық, қаржы, әлеуметтік және экологиялық проблемалардың әділ шешімдерін іздестіруде зор моральдық және рухани күш-қуат пен шынайы ынтымақтастық көрсетуге шақырамыз.

Біз, съезге қатысушылар, Жоғары мәртебелі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа және Қазақстан Республикасының халқына Қазақстанда және одан тыс жерлерде түрлі этностық, діни және мәдени қатыстылығы бар халықтар арасында келісім мен

ынтымақтастық мәдениетін ілгерілету жөніндегі күш-жігері үшін ризашылық білдіреміз.

Біз әлемнің әр адамына қауіпсіздік пен өркенділік тілейміз.

ҚОСЫМШАЛАР

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы № 483-IV Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат үйі (ғимараты) – құдайға құлшылық етуге, дұға оқылатын және діни жиналыстарға, діни тәу етуге (мінажат етуге) арналған орын;

2) діни қызмет – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

3) діни қызметші – діни, уағыздаушылық қызметке тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген адам;

4) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;

5) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан

Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

6) уәкілетті орган – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

3-бап. Мемлекет және дін

1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.

2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең.

3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

6. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ.

Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан

Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

8. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидасына сәйкес мемлекет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;

2) діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

3) егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

4) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.

9. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидасына сәйкес діни бірлестіктер:

1) мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;

2) саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

10. Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен

азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни салттарға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейді.

12. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға мәжбүрлеумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді.

13. Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасау жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

14. Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен айыруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

15. Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

16. Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті.

2-тарау. ДІНИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

5) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

6) дінтану сараптамалары және діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтар тізімдеріне тексеру жүргізілуін қамтамасыз етеді;

7) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты өтініштерін қарайды;

8) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауына келісім білдіреді;

10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-

қимыл мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) аймақтағы діни ахуалды зерделеу және талдау жүргізеді;

2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) жергілікті деңгейде өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

4) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

5) уәкілетті органмен келісе отырып, ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу туралы, олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп бейінін өзгерту (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер қабылдайды;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасы жергілікті атқарушы органдарға жүктейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Дінтану сараптамасы

1. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;

2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;

3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;

4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;

5) уәкілетті орган басшысының бұйрығы.

2. Құрылтай құжаттары, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттар, діни білім беру бағдарламалары, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттар дінтану сараптамасы объектілеріне жатады.

3. Қажет кезінде мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, дінтану сараптамасын дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар жүргізеді.

4. Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТ

7-бап. Діни салттар мен рәсімдер

1. Діни бірлестіктер құлшылық ету орындарын ұстауға құқылы.

2. Құдайға құлшылық ету, діни салттар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда үйлерде, қажетті жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі (жасалады). Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Құдайға құлшылық етуді, діни салттарды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға:

1) осы баптың 2 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтердің;

3) діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді.

4. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектердің интернат-үйлерінде әлеуметтік қызмет

көрсетуден өтетін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт жораларының қажеттілігі жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Бұл ретте діни салттарды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірмеуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

8-бап. Миссионерлік қызмет

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

2. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.

3. Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

4. Миссионерлер тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттар мен материалдарды:

- 1) төлқұжатының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
- 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;

4) өкілі миссионер болып табылатын діни бірлестікті Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және оның жарғысының көшірмесін;

5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне қосымша мынадай құжаттарды:

1) миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын ұсынады.

Шет мемлекеттер берген құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.

5. Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер оның миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандығына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылады.

6. Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жол беріледі.

7. Миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынады.

9-бап. Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы.

2. Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

3. Жеке пайдалануға арналғандарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды әкелуді тіркелген діни бірлестіктер дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

4. Діни бірлестік шығаратын және (немесе) тарататын діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарда діни бірлестіктің толық атауы болуға тиіс.

10-бап. Қайырымдылық қызметі

1. Діни бірлестіктер қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға және қайырымдылық ұйымдарын ашуға құқылы.

2. Қайырымдылықты жүзеге асыру кезінде діни қызметке тарту мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық тәуелділігін (мұқтаждығын) пайдалануға жол берілмейді.

11-бап. Дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің халықаралық байланыстары мен қарым-қатынастары

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен діни бірлестіктер олардың мінажат етуге, жиналыстар мен басқа да діни шараларға қатысу үшін шетелге шығып тұруын қоса алғанда, халықаралық байланыстар мен жеке қарым-қатынас орнатуға және қатынастарын үзбеуге құқылы.

2. Діни бірлестіктер діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелге Қазақстан Республикасының азаматтарын жібере алады және Қазақстан Республикасының аумағындағы діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды қабылдай алады.

4-тарау. ДИНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІ ҚҰРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ

12-бап. Діни бірлестіктердің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады.

3. Кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері)

болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік аймақтық діни бірлестік болып танылады.

Аймақтық діни бірлестіктер осы жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

4. Барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік республикалық діни бірлестік болып танылады.

13-бап. Діни бірлестіктерді құру

1. Діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасы бойынша құрылады, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданады және оның басшылық органдары құрылады. Азаматтар құрылтай жиналысына (съезіне, конференциясына) өз еркі бойынша жеке түрде қатысады.

2. Діни бірлестіктің мынадай белгілері:

1) ортақ діни ілімі;

2) діни салттарды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;

3) өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын дінге тәрбиелеу;

4) қызметінің діни бағыты болуға тиіс.

3. Республикалық діни бірлестіктер мен аймақтық діни бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құруға құқылы.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

5. Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға жол берілмейді.

14-бап. Діни бірлестіктің атауы

1. Діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуға тиіс.

2. Толық және қысқартылған атауы мен оның нышаны Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мемлекеттік рәміздерін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына байланысты тыйым салынған және (немесе) таратылған діни бірлестіктердің атауы мен нышанын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Исламдық бағытта құрылатын діни бірлестіктер ҚМДБның сараптамасынан кейін ғана әділет басқармасының тіркеуінен өте алады...

15-бап. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу

1. Діни бірлестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

2. Республикалық діни бірлестіктерді және аймақтық діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

3. Діни бірлестікті құру туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде тіркелу үшін тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке:

1) діни бірлестік басшысының қолы қойылған діни бірлестіктің жарғысы;

2) құрылтай жиналысының (съезінің, конференциясының) хаттамасы;

3) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштердегі құрылатын діни бірлестіктің бастамашы азаматтарының тізімі;

4) діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат;

5) діни ілімнің пайда болу тарихы мен негіздерін ашып көрсететін және осы ілімге сәйкес келетін діни қызмет туралы мәліметтер қамтылған діни баспа материалдары;

6) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін алымдар төлемін растайтын құжат;

7) діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда, уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат қоса беріледі.

4. Аймақтық діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша аймақтық діни бірлестіктерді құруға бастамашылық жасаған жергілікті діни бірлестіктердің әрқайсысының қатысушыларының тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариат куәландырған көшірмелері қосымша табыс етіледі.

5. Республикалық діни бірлестіктер мәртебесін растау үшін тіркелген күнінен бастап бір жыл өткенге дейін тіркеуді жүзеге асыратын органға олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

6. Осы баптың 5-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

7. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзіміне дінтану сараптамасын және діни бірлестікке бастамашы азаматтар тізімінің осы Заңның талаптарына сәйкестігі мәніне тексеру жүргізу үшін үзіліс жасалады.

9. Тіркеуші орган мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзіміне үзіліс жасау туралы шешімді қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға дінтану сараптамасын және діни бірлестіктер құруға бастамашы азаматтар тізімдеріне тексеру жүргізуді ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін жібереді.

10. Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

16-бап. Діни бірлестіктің жарғысы

1. Діни бірлестік өз қызметін жарғының негізінде жүзеге асырады, онда мыналар:

- 1) атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары;
- 2) орналасқан жері және оның шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ;
- 3) құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті;
- 4) қатысушыларының (мүшелерінің) құқықтары мен міндеттері;
- 5) ұстанатын діні, діни ілімінің негіздері және осы ілімге сәйкес келетін діни қызметі туралы мәліметтер;
- 6) діни бірлестіктің мүшесі етіп қабылдаудың және одан шығудың шарттары мен тәртібі;
- 7) мүлікті қалыптастыру көздері;
- 8) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
- 9) қызметін қайта ұйымдастыру және оны тоқтату шарттары;
- 10) таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі;
- 11) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Діни бірлестіктің жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Діни ілім негіздері мен діни қызмет туралы мәліметтерде негізгі діни идеялар, діни бірлестік қызметінің нысандары, осы діни бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) және басқа да адамдардың неке мен отбасына, білімге, денсаулыққа көзқарасының ерекшеліктері, оның қатысушылары (мүшелері) мен қызметшілерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін іске асыруға көзқарасы қамтылуға тиіс.

17-бап. Діни бірлестікті тіркеуден бас тарту

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда діни бірлестікті – мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартылады.

2. Тіркеуден бас тартылған жағдайда сотқа шағымдануға болады.

18-бап. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қосылу, бірігу, бөліну, қайта

құру және бөлініп шығу жолымен діни бірлестіктің құрылтай құжаттары уәкілеттік берген органның шешімі бойынша не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Діни бірлестік тек басқа діни бірлестік болып немесе жеке мекеме болып қайта құрылуы мүмкін. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған ұйымдар діни бірлестіктер ретінде осы Заңның талаптарына сәйкес келген жағдайда тіркелуі мүмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және оны тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

19-бап. Мемлекет және шетелдік діни бірлестіктер

1. Шетелдік діни орталық уәкілетті органмен келіспей тағайындаған діни бірлестік басшысының қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

2. Шетелдік діни орталық діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидатты келісу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) кандидат туралы, оның шетелдік діни орталықтағы бұрынғы қызметі туралы мәліметтер қамтылған қолдаухатты;

2) кандидатты Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін діни бірлестіктің басшысы етіп тағайындау туралы шешімді;

3) діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидаттың төлқұжатының немесе жеке куәлігінің көшірмесін ұсынады.

Құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті орган олардың ұсынылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

4. Егер Қазақстан Республикасындағы діни бірлестік басшысының қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, уәкілетті орган шетелдік діни орталықтың оны тағайындауына келісуден бас тартады.

5-тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МӘНДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

20-бап. Діни бірлестіктердің меншігі

1. Діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен сатып алынған немесе жасалған, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, ұйымдардың құрбандықтарға берген немесе Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікке меншік құқығы бар.

2. Меншік құқығындағы жылжымайтын және жылжымалы мүлік діни бірлестіктердің меншігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі мүлік те діни бірлестіктердің меншігінде болуы мүмкін.

4. Діни бірлестіктер ерікті түрде қаржылай және басқа да құрбандықтар сұрауға және оларды алуға құқылы.

5. Діни бірлестіктердің меншік құқығы заңмен қорғалады.

21-бап. Мемлекеттің, ұйымдар мен жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын мүлікті пайдалану

1. Діни бірлестіктер өздеріне шарттық негізде берілген үйлерді, аумақты және мүлікті пайдалануға құқылы.

2. Діни мақсаттағы тарих пен мәдениет ескерткіштері діни бірлестіктердің пайдалануына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі мүмкін.

22-бап. Таратылған діни бірлестіктің мүлкіне иелік ету

1. Діни бірлестік таратылған немесе қызметі тоқтатылған кезде оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құқық мирасқорлары болмаған кезде мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мемлекет меншігіне өтеді.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

24-бап. Өтпелі ережелер

1. Діни бірлестіктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде осы Заңның талаптарына сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға діни бірлестіктің мәртебесін растайтын құжаттар табыс етіледі.

2. Діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысатын және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

3. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін өздерінің құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген заңды тұлғалар діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады.

25-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 84-құжат; 1995 ж., № 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев
Астана, Ақорда, 2011 жылғы 11 қазан № 483-IV3 ҚР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЭКСТРЕМИСТІК МАТЕРИАЛДАР ТІЗБЕСІ

3 шілде 2009 жыл

Астана қаласы

Астана қаласының соты құрамында: төрайымдық етуші судья А.И.Ташева, сот мәжілісінің хатшысы А.К.Ерденова, Астана қаласының прокурорының көмекшісі Б.С.Төрегелдинаның қатысуымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының радикалды «уахабизм» идеологиясын насихаттайтын ақпараттық материалдары, «Хизб-ут-Тахрир» діни-экстремистік партиясы, «Мұсылман ағайындары ассоциациясы» діни-саяси ұйым материалдары, «Минбар Таухид уаль Жихад» сайтының мақалалары және сараптама ағымы анықталмаған материалдары экстремистік деп танылуы жөнінде өтініші бойынша азаматтық іс соттың ғимаратында ашық сот мәжілісінде қарастырылды.

Сот ҚР ГЖ 215, 219, 221, 317-8 баптарды басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының өтініші қанағаттандырылсын.

Төмендегі ақпараттық материалдар экстремистік деп танылып және Қазақстан Республикасының аумағына әкеліну мен олардың таратылуына тыйым салынсын.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне осы өтініші бойынша соттың шешімін және төмендегі экстремистік материалдардың тізімін республикалық, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын, сонымен қатар оларды ҚР ҰҚК және ҚР ІМ сайттарында орналастырсын.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне осы өтініші бойынша соттың шешімін және төмендегі экстремистік материалдардың тізімін республикалық, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы тиіс, сонымен қатар оларды жоғарыда аталған құқық қорғау органдарының сайттарында орналастыру керек екендігі міндеттелсін.

«Ұлылық жолы» кітабы, Жүсіп ас-Саботин;

«Хизбут Тахрирдің Ислами Үмметке, соның ішінде, ондағы күш иелеріне жолдаған ҮНДЕУІ» үнқағазы;
«Ислами тұлға» кітабы, Тақаюддин Набахони;
«Ислам жүйесі» кітабы, Тақаюддин Набахони;
«Ислами нафсия негіздері» кітабы;
«Хизбут Тахрирдің саяси тұжырымдамасы» кітабы, Тақаюддин Набахони;
«Қалай Халифат қиратылған еді» кітабы, Абдул-Кадим;
«Ал-ваъй» журналы;
«Үнпарақтар» мерзімді басылымы, кітапшасы;
«Мұсылман елдерін басып алудың саяси мәселелері» кітапшасы;
«Исламды құрту үшін қауіпті ұғымдар және Батыс мәдениетінің шоғырлануы» кітапшасы;
«Ағайындар үшін ақпарат» кітапшасы;
«Ислам мемлекеті» Тақийюддин Набахони авторлығымен кітапша;
«Тапқырлық» Тақийюддин Набахони авторлығымен брошюра;
«Саяси пікірлер» кітапшасы;
«Халифалық мемлекетіндегі білім бағдарламасының негіздері» кітапшасы;
«Дүниетанымдар қақтығысының тұрақтылығы» кітапшасы;
«Хизби ұйымдасу» Тақийюддин Набахони авторлығымен кітапша;
«Хизбут Тахрир» кітапшасы;
«Хизбут Тахрирдің саяси түсініктері» кітапшасы;
«Қатерлі түсініктер» кітапшасы;
«Жігіттер үшін мәліметтер» кітапшасы;
«Хизбут Тахрир жігіттерінің Данияда өткізген екінші жылдық форумдары» кітапшасы;
«Халифалар» кітапшасы;
«Шэъри халқа «Жақсы салихалы әйел» кітапшасы;
«Қоғамға кіру» кітапшасы;
«XIII қыжырасы (XIX милади) ғасырдан бастап...» сөзімен басталған кітапша;
«Демократия күпір жүйесі оны қабылдау, тарату және оған шақыру харам», Абдул-Қадим Заллума кітапшасы;
«Иман жолы» кітапшасы;
«Хизбут Тахрирдің түсініктері» кітапшасы;

«Ислам пікірі жетекшілігі» кітапшасы;
«Хизбут Тахрирдің Ислам Уммасына, әсіресе күшке ие болғандарға үндеу хаты» кітапшасы;
«Саяси көзқарастар», Такийюддин Набахани кітапшасы;
«Хизбут Тахрир концепциясы», Такийюддин Набахани кітапшасы;
«Ислам мемлекетіндегі оқыту бағдарламасының негізі» кітапшасы;
«Өзгеріс», Махмуд Абдуль Карим Хасан кітапшасы;
«Жол», Ахамад Атыйята кітапшасы;
«Аллаһға тәуекел ету» кітапшасы;
«Өлім» кітапшасы;
«Демократия сенбеу жүйесі» кітапшасы, Абдул Кадим Заллум;
«Қоғамға ену» кітапшасы;
«Партиялық ынтымақ» кітапшасы, Такийюддин Набахани;
«Хизбут Тахрир бағдарламасы» кітапшасы;
«Шайтанның қулығы» кітапшасы;
«Ақида мен шарияттың арасындағы айырмашылық» кітапшасы;
«Ислам тұлғасы» кітапшасы;
«Дамыған және дамымаған ой» кітапшасы;
«Әмірге бағыну» кітапшасы;
«Құран және ғалам» кітапшасы;
«Үнпарақтар» кітапшасы;
«Расуллulloқа қарсы жасалған дөрекіліктің қасыреті мұсылмандарға: Исламды және мұсылмандарды қорғайтын Халифалықты құрындар деп жар салуда» үнпарағы;
«Ақиқи ахуалымыз қандай?» үнпарағы;
«Американың Ресей және Тәуелсіз мемлекеттер достастығына (ТМД) байланысты ұстанған саясаты» үнпарағы;
«Палестинаны қолдан беру бастамасына «атсалысу» саммиті» үнпарағы;
«Дүниетанымдар кездесуі кәпір Батыстың қатерлі айласынан өзге нәрсе емес» үнпарағы;
«Баспасөз мәліметі Сирия вилаятындағы Хизбут Тахрир мүшелерінің тұтқындалуына қарамастан, Халифалықты құру мақсатымыздан мүлдем бас тартпаймыз» үнпарағы;
«Дәрменсіз жағдайға түсіп қалған Өзбекстан режимі Британияны Хизбут-Тахрирге тыйым салуға үндеуде» үнпарағы;

«Барлық мекендердегі құрметті бауырлар» үнпарағы;
«Үкім сұрап Ислами шариғаттың нұр және әділетіне бет бұрындар, сондай-ақ, «халықаралық тексеру комиссиясы» жөніндегі жанжалдың отын өшіріңдер» үнпарағы;
«Хизбут Тахрирдің Ливан вилаяты бөлімінен министрлер кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нажиб Майқотиге АШЫҚ ХАТ» үнпарағы;
«Жігіттер үшін мәліметтер Кашмирдегі жаңалықтар» үнпарағы;
«Британия үкіметі шариғат пен Халифалық мемлекетіне шабуыл жасаумен шынайы ниетін әшкереледі» үнпарағы;
«Түркиядағы мүмін әйелдер, Аллаһ жолында айыптаушының айыбынан қорықпай, шындықты айтуда» үнпарағы;
«Ей, мұсылмандар, әсіресе ислами әрекеттер! Америка Құрама Штаттарының тұзағына түсіп қалудан сақ болыңдар» үнпарағы;
«Жігіттер үшін саяси мәліметтер Түркия әділет министрлігіне қарсы шабуылдауға ұмтылу» үнпарағы;
«Расулulloқа қарсы жасалған дөрекіліктің қасіреті мұсылмандарға: Исламды және мұсылмандарды қорғайтын Халифалықты құрыңдар деп жар салуда» үнпарағы;
«Алжир режимінің дұшпандармен байланыстарын қалыпқа келтіру үшін жүгіруі ХАЛИФАЛЫҚ мемлекетінің құрылуына кедергі бола алмайды» үнпарағы;
«Ислам қаһармандарының бірі» үнпарағы;
«Үкіметті құру қайтадан бастау деген сөз» үнпарағы;
«Үкімет атынан сөз сөйлеуші әділет министрі Жамил Чечакқа» үнпарағы;
«Баспасөз мәліметі. Палестина мәселесінің жалғыз шешімі – заңсыз (Израиль) мемлекетін талқандау» үнпарағы;
«Баспасөз мәліметі. Шаронмен көрісу – мұсылмандардың артына пышақ сұғу» үнпарағы;
«Баспасөз мәліметі. Шығыс Амбалат үстіндегі Индонезия мен Малазия ортасындағы жанжал» үнпарағы;
«Сұрақтарға жауаптар» үнпарағы;
«Франкофонияның не екендігін білесіздер ме!?» үнпарағы;
«Экономикалық дамуды көре алмау» үнпарағы;
«Сұраққа жауап» үнпарағы;
«Италиялық басқыншы күштердің бір батальоны жетіп келгендігі жөніндегі баспасөз мәліметі» үнпарағы;

«Ал-Хаят» газеті, құрметті публицист журналист Мумин Ғоли» үнпарағы;

«Бадрон үкіметінің министрлік баяндамасы атқару үшін емес, сенімге кіру үшін дайындалған» үнпарағы;

«Ливан мен Сирия ортасындағы «жасанды шекаралардың шиеленісуі» үнпарағы;

«Хизбут Тахрирдің Түркия вилаятындағы бөлімінен құрметті ұстаз Фетхуллаһ Гүлен мырзаға АШЫҚ ХАТ» үнпарағы;

«Ей, қайыршылар, сол үшін мазасызданып жатырсыңдарма?!» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Кашмир жайындағы Мушарраф пен Американың жоспарларына қарсы тағы да бұқаралық шерулер» үнпарағы;

«Хизбут Тахрир» аты әскери – материалдық іс-әрекеттерге неге мұнша қиқарлықпен араластырылуда?!» үнпарағы;

«29 қазан республика күні» мейрам емес» үнпарағы;

«Кәпірлердің бағдарламалары Исламды жеңіліске ұшырату үшін жасалып жатқан әрекеттерден басқа нәрсе емес» үнпарағы;

«Хизбут Тахрирдің Түркиядағы ресми өкілінің басқармасы. Жақында Аллаһтың қалауымен – құрылатын Халифалық орамалға шүйліккен қол мен тілдердің жауыздығына шек қояды» үнпарағы;

«Ей, Ислами жамағаттар! Және барлығың Аллаһтың арқанына (Құранға) байланыңдар және бөлінбеңдер» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі» үнпарағы;

«Түркияның Еуропа одағына мүше болуы үшін өткізілетін келіссөздер алдаудан басқа нәрсе емес» үнпарағы;

«Түркия Жоғарғы ұлттық кеңесінің төрағасы Бюлент Аринчке» үнпарағы;

«Ей, залымдар, мазаларың қашсын! Ей, мұсылмандар қуаныңдар! Аллаһтың рұқсатымен дарбазаның ашылуына немесе алып тасталуына аз қалды» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Абией... алдағы пітнә» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Осло және жалған уәделер» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Өтпелі кезең конституциясын ұлттық мәжіліс арқылы өткізуге тырысу Аллаһқа, Оның Елшісіне және мүміндерге жасалған қиянат» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Қауіпсіздік және жауапсыздық» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Оппозиция ма немесе есеп-қисап алу ма?!» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Аллаһтың жолынан тосуда» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Оппозиция зайырлы конституция арқылы Батысқа жақындатуда» үнпарағы;

«Ғұламалар мен мешіт имамдарына үндеу: Өлкелерді уақытша конституциямен зайырлы болып кетуінен алдын сақтап қалындар» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Хизбут Тахрир Пәкістан-(Израиль) байланыстарының мейлінше күшейіп бара жатқанына қарсы шеру және жүріс өткізді» үнпарағы;

«Баспасөз мәлімдемесі. «Newsweek» журналын барлық нәрсеге жауапкер етумен Америка өзінің Исламға дұшпан екендігін жасыра алмайды» үнпарағы;

«Баспасөз мәлімдемесі. Мушаррафтың Кашмир мәселесіне «жаңа қалыппен араласуы» оның бұл мәселеде толық шегінгендігін теріске шығаруға болмайтынын растайды» үнпарағы;

«Баспасөз мәлімдемесі. Интеллектуалды авторлық құқықтар арқылы Батыс Пәкістанды ғылыми және өнеркәсіптік дамудан тоқтатып қалмақшы» үнпарағы;

«Хизбут Тахрир Кашмирді бөліп тастау бойынша империалистік «жол картасына» қарсы наразылық шеруін ұйымдастыруда» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Хизбут Тахрир Ислами Үмметтің Пәкістан солтүстігінде орын алған зілзала құрбандарына көмек көрсету әрекеттеріне толық қатысуға шақырды» үнпарағы;

«Баспасөз мәлімдемесі. Мушарраф Кашмирдің «өзін-өзі басқаруы» жөнінде жасаған баяндамасы Кашмирді тізе бүктіретінін жариялауы» үнпарағы;

«Жақында қабылданған мемлекет бюджеті Пәкістанның Батысқа экономикалық тәуелділігін одан сайын арттырады» үнпарағы;

«Пәкістанның сатқын басшылары мұсылмандарды союға, мешіттерін ойрандауға шақырған мына Адваниге алғыс айтуға асығуда» үнпарағы;

«Американың Гуантанамо абақтысында Құранды аяқ асты етіп жатқанына қарсы БАСПАСӨЗ МӘЛІМЕТІ» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Йеменде пікір үшін нақақ қам ау әрекеттері пікірге қарсы озбыр тыйымды күшейтуде» үнпарағы;

«Баспасөз мәлімдемесі. Бангладеш ұлттық партиясының үкіметі бұрынғы Авоми лигасының үкіметі тәрізді Бангладеш халқының қауіпсіздігін мүлдем қамтамасыз ете алмады» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Хизбут Тахрир Құранның Гуантанамодағы америкалық сарбаздардың қолында қорлануына қарсы шығып, үлкен шеру өткізді» үнпарағы;

«Экономикалық клуб жиналысы жалған уәделер және күмәнді кездесулер» үнпарағы;

«Қырғызстаннан таралған ізгілік сәулесі» үнпарағы;

«Өмір істерінде Ислам жолын ұстану мұсылмандарға парыз» үнпарағы;

«Жігіттер үшін мәлімет» үнпарағы;

«Көрмейді ме, олар жыл сайын бір-екі рет бәлеге-пітнәға (алдап-арбауға) жолығуда. Содан кейін де, тәубе де қылмайды, үгіт-насихат аталмайды» үнпарағы;

«Сауалдарға жауаптар» үнпарағы;

«Сауалдарға жауап» үнпарағы;

«Құрметті бауырымыз, «Жол» газетінің бас редакторы» үнпарағы;

«Су көздерін жекешелендіру заңын жоюлары жайында Баспасөз мәліметі» үнпарағы;

«Алжир режимінің дұшпандарымен байланыстарын қалыпқа келтіру үшін жүгіруі ХАЛИФАЛЫҚ мемлекетінің құрылуына кедергі бола алмайды» үнпарағы;

«Рамазан айын қалай күтіп алдыңыз және онымен қалай қоштасып жатырсыз?» үнпарағы;

«Пайғамбардың соңғы (Қоштасу) құтпасы» үнпарағы;

«Паттани қасіреті де Палестина қасіретіне ұқсайды» үнпарағы;

«Ақиқат (яғни, Ислам) келді де, жалған (яғни, күпірлік) жойылды. Өйткені, жалған-күпірлік жойылушы нәрсе! Құрметті, Қазақстан және Орта Азия мұсылмандары!» үнпарағы;

«Иорданиядағы Хизбут Тахрир тарапынан Амманда өткізілген бірінші халықаралық ислами форумға қатысқан ғалымдар мен ойшылдарға АШЫҚ ХАТ» үнпарағы;

«Самарадағы оқиға Американың ісі. Одан мақсат – мұсылмандардың ортасына іріткі салу» үнпарағы;

«Америка мен Еуропа Шам өлкелері үстінде күресуде. Ей, мұсылмандар, олардан сақ болыңдар!» үнпарағы;

«Хизбут Тахрирдан Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа АШЫҚ ХАТ» үнпарағы;

«Бас партиясының съезі – Сирия президентінің жаңа әкімшілігін құру және Америка әкімшілігінің талаптарымен үйлесуді тездету үшін орта қалыптастыру съезі» үнпарағы;

«Еш нәрсені қалдырмастан жоятын пітнадан сақтаныңдар» үнпарағы;

«Мұсылмандар тек Ислами халифалық құрылуы арқылы қайта үстемдіктеріне қайтуларын түсінуіне сексен үш жыл жетпеді ме?» үнпарағы;

«Америка Иракта бұзық ойын арқылы пітнаны өршітуде. Ей, мұсылмандар, бұл пітнадан САҚ БОЛЫҢЫЗДАР» үнпарағы;

«Кім көркем заң шығарушы – Жаратушы Аллаһ па, әлде жаратылған адам ба?» үнпарағы;

«Рамазан сұхбаты» үнпарағы;

«Үкім сұрап Ислами шарифаттың нұр және әділетіне бет бұрыңдар, сондай-ақ, «халықаралық тексеру комиссиясы» жөніндегі жанжалдың отын өшіріңдер» үнпарағы;

«Хизбут Тахир – Марокко: Ислам Үмметіне Рамазан айты мүбәрәк» болсын! Ол Үмметті пайғамбарлық жолы негізіндегі тура Жолдағы Халифалық мемлекетінің құрылуына алып келсін» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Исламнан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған демократиялық жүйені бүгінгі күнде атқаруға болады екен, олай болса неліктен Аллаһ Тағала түсірген Ислам атқарылмай жатыр?» үнпарағы;

«Баспасөз мәліметі. Пікір және еркіндік атты жалған» үнпарағы;

«Халықаралық тексеру комиссиясын жіберу қарары жайындағы мәлімет» үнпарағы;

«Ей, Палестина мұсылмандары!» үнпарағы;

«Ақиқат келді, содан соң жалғандық жоғалды; шыныменде, жалғандық жоғалатын нәрсе! Құрметті Қазақстан және Орталық Азия мұсылмандары!» үнпарағы;

«Андижандағы трагедияға байланысты» үнпарағы;

«Ливан қаны Америка-Франция күресі «базарында» қатігез қарар және мұсылман басшыларының құттықтауы мен іріткіге ауыз біріктіру арқылы сатылуда!» үнпарағы;

«Бізге Ирак вилаятынан Хизбут Тахрирден төмендегі мәліметтер келді» үнпарағы;

«Сауалдарға жауаптар» үнпарағы;

«Әділет тек Исламда ғана бар» үнпарағы;

«О, мұсылман әскері! Араларыңызда Ислам мен мұсылмандарға, сонымен қатар олардың ары мен дербестігіне түзу қарайтын діндар адам табылмағаны ма?» үнпарағы;

«Ливан жануда.. Ал басшылар одан ләззат алып тамашалап тұр!!!» үнпарағы;

Электронды мәтіндік құжат «Халифатсыз күндер тым ұзарып кетті»;

Электронды мәтіндік құжат «Тек Халифат арқылы ғана сіздер жеңіске жетесіздер!»;

«Аль-Фарида Аль-Гаиба», Абдель Салыма Фарага кітабы;

«Джамиуль Фарид» (Исламдық үндеу имамдарының кітаптар жинағы) кітабы;

«Аъзабуль Асда ма сайруль узама» (Ұлылар тарихынан жағымды жаңғырық), Аид ибн Абдулла Аль-Карни кітабы;

«Аль-Фауаид» (Пайда кітабы), Шамсудин абу Абдулла Мухаммад ибн Кайим Аль-Джаузия кітабы;

«Аль-Акидатуль-Исламия уаль-фикруль Маасыр» (Исламдық наным- сенім және қазіргі ой)), Мухаммад Сайд Рамадан Аль-Буты кітабы;

«Маджмахуль Фатауа» (Фәтуалар жинағы), Фахд ибн Насыр Ас-Сулейман кітабы;

«Фанну Тадхуид» (Таухид өнері), Иззат Убайд Даас кітабы;

«Джихад на пути Аллаһа», Сайд ибн Али ибн Уахф Аль-Кахтани кітабы;

«Шахадатуль Ислам» (Ислам куәлігі), Мухаммад Джамиль Зину кітабы;

«Китабу Таухид» (Бірқұдайлық кітабы), Мухаммед бин Абдуль Ваххаб кітабы;

«Баян ат Таухид» (Бірқұдайлықты түсіндіріп беру), Абдульазиз бин Абдулах бин Абдурахман бин Баз кітабы;

«Акидаду сахих Уамаядадуха», Абдульази бин Абдула бин Абдурахман бин Баз кітабы;

«Хашиетуль усуль», шейх Уль ислам Мухаммед бин Абдуль Ваххаб кітабы;

«Фатау Таухид», Изат Убайд Даас кітабы;
«Шарх саясатуль Усуль», Аль-Имам Мухаммед Абдул Ваххаб Ат Тамими кітабы;
Аудиожазба «Тәуба» «Покаяние» Шейх Набиль Аль-Ғуады;
Аудиожазба «Соңғы сағаттын белгілері», Шейх Набиль Аль-Ғуады;
Аудиожазба «Мусу фа тарихы (оның мерейі өссін)», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба «Тайфға саяхат», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба «Бадр жанындағы шайқас», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба «Ухуд жанындағы шайқас», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба «Аллаһқа апарар жол», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба «Қайғырма», Шейх Айд Аль-Карани;
Аудиожазба сур: «Ахкаф» (Құмдар), «Мухаммад», «Фатх» (Женіс), «Хужрат» (Бөлмелер), «Каф», «Табарак» (Билік), «Калам» (Жазу таяғы), «Хакка» (Болуға тиісті), «Маариж» (Баспалдақтар), «Нух», «Джинны», «Музаммилъ» (Қайырылған), «Муддасир» (Қайырылған), «Кияма» (Қайта тірілу), «Инсан» (Адам), «Мурсалат» (Жіберілгендер), «Аль-Бакара» (Сиыр), Шейх Мишари Рашид;
«Аль-Аъраф» сүресінің аудиожазбасы (Бөгеттер), Шейх Фарис Уббад;
Аудиожазба «О, екі қасиетті жерге табынушылар», Тарик Джабир;
Аудиожазба «Абыройдың жарасы», Тарик Джаби;
Аудиожазба «Бұрынғының өзі жеткілікті», Абу Абдуль Малик;
Аудиожазба «Өкінішке тұрарлық», Абу Абдуль Малик;
Аудиожазба «Батылдар», Абу Абдуль Малик;
Аудиожазба «Сопылық деген не?»;
Аудиожазба «Ата-анаға қайырымды болу», Абу Мухаммад;
Аудиожазба «Жихад заңы»;
Аудиожазба «Можихид анты»;
«Рисалютун фи маъна Тагут» (Тагут мағынасы туралы Жолдау (әзәзіл), Мухаммад ибн Абдуль Ваххаб;
«Бала мен Билеуші», Абу Басыр Ат-Тартуси;
«Такфир-хукмулла фаайна тазхабун?» (Сенбеушілікті айыптау – Аллаһның заңы. Сіз қайда барасыз?), Абу Басыр Ат-Тартуси;
«Исламды жарамсыз ететінді түсіндіру», Сулейман ибн Насыр Аль-Ульван;

«Ирджа уаль Мурджия», Торик Абдуль Халим;
«Кім сенбеушіні кәпір демесе, онда оның өзі кәпір», – деген ереже төңірегінде», Насыр ибн Хамдуль Фахд;
«Жеңілген топтың наным-сенімі: Иман және оны жойылуы», Абдуль Маджид ибн Мухамад Муниъ;
«Пұтқа табынушылар әскерлері мен заң (зайырлы) көмекшілерін қорғаушылардың дәйекті емес екенін көрсету», Абу Мухамад Макдиси;
«Шейх Әбу Мұхамад (Макдиси) туралы хабарлардан, Аллаһ оны азат етсін»;
«Имам-салафиттердің муржиттерді айыптаған сөздерінен қысқаша мәлімдеме», автор: Абу Абдулла Ат-Туниси;
«Сауд мемлекеті және Ибн База мен Ибн Усайминның оған қатынасы», Абу Мухамад Макдиси;
«Тагутты қорғайтын барлық қызметтердің қызметкерлерін жоюға рұқсат алу» кітапшасы, Шейх Абу Джандал Аль Азади;
«Барлық мұсылмандар мен ислам әлемінің бастаушыларын жанайқаймен шақыру» кітапшасы, Жалал Алим;
«Керуенге қосылыңыз» кітапшасы, Абдулла Аззам;
«Аль-Альманийя (зайырлы өмір салты) және оның жиіркенішті нәтижелері» кітапшасы, Мухаммад Шакир аш-Шариф;
«Біз адасқандармыз» кітапшасы, Шейх Хусейн ибн Махмуд;
«Исламдағы ұйым» кітапшасы.

Дереккөздер: www.meshet.kz/ru/lib1_22-b-85-p-1.html , www.mdvd.kz

3 қараша 2011 ж. жаңартылды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАР ТІЗБЕСІ

«**Асбат-эл-Ансар**» 1985 жылы Ливанда Сайд қаласы маңында «Айн эл-Хильва» палестиндік штаб-пәтерінде шейх Хишам Шрейди негізін қалады. Топ жасырын жағдайда қызмет етеді. Оның қызметінің негізгі түрі «терроризмді саудалау» болып табылады, яғни тапсырыс бойынша акциялар өткізу және басқа экстремистік ұйымдарға арнайы дайындықтан өткен содырларды ұсыну.

«**Мұсылман ағайындар**» қоғамы 1928 жылы негізі қаланды. Ұзақ жылдар бойы «ағайындық» Құранның «қасиетті соғыс» туралы негізгі ұстанымдарына сүйеніп, айқындалған идеологиялық ілімі болған емес. Тек 1980-1990 жылдары қоғамға кірген барлық ұйымдар уахабизмді біртұтас идеология ретінде қабылдады, ол өз кезегінде олардың бірігуін біршама қамтамасыз етті. Негізгі қызметі: содырларды тарту және даярлау, әлемнің бірқатар аймақтарында қарулы қақтығыстарға қатысу, сепаратистік элементтерге идеологиялық, әскери және қаржылық көмек көрсету.

«**Әлеуметік реформалар қоғамы**» – Эль-Кувейттегі штаб-пәтері бар ұйым (Кувейт). Үкіметтік емес қайырымдылық ұйым мәртебесі бар, қайырымдылық бағдарламаларына арқа сүйей отырып «Мұсылман ағайындар» қоғамының ислам мемлекеттерінің зайырлы үкіметтерін қирату сияқты басты мақсатын алға жылжытады.

«**Талибан**» ультраконсервативті радикалды қозғалысын 1994 жылы пакистандық бір топ колледж студенттері қалыптастырған, оның мүшелері негізінен оңтүстік Ауғанстанның Қандағарындағы пуштундар. Талиптер елде барлық «мұсылман емес нәрселерді», оның ішінде мәдениетті жоюдың фанатикалық саясатын жүргізеді. Мәселен, 2001 жылы Бамиан қырқасындағы ЮНЕСКО-ның бүкіл адамзаттың Будда статуясын қиратуы.

«**Боз Гурд**» – бұл 1948 жылы Түркияда пайда болған радикалды пантүркілердің әскери ұйымы. 1968 жылы «Ұлы идеалистік бірлестік» және «Түркілік демократиялық идеалистік бірлестіктердің федерациясы» деген екі жартылай әскери ұйымдармен бірікті. Қалыптасқан альянс бағдарламалық негіздері әсіре ұлтшылдық ұстанымдарына сүйенетін ұлттық қозғалыс Партиясына өзгерді.

«**Әл-Каида**» («**База**») – 1988 жылы Ауғанстанда Усама бен Ладен негізін қалады. Мақсаты – әлемде «мұсылмандық мемлекетті

орнату». Қазіргі уақытта «Әл-Каида» бұтақталған халықаралық құрылымға айналған: әлемнің ешқандай «ыстық нүктесіндегі» оқиғалар оның қаржылық немесе басқалай қатысуынсыз болмайтыны дерекке айналған.

«Орталық Азия можахедтер жамағаты» халықаралық террористік ұйымы «Әл-Каиданың» құрылымдық салаларының бірі болып саналады. Заңды емес әскери құрамаларға қаржылық көмек көрсетеді, содырларды даярлауға қатысады және оларды «әлемнің ыстық нүктелеріне» жіберумен айналысады.

«Лашкар-и-Тайба» – уахабшыл бағыттағы пакистандық әскери лаңкестік топ, 1990 жылы ауғандық шет аймақ Қунарда негізі қаланды. Ұйымның басты мақсаты – Орталық Азия мемлекеттеріне, басқа мемлекеттердің мұсылмандық аймақтарына өзінің әсер ету ауқымын кеңейту болып табылады.

«Шығыс Түркістан ислам партиясы» – өткен ғасырдың 90-жылдардың басында қалыптасқан ҚХР СҰАР ұйғыр тұрғындарының әскери діни-саяси ұйымы. Мақсаты – Шығыс Түркістан тәуелсіз ислам мемлекетін қалыптастыру. Ұйымның негізгі қызметі бүлдіруші және насихаттық жұмысқа бағытталған.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» (1995 ж.) – ұйымның іс-әрекеті Өзбекстанда және басқа ТМД елдерінде лаңкестік діни ұйымдарды қалыптастыруды мақсат қойған шетелдік клерикалды орталықтармен бағытталады және демеушіленеді. Жақын арадағы мақсаттар: диверсия жасау, террорлық актілер, әскери актілерді жоспарлау және жүргізу, шекараларды арандату, кепілдікке ұстау арқылы Өзбекстандағы ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыру. Қару мен есірткіні контрабандалауда қатысу.

«Хизб-ут-Тахрир-аль-Ислами» 1950 жылдардың басында Палестинада қалыптасты. Егер бірнеше жылдар бұрын ол туралы әскери жихадты ұйымдастыру бойынша ашық әрекеттерді қарастырмайтын құрылым деп айтатын болса, енді эмиссарларының есімдерін террорлық актілерді жасаумен тікелей байланыстырылады. «Хизб-ут-Тахрир» өзін біртұтас теократиялық мемлекет – халифатты қалыптастыруды мақсат еткен саяси партия деп есептейді. Оның мүшелерінің ұмтылысы – «бүгінгі таңда бүкіл әлемді билеп тұрған дінсіздердің үстемдігінен толық азат болу».

«Аум Сенрике» (қазіргі уақытта «Алеф») – Жапонияда 1984 жылы дүниеге келген діни секта. Оның идеологиялық базасының

негізінде адамдардың психикалық және физикалық денсаулығына нұқсан келтіретіндей және өлтіруге дейін баратын антиәлеуметтік идеяларды насихаттайтын аса реакциялық культ жатыр.

«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы» Түркияда 1996 жылы пайда болды. ҚХР СҰАР және Орталық азиялық мемлекеттердің аумақтарында әскери күрес пен террорлық актілерді жасау арқылы дербес мемлекеттерді қалыптастыруды мақсат етеді. Олардың мүшелері сепаратистік идеяларды насихаттаумен, қарулар мен жарылғыш заттарды сатып алумен және контрабандамен, жаңа мүшелерді өз қатарына тартумен және оларды халықаралық террористік ұйымдардың лагерлерінде оқытумен, өте қатыгез содырлық актілермен және азаматтарды өлтірумен айналысады.

«Күрдік халықтық конгресс» («Күрдік жұмысшы партиясы») 1978 жылы қалыптасты және содырлық құрылымдары бар әскери-саяси ұйым болып табылады: Күрдістан азат ету ұлттық майданы (ENRK), Астаналық кек алушы тобы, Күрдістан халықтық азат етуші армиясы (ARGK). Партияның ұраны ретінде «біртұтас, тәуелсіз, демократиялық Күрдістанды» қалыптастыру жарияланды.

«Халифат сарбаздары» – ҚР аумақтарында жихад жасау мақсатында 2011 жылы жазда Қазақстан азаматтары Ринат Хабидолла, Орынбасар Мунатов және Дамир Зиалиевтар қалыптастырған исламистік топ. «Халифат сарбаздары» кейбір ақпараттарға сүйенетін болсақ, онда ол елдегі саяси орнықтылықты тұрақсыздандыруды мақсат еткен Қазақстандағы терроршыл әрекеттерді жасауға жауапты ӨИҚ құрылымдық бөлімдерінің бірі болып саналады.

Атырау қалалық сотының 2011 жылғы 25 қарашадағы шешімі бойынша бұл ұйым терроршыл деп танылды және Қазақстан аумағында оның қызметіне тыйым салынды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлем діндері анықтама бойынша елдер мен халықтарға бейбітшілік алып келеді. Олар күнәлі өмір мен адамдар арасындағы жауласуға қарсы күресуге шақырады. Бұл діннің әлеуметтік және саяси мағынасындағы негізгісі. Діни сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда олардың осы мазмұнына арқа сүйеміз керек. Терроризмнің қауіптерін төмендетудегі діннің мүмкіндіктерінің өзі осы концептуалды негіздермен байланысты болып отыр.

Қазіргі заманның адамы «діни келбетті» терроризм туралы көп естіген. Бірақ олар экстремизм мен терроризмге қарсы сол діндердің өздері іштей жүргізетін күресі жөнінде аз біледі. Әсіресе, ислам көшбасшылары, ірі оқымыстылар, беделді мүфтилер және имамдар терроризмге қарсы фәтуалар шығарады (ол фәтуалардың кейбіреулері осы жинақта келтірілген). Діни көшбасшылардың барлық форумдары, кездесулері, съездері (ондай іс-шаралар көптеп өткізіледі) діннің бейбітшіл және ізгілік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға шақырған қорытынды құжатты қабылдаумен аяқталды. Өкінішке орай, бұл құжаттардың көбісі кең жұртшылыққа белгісіз. Сайып келгенде, бұл құжаттарды көлемі көбірек таралыммен жариялау керек.

Сөйтп, дін тарапынан терроризмге қарсы әрекет ету бар деуге болады және діннің дәйектемелері өте терең және қомақты. Бірақ лаңкестер мен содырлар ақпараттық соғыста жеңіске жетуде: олар дінді өздері ұмтылатын қарсылық күші ретінде бұрмалап көрсетуде. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі діннің ұстанымын көпшілікке белгіле ете түсу керек. Оны көптеген құралдар арқылы, оның ішінде тақырыптық семинарлармен және тиісті материалдарды жарыққа шығару арқылы жасауға болады. Сондықтан осы жинақ бастаған жұмысты әрі қарай жалғастыру керек.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Шаукенова Зарема Каукенқызы – ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану
ғылымдарының докторы, профессор

Әбасаттар қажы Дербісәлі – Шейх

Бабаджанов Б.М. – Өзбекстан Республикасы ҒА Шығыстану
институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы

Байдаров Еркін Ұланұлы – ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Философия және саясаттану институтының ғалым-хатшысы,
философия ғылымдарының кандидаты

Бурова Елена Евгеньевна – ҚР БҒМ ҒК Философия және
саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері, философия
ғылымдарының докторы, профессор

Косиченко Анатолий Григорьевич – ҚР БҒМ ҒК Философия
және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері, философия
ғылымдарының докторы, профессор

Курганская Валентина Дмитриевна – ҚР БҒМ ҒК Философия
және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері, философия
ғылымдарының докторы, профессор

Мұхаммад-Хусайн қажы Алсабеков – Бас мүфтидің
орынбасары, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының
төрағасы, Шейх уль-Ислам Наиб мүфтиі, философия ғылымдарының
докторы

Мұхаммад Сейид Тантави – Шейх

Нұрғалиева Мадина Маратқызы – ҚР БҒМ ҒК Философия
және саясаттану институты аға ғылыми қызметкері, саясаттану
ғылымдарының кандидаты

Соловьева Грета Георгиевна – ҚР БҒМ ҒК Философия және
саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері, философия
ғылымдарының докторы, профессор

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріспе | 3 |
| Шаукенова З.К. Дәстүрлі діндер экстремизм мен терроризмге тойтарыс берудің жолдарын іздеуде..... | 6 |
| Мухаммад-Хусайн қажы Алсабеков. Өзің өзгермейтін болсаң әлемде өзгермейді..... | 10 |
| Қазақстан православиелік шіркеуі синоды істерін меңгеруші Епископ Геннадий Каскеленский | 16 |
| | |
| I бөлім. Қазақстандағы діни экстремизм: сын-қатерлер мен қарсы әрекеттер | |
| Байдаров Е.Ұ. Жаһандану үдерістері аясындағы Қазақстандағы исламдану үрдістері..... | 21 |
| Бурова Е.Е. Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни ұйымдары өкілдерінің мінез-құлықтары мен санасының экстремизациялану технологиялары..... | 30 |
| Косиченко А.Г. Экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы дәстүрлі діндердің мүмкіндіктері..... | 39 |
| Курганская В.Д. Қазақстандағы діни экстремизмнің интенсификациялану факторлары және оған қарсы әрекет ету жолдары..... | 46 |
| Нұрғалиева М.М. Қазақстандағы діни экстремизм сын-қатері: қарсы тұруға дайын болу..... | 58 |
| Соловьева Г.Г. Дәстүрлі діндердің діни экстремизмге қарсы әрекет етуі: зерде мен сенім..... | 68 |
| | |
| II бөлім. Діни пиғылдағы экстремизм мен терроризмге қатысты әртүрлі діни конфессиялардың көшбасшыларының үндеуі | |
| Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. Еркіндік жүгенсіздікпен байланыстырылмауы керек | 75 |

| | |
|--|----|
| Б.М. Бабаджанов. Кімде кім озбырлық діни идеологияны жақтаса, өздері оның құрбанына айналады..... | 80 |
| Қазақстан мүфтияты елдегі уахабшылардың ісіне тыйым салуды сұрайды..... | 91 |
| Орыс Православие Шіркеуінің Архиерейлік Соборының экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеті туралы..... | 92 |

III бөлім. Терроризмге қарсы фәтуалар және дін көшбасшыларының кездесулер нәтижесінде қабылданған қорытынды құжаттары

| | |
|---|-----|
| Ислам әлемі діни ғұламаларының мұсылман бірлігі мен сенбеушілігі жайындағы айыптаулары туралы..... | 94 |
| Дар уль-Улюм Деобанд басшысының фәтуасы (Дар уль-Улюм Деобанд фәтуа бөлімінің үш ассистенті мен Бас мүфтіі қолы мөрімен расталған)..... | 97 |
| Қырғызстан аумағындағы «Хизб ут Тахрир әл-Ислами» діни – экстремистік партиясын айыптау фәтуасы..... | 100 |
| Ю.Кардави фәтуасы. Озбырлық пен қысымға Исламның көзқарасы қандай?..... | 101 |
| Шейх Мухаммед Сейид Тантави. Мұсылман еместерге Исламның төзімділігі..... | 103 |
| Дін көшбасшыларының Дүниежүзілік саммитінің қорытынды құжаты (Баку, 2010 жылы, сәуірдің 26-27 жұлдызы)..... | 109 |
| Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері III съезіне қатысушылардың үндеуі (Астана, 2 шілде 2009 ж.)..... | 113 |

Қосымшалар

| | |
|---|-----|
| «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы № 483-IV Заңы | 116 |
| Қазақстан Республикасы аумағында тыйым салынған экстремистік материалдар тізбесі..... | 133 |

| | |
|---|-----|
| Қазақстан Республикасында тыйым салынған діни ұйымдар тізбесі..... | 144 |
| Қорытынды..... | 147 |
| Авторлар туралы мәліметтер..... | 148 |

Ғылыми баспа

**ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ
ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ РӨЛІ**

Бұл әдістемелік материалдар жинағы Алматы қаласы ішкі саясат Басқармасының қолдауымен «*Конфессияаралық келісім мен төзімділік сананы қалыптастыруды насихаттау шараларын жүргізу*» әлеуметтік маңызы бар Жобасын орындау бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс ауқымында «*Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі*» атты конференцияның қорытындысы бойынша ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының ұжымымен баспаға дайындалды.

Редактор *Г.А. Турлина*

Компьютерде беттеген *Г.И. Нусипова*

Басуға 21.12. 2011 ж. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.

Офсетті қағаз. «RISO»-да басылған.

Көлемі 9,43 б.т. 200 дана.

«АЛМАТЫЖАРНАМА» МКК типографиясы

Алматы қ. Досмұхамедов көшесі, 89А